Білім алушыларға экспедициялар, шығармашылық конкурстар, зерттеу жұмыстары және дәстүрлерді қайта құру арқылы ата-баба мұрасын зерттеуге мүмкіндік беретін «Мәдени мұра» және «Ұлы дала ұрпақтары» сияқты мұражай-білім беру жобалары ерекше маңызға ие.

Мектеп мұражайлары мен этнографиялық кабинеттер рухани-адамгершілік тәрбиенің орталығына айналады, онда білім алушылар ұрпақтар сабақтастығы мен мәдени бірегейліктің маңыздылығын түсінеді.

Заманауи бағыттар мен инновациялық формалар

Қазіргі заманғы идеологиялық тәрбие мәдени мұра арқылы цифрлық технологиялар мен жобалық оқытуды белсенді қолданады.

Ұлттық мәдениет пен құндылықтарды насихаттауға бағытталған онлайн-платформалар, виртуалды мұражайлар мен білім беру ресурстары құрылуда.

Мектепте білім алушылар Қазақстанның тарихын, фольклорын, сәулеті мен музыкасын зерттеп, оларды өздерінің жеке және ұлттық дүниетанымының бір бөлігі ретінде түсінеді.

Отандық тәжірибе көрсеткендей, мәдени мұра арқылы идеологиялық тәрбие жеке тұлғаның құндылық сәйкестігін қалыптастырудың қуатты құралы болып табылады.

Тәрбиенің экожүйелік тәсіліне сүйену және «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру отбасы, мектеп, қоғам және мәдени институттардың күш-жігерін біріктіруге мүмкіндік береді. Нәтижесінде Қазақстан азаматының – адал, жауапты, рухани бай, өз халқының дәстүрлерін құрметтейтін және әлеммен ынтымақтастық үшін ашық тұлғасын дамытуға бағытталған тұтас тәрбие жүйесі қалыптасады.

Мәдени мұра арқылы идеологиялық тәрбиеде экожүйелік тәсілді қолдану мәдени дәстүрлер білім көзі ғана емес, сонымен бірге азаматтық бірегейлік пен адамгершілік бағдарларды қалыптастыру құралына айналатын біртұтас білім беру кеңістігін құруға мүмкіндік береді.

Шетел тәжірибесі (Жапония, Финляндия, Оңтүстік Корея, Франция) және отандық тәжірибе Қазақстанның «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы тәрбие процесінің барлық субъектілерінің кешенді өзара іс-қимылы арқылы тұрақты нәтижеге қол жеткізілетінін көрсетеді. Бұл мектептегі тәрбие саясатын жаңартуды, мұғалімнің мәдени диалогтың фасилитаторы ретіндегі ролін қайта қарастыруды және тәрбие нәтижелерінің мониторингі жүйесін қалыптастыруды талап етеді.

Мәдени мұраны оқу-тәрбие процесіне интеграциялау.

Ұлттық мәдениет, дәстүр, өнер, әдебиет және жергілікті тарих элементтерін білім беру іс-шараларына, жобаларға және гуманитарлық цикл сабақтарына енгізілген.

Мектептің білім беру экожүйесін қалыптастыру.

Тәрбие бастамаларын бірлесіп іске асыру үшін мектептің мұражайлармен, кітапханалармен, этномәдени орталықтармен, қоғамдық ұйымдармен және ата-аналармен серіктестік байланыстарын жолға қойылған.

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру.

Бағдарламаның негізгі құндылықтарын білім алушылардың идеологиялық және адамгершілік тәрбиесінің негізі ретінде пайдаланылады.

Педагогикалық құзыреттілікті дамыту.

Экожүйелік тәсіл және мәдени-құндылық тәрбие мәселелері бойынша педагогтер үшін әдістемелік семинарлар мен курстар ұйымдастыру кезең кезеңмен каскадтық әдіспен жүзеге асырылды.

Тәрбие нәтижелерінің мониторингін енгізу.

Білім алушылар мен ата-аналарды бақылау, өзін-өзі бағалау, сауалнама жүргізу, сондай-ақ құндылық бағдарларын қалыптастыру динамикасын талдауды қамтитын бағалау жүйесін құрылды. Зерттеу нәтижесі бойынша мониторинг жүргізілген.

Мектептегі мәдени мұра жобаларын құру.

Зерттеу және еріктілер жобалары, цифрлық көрмелер мен дәстүрлер фестивальдері арқылы мәдени мұраны зерттеу, сақтау және насихаттау бойынша білім алушылардың бастамаларына қолдау көрсетіледі.

Қазіргі білім беру жүйесі, соның ішінде мектептің тәрбие жұмысы трансформация кезеңін бастан өткеруде. Мектеп білім беру ортасын, отбасын, әлеуметтік-мәдени институттарды және азаматтық қоғамды біріктіретін білім беру экожүйесі ретінде қарастырылады. Мұндай жағдайларда білім алушыларға мәдени мұра арқылы идеологиялық тәрбие беруде экожүйелік тәсілді қолдану ерекше маңызға ие болады.

Мәдени мұра білім көзі ретінде ғана емес, сонымен бірге ұлттық бірегейлікті, патриотизм мен моральдық құндылықтарды қалыптастыруға ықпал ететін қуатты тәрбиелік ресурс ретінде де әрекет етеді.

Шетелдік тәжірибе (Жапония, Финляндия, Франция, Оңтүстік Корея) мектептің, отбасының, мемлекет пен қоғамның жүйелі өзара іс-қимылы арқылы тұрақты нәтижелерге қол жеткізілетіндігін көрсетеді.

Отандық тәжірибеде құндылықтарға негізделген «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы – тәрбиенің құндылыққа бағдарланған моделінің тиімділігін растайды. «Адал азамат» моделін жүзеге асыру мектеп экожүйесін дамытуға, отбасы мен мектептің серіктестігін нығайтуға, білім алушылардың адамгершілік мәдениетінің деңгейін арттыруға мүмкіндік береді.

Осылайша, мәдени мұра арқылы идеологиялық тәрбиеге экожүйелік көзқарас белсенді өмірлік ұстанымы мен адамгершілік жауапкершілігінің жоғары деңгейіне ие азаматтардың қалыптасуына ықпал ете отырып, тәрбие процесінің тұтастығын, тұрақтылығы мен нәтижелілігін қамтамасыз етеді.

Мәдени мұра арқылы идеологиялық тәрбиеге экожүйелік көзқарас тәрбие жұмысының тұтастығын қамтамасыз етуге, ұрпақтар арасындағы байланысты нығайтуға және білім алушылардың рухани-адамгершілік мәдениетін арттыруға мүмкіндік береді.

Ол белсенді өмірлік ұстанымы, патриоттық сезімдері және өз ұлтының мәдени дәстүрлерін құрметтейтін адал азаматтардың қалыптасуына ықпал етеді.

Қазіргі жаһандану дәуірінде мемлекеттің тұрақтылығы мен өркендеуінің басты кепілі – ішкі саясаттың ғылыми негізделген, жүйелі және құндылыққа бағытталған болуы. Қазақстан Республикасының ішкі саясаты ұлттық бірлік пен қоғамдық келісімді сақтауға, азаматтық жауапкершілігі жоғары қоғам құруға бағытталған стратегиялық бағыт.

Мемлекет дамуының жаңа тарихи кезеңінде Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаевтың 2025 жылғы 5 қарашадағы Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының ішкі саясатының негізгі қағидаттарын, құндылықтарын мен бағыттарын бекіту туралы» құжат елдің ішкі саяси дамуының стратегиялық бағдарын айқындайтын нормативтік негіз болып табылады[28].

Бұл құжат елдің әлеуметтік-саяси трансформациясының идеологиялық және тұжырымдамалық өзегін айқындайды. Оның басты мақсаты – әділетті қоғам құру, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың мемлекетке деген сенімін арттыру.

Ішкі саясаттың мәні мен идеологиялық мазмұны – ел бірлігін сақтау және тұрақтылықты қамтамасыз ету арқылы мемлекеттің өркениеттік даму бағытын нығайту. Құжаттың идеологиялық өзегін «Әділетті Қазақстан» тұжырымдамасы құрайды. Бұл идея тең мүмкіндік пен әділдікке негізделген, азаматтардың құқықтары мен еркіндіктері сақталатын қоғам құруды көздейді.

Ішкі саясаттың жаңа кезеңі мемлекет пен қоғам арасындағы сенім мен жауапкершілікке құрылған серіктестік моделін қалыптастыруға бағытталған. Демек, саяси идеологияның басты ұстанымы – билік пен азаматтар арасындағы ашық диалог және өзара сенім мәдениеті.

Қазақстан Республикасының ішкі саясаты алты негізгі қағидатқа сүйенеді. Өрқайсысы қоғамның рухани және институционалдық құрылымын нығайтуға бағытталған:

1. «Заң мен тәртіп» – құқық үстемдігін, азаматтардың заң алдындағы теңдігін және құқықтық мәдениетті нығайту қағидаты. Бұл бағыт құқықтық мемлекеттің негізін құрай отырып, әділдік пен сенімнің тірегіне айналады.

2. «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» – билік пен қоғам арасындағы ашық диалог пен өзара жауапкершілік мәдениетін орнықтырады. Бұл қағидаттың практикалық көрінісі — «E-Otinish», «E-petition», «Ашық үкімет» сияқты азаматтық қатысу платформалары.

3. «Өртүрлі көзқарас – біртұтас ұлт» – плюрализм мен қоғамдық келісімді үйлестіретін идеологиялық тұғыр. Ол азаматтық бірегейлікті нығайтып, елдегі тұрақтылық пен өзара құрмет мәдениетін қалыптастырады.

4. «Күшті Президент – Ықпалды Парламент – Есеп беретін Үкімет» – билік тармақтарының теңгерімі мен өзара жауапкершілігі қағидатына негізделген жаңа саяси жүйенің моделі.

5. «Адал азамат» – жеке тұлғаның рухани кемелденуі мен моральдық жауапкершілігіне бағытталған құндылық. Ол еңбекқорлық, отансүйгіштік және заңға бағыну мәдениетін орнықтырады.

6. «Таза Қазақстан» – экологиялық және рухани тазалық идеясын ұлықтайды. Бұл қағидат адал басқару, экологиялық сана және сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті біріктіретін жаңа этикалық мәдениеттің негізі.

Аталған қағидаттар өзара сабақтаса отырып, «Әділетті Қазақстан» идеологиясының мәнін тереңдетеді.

Құжатта әлеуметтік-гуманитарлық бағыттар – ғылым, білім және мәдениет – ұлттық өрлеудің басты тірегі ретінде қарастырылады. Жаһандық сын-қатерлерге (цифрландыру, демографиялық өзгерістер, экологиялық мәселелер, жасанды интеллект) бейімделу мақсатында бейімделгіш және жауапты басқару мәдениетін қалыптастыру көзделеді.

Мемлекет пен азаматтық қоғам арасындағы өзара серіктестік – ішкі саясаттың жаңашыл қыры. Бұл серіктестік сенім, диалог және ортақ жауапкершілікке негізделеді.

Жалпыұлттық құндылықтар жүйесі және оның тәрбиелік маңызы

Жалпыұлттық құндылықтар – елдің рухани және саяси тұрақтылығының идеологиялық іргетасы. Ұлттық құрылтайда ұсынылған, «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының негізгі құндылықтары: тәуелсіздік пен отаншылдық, бірлік пен ынтымақ, әділдік пен жауапкершілік, заң мен тәртіп, еңбекқорлық пен кәсіби біліктілік, жасампаздық пен жаңашылдық.

Тәрбие аспектісіндегі бағыттар:

- Тәуелсіздік және отаншылдық – тарихи сана мен елге қызмет ету мәдениетін дамыту;
- Бірлік және ынтымақ – этномәдени және әлеуметтік келісім рухын қалыптастыру;
- Әділдік пен жауапкершілік – жеке және әлеуметтік жауапкершілік мәдениетін орнықтыру;

- Заң мен тәртіп – құқықтық сана мен заң алдындағы теңдік сезімін қалыптастыру;

- Еңбекқорлық және кәсібилік – еңбекті құрметтеу және табандылыққа тәрбиелеу;

- Жасампаздық пен жаңашылдық – креативті ойлау мен инновацияға бейімділікті арттыру.

Мұндай құндылықтар тұлғаның рухани, әлеуметтік және мәдени дамуының экожүйесін қалыптастырады.

Жалпыұлттық нышандар мен ішкі саясаттың басым бағыттары нақты көрсетілді.

Ұлттық нышандар – мемлекеттің мәдени коды мен тарихи сабақтастығын бейнелейтін символдық жүйе. Қазақстанда ұлттық ұран («Алға, Қазақстан!»), түстер (көк пен алтын сары), ұлттық кітап (Абайдың Қара сөздері), шаңырақ, домбыра, қызғалдақ, «Made in Qazaqstan» бренді мен цифрлық хэштегтер ұлттық бірегейліктің идеологиялық көрінісі ретінде белгіленген.

Бұл нышандар білім, мәдениет, БАҚ және қоғамдық өмірде елдің рухани тұтастығын бейнелейтін құрал ретінде пайдаланылады.

Ішкі саясаттың басым бағыттары

Ішкі саясаттың мазмұны жеті бағыттан тұрады:

1. Қоғамдық диалог – билік пен азаматтық қоғам арасындағы өзара байланыс тетігі;

2. Этносаралық қатынастар саясаты – этностар татулығын сақтау және кемсітушілікке жол бермеу;

3. Дін саласындағы саясат – зайырлылық және конфессияаралық келісім қағидаттары;

4. Мәдени-гуманитарлық саясат – ұлттық мәдениетті, білім мен ғылымды дамыту;

5. Отбасы саясаты – отбасылық құндылықтарды дәріптеу, ата-аналық жауапкершілік;

6. Жастар саясаты – азаматтық белсенділік пен патриотизм мәдениетін қалыптастыру;

7. Ақпараттық саясат – медиа мәдениет, ақпараттық қауіпсіздік және шыншылдық идеологиясы.

Бұл бағыттар елдің рухани қауіпсіздігін, әлеуметтік үйлесімін және мәдени бірегейлігін қамтамасыз етеді.

Ішкі саясаттың табысты жүзеге асуы көпдеңгейлі институционалдық құрылым арқылы қамтамасыз етіледі:

- Орталық деңгей – Президент Әкімшілігі мен Үкімет стратегиялық үйлестіруші рөл атқарады;

- Жергілікті деңгей – әкімдер мен ішкі саясат бөлімдері өңірлік ерекшеліктерге бейімделген саясат жүргізеді;

- Қоғамдық институттар – Қазақстан халқы Ассамблеясы, Ұлттық құрылтай, қоғамдық кеңестер, ҰЕҰ және БАҚ азаматтық қоғамның белсенді субъектілері ретінде әрекет етеді.

Бұл құрылым мемлекеттік саясаттың тиімділігін, ашықтығын және жауапкершілігін арттыруға бағытталған.

Қазақстан Республикасының ішкі саясатының жаңа бағыты – әділеттілікке, заң үстемдігіне және азаматтық жауапкершілікке негізделген ұлттық идеологиялық жүйе.

Ішкі саясаттың алты қағидаты, жалпыұлттық құндылықтар мен нышандар жүйесі біртұтас идеологиялық құрылым ретінде елдің саяси тұрақтылығын, рухани тұтастығын және мәдени дамуын қамтамасыз етеді.

Ішкі саясаттың мәні – мемлекет пен қоғамның сеніміне, жауапкершілік пен әділдік құндылықтарына сүйенетін жаңа қоғамдық келісім моделін қалыптастыру.

Бұл модель «Әділетті Қазақстан» идеясын нақты іске асырып, азаматтық бірегейлік пен ұлттық келісімнің тұрақты экожүйесін қалыптастыруға бағытталған.

Халықаралық және отандық тәжірибені зерделей келе төмендегі ұсыныстарды беруге болады:

- «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру.

Педагогтерді білім алушылардың бойында адалдықты, патриотизмді, әділдікті, жауапкершілік пен жасампаздықты дамытуға бағыттай отырып, бағдарламаның құндылықтарын идеологиялық тәрбиенің өзегі ретінде пайдалану.

- Мәдени мұраны тәрбие процесіне біріктіру.

Ұлттық мәдениетке, дәстүрге, өнерге, жергілікті тарихқа және ұлттық рухани құндылықтарға сүйене отырып, тәрбие іс-шараларын, жобалар мен пән сабақтарын, сынып сағаттарын жоспарлау.

- Мектептің білім беру экожүйесін құру.

Тәрбие бастамаларын бірлесіп іске асыру үшін мектептің мәдениет мекемелерімен, қоғамдық ұйымдармен, жергілікті қоғамдастықпен және ата-аналармен өзара іс-қимыл жүйесін қалыптастыру.

- Педагогикалық құзыреттілікті арттыру.

Экожүйелік тәсіл, тәрбие бағдарламаларын жобалау және мәдени мұрамен жұмыс мәселелері бойынша семинарлар, шеберлік сыныптары мен біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру.

- Тәрбие нәтижелерінің мониторингі.

Құндылық бағдарларының қалыптасу динамикасын бақылау үшін сапалы және сандық әдістерді – бақылау, сауалнама жүргізу, өзін-өзі бағалау және білім алушылардың жетістіктері портфолиосын қамтитын бағалау жүйесін әзірлеу.

➤ Мектептің мәдени жобаларын іске асыру.

Мәдени мұраны зерттеу және насихаттау бойынша білім алушылар мен педагогикалық бастамаларды қолдау: көрмелер, этнографиялық фестивальдар, еріктілер акциялары, цифрлық мұражайлар мен ғылыми жобалар ұйымдастыру.

2 ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ МӘДЕНИ МҰРАСЫ АРҚЫЛЫ ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ ӘДІСТЕМЕСІ

Қазіргі мектеп жағдайында білім алушыларға идеологиялық тәрбие беру қазақ халқының дәстүрлі құндылықтары мен заманауи педагогикалық тәсілдер интеграциясына негізделген берік әдістемелік негізді қажет етеді.

Жалпы орта білім беретін мектептердегі оқу-тәрбие жұмысының іргетасын білім алушыларды құқықтары, сезімдері, мүдделері, даму мүмкіндігі бар бірегей тұлға ретінде қарастыру арқылы жүзеге асырылады. Бұл әрбір білім алушының әлеуетін дамытуға жағдай жасауды, адамгершілік құндылықтарды, қоғам мен Отан алдындағы жауапкершілік сезімін дамытуды көздейді.

Идеология – топтық сананың белгілі бір деңгейі және жеке тұлға мен қоғамның даму міндеттеріне қатысты идеялардың, көзқарастардың, идеалдардың, ақпараттардың, сезімдердің, сенімдердің, сондай-ақ оларды жүзеге асырудың әдістері мен құралдарының жиынтығы. Қазіргі жеке тұлға идеологиялық тәрбие арқылы өзінің әлеуметтік шындықты қабылдауын көрсетеді, өз мақсаттары мен идеалдарын тұжырымдайды, сонымен қатар оларға жетудің жолдары мен тәсілдерін негіздейді[29].

Тәрбие идеологиясы – қоғамның қазіргі мүдделерін де, жеке тұлғаның қажеттіліктерін де көрсететін идеялар жүйесі. Ол қоғам өскелең ұрпақты тәрбиелеудің негізгі бағыттарын анықтайтын және оларды жүзеге асыру үшін қажетті жағдайлар жасайтын өзара әрекеттестікке негізделген. Бұл жағдайда балалар мен жастар қоғамның белсенді мүшесі ретінде өзін-өзі анықтау, өзін-өзі жүзеге асыру және даму үдерісінен өтеді. Бұл процесте балалар қоршаған ортаға бейімделіп қана қоймайды, сонымен қатар оны өз әрекеттері арқылы өзгертуге қабілетті болуды үйренеді. Тәрбиелік идеологияның басты мақсаты – мемлекеттегі қоғамдық дамудың жалпы бағытына сәйкес жеке тұлғаның сана-сезімін дамытуға ықпал ету болып саналады [30].

Идеологиялық тәрбие дегеніміз – өскелең ұрпақтың бойында ұлттық құндылықтарды, идеяларды, наным-сенімдерді меңгеруге, ұлттық өзіндік сананы қалыптастыруға және белсенді азаматтық ұстанымды дамытуға оңтайлы жағдай жасаудың мақсатты, ғылыми негізделген әлеуметтік-педагогикалық процесі деп түсініледі. Балалар мен жасөспірімдерге идеологиялық тәрбие беру олардың мемлекеттік идеологияның негіздерін түсінуі мен қабылдауына, мемлекеттік идеологияның негізіне салынған іргелі идеялар мен қағидаларды білуіне, ұлттық идеяны қабылдауына бағытталуы тиіс.

Тәрбиенің мақсаты – идеологияның және бүкіл білім беру және тәрбие жүйесі қызметінің ортақ мәселесі. Бұл мақсаттар «идеалды» тұлғаның және олар өмір сүріп, әрекет ететін қоғамның бейнесі туралы философиялық, рухани-

адамгершілік, экономикалық, саяси, құқықтық және эстетикалық идеяларды білдіреді. Заманымыздың «идеалды» жас азаматына табысқа ұмтылу, жеңіске деген ұмтылыс, өз әрекеттерінің нәтижелері үшін толық жауапкершілікті қабылдау, ұлттық идеяға берілгендік тәрізді қасиеттер тән болуы керек.

Сонымен, идеологиялық тәрбиенің мақсаты – жаңа әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайларда қоғамды өзгертуге және өзін-өзі жетілдіруге нақты үлес қосуға қабілетті, нақты, әлеуметтік тұрақты тұлға қалыптастыру.

Осы тұрғыдан алғанда, тұлғаның идеологиялық тұрғыда қалыптасуы ұлттық мәдениет пен рухани құндылықтар негізінде жүзеге асуы қажет. Өйткені қоғамның дамуы мен оның азаматтарының дүниетанымдық бағдарлары біртұтас рухани жүйеге сүйенгенде ғана тұрақты сипат алады.

Қазақ халқының мәдени мұрасы – ұлт руханиятының өзегі, жас ұрпақтың дүниетанымдық, адамгершілік және отаншылдық бағдарын қалыптастыратын құндылықтар жүйесі. Ұлттық дәстүрлер мен рухани мұраларды оқу-тәрбие процесіне енгізу – идеологиялық тәрбиенің тиімді тетігі. Мұндай тәрбие әдістемесі тұлғаның жан-жақты дамуын қамтамасыз ететін өзара байланыстағы бірнеше компоненттерге негізделеді.

1. Білімдік компонент.

Бұл компонент білім алушының қазақ халқының мәдени мұрасы туралы білімдік қорын қалыптастыруды көздейді. Халық ауыз әдебиеті, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, қолөнер, күй мен жыр, ұлттық ойындар – барлығы білім алушылардың тарихи танымын кеңейтіп, ұлттық мәдениетті түсінуіне мүмкіндік береді. Білімдік бағыт білім алушының мәдени мұра жөніндегі ақпаратты меңгеруін, оның мәні мен қоғамдағы рөлін түсінуін бағалайды.

2. Құндылықтық бағдар компоненті.

Мәдени мұраны игеру процесінде білім алушыда ұлттық бірегейлік, отаншылдық, адалдық, еңбекқорлық, бірлік, жасампаздық, жаңашылдық, заң мен тәртіп құндылықтар орнығады. Құндылықтық бағдар білім алушының осы рухани мұраларды жеке өмірлік қағидасына айналдыруын, ұлттық құндылықтарға құрметпен қарауын айқындайды. Бұл бағыт идеологиялық тәрбиенің ішкі мотивациялық өзегін құрайды.

3. Эмоциялық-қатыстық компонент.

Мәдени мұрамен танысу кезінде білім алушының сезімдік әлемі, эстетикалық талғамы дамиды. Қазақ халқының әні мен жырына сүйсіну, салт-дәстүрлерге құрметпен қарау, тарихи тұлғалардың ерлігіне мақтаныш сезімі – білім алушының эмоциялық қатысын білдіреді. Эмоциялық-қатыстық компонент тәрбиенің рухани әсерін арттырып, мәдени мұраға эмоционалды жақындасуға жол ашады.

4. Іс-әрекеттік компонент.

Мәдени мұраны оқу-тәрбие процесінде қолдану тек теориямен шектелмей, іс жүзінде әрекет арқылы жүзеге асады. Білім алушыларды этномәдени жобаларға, ұлттық қолөнерге, театрландырылған көріністерге, фольклорлық экспедицияларға қатыстыру арқылы олардың белсенді өмірлік ұстанымын дамытуға болады. Бұл компонент құндылықтардың нақты өмірде жүзеге асуын, білім алушының ұлттық мәдениетті іс жүзінде қолдана алу дағдысын көрсетеді.

5. Коммуникативтік компонент.

Қазақ мәдениетінің негізінде жатқан сыйластық, ынтымақ, үлкенге құрмет, кішіге ізет ұстанымдары қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудың тірегі. Коммуникативтік бағыт білім алушылардың өзара сыйластыққа, бірлік пен тіл табысуға негізделген қарым-қатынас дағдыларын дамытады. Бұл – ұжымдық рухты нығайтатын және қоғамдық үйлесімділікті арттыратын маңызды тетік.

6. Рефлексивтік даму компоненті.

Мәдени мұра арқылы тәрбиелеу барысында білім алушы өз мінез-құлқын, ұстанымын, өмірлік тәжірибесін ұлттық құндылықтармен салыстыра отырып, өзін-өзі тануға үйренеді. Рефлексия тұлғаның өзіндік санасын жетілдіріп, ұлттық болмысына сын тұрғысынан қарауға мүмкіндік береді. Осы арқылы білім алушы өз-өзін жетілдіру мен түзетуге ұмтылатын адал азамат ретінде қалыптасады.

7. Отбасылық және қоғамдық ықпалдастық компоненті.

Мәдени мұраның сабақтастығы ең алдымен отбасы мен қоғамнан бастау алады. Отбасында ата-баба дәстүрін сақтау, үлкендердің өнегесін үлгі ету, қоғамдық ортада ұлттық мерекелерге, мәдени іс-шараларға белсенді қатысу – білім алушының әлеуметтік жауапкершілігін арттырады. Бұл компонент мектеп, отбасы және қоғам арасындағы рухани байланыс пен тәрбиелік ықпалдастықты қамтамасыз етеді.

Қазақ халқының мәдени мұрасы – тұлғаның рухани-адамгершілік және идеологиялық тұрғыдан дамуын қамтамасыз ететін көпқырлы педагогикалық ресурс. Аталған компоненттер өзара бірлікте жүзеге асқанда, білім алушы ұлттық сана мен жаһандық мәдениетті үйлестіре білетін «адал азамат» тұлғасына айналады.

Қазақ мәдениеті – аса бай, кең құлашты, терең мазмұнды әрі сан қырлы құбылыс. Оның іргетасы адамзат өркениетінің ұлы ойшылы Әбу Насыр әл-Фарабидің еңбектерімен сабақтасып, парасат пен ізгілікке негізделген дүниетанымнан бастау алады. Әл-Фараби адамды кемелдікке жеткізетін басты жол – тәрбие мен білім екенін атап көрсетіп, қоғамның дамуы әрбір тұлғаның адамгершілік қасиетіне байланысты екенін айтқан.

Әбу Насыр әл-Фараби Платон мен Аристотельдің даналық мұраларын бойына сіңіріп, философиялық ойлардың терең мәнін ашуға ерекше назар аударған ғұлама, әлемге әйгілі ойшыл, философ.

Әл-Фарабидің терең танымдық қабілеті – оның шексіз даналығының айғағы. Даналық – ежелгі грек философиясынан бастау алып, Дешті Қыпшақ даласына кең тараған ұғым. Даналық адамның қоғамдық өмірін, ондағы қайшылықтар мен адам мен қоғам арасындағы байланыстарды танып-білуге жол ашатын философиялық категория.

Әл-Фараби адамзат қоғамын даналық негізінде жан-жақты зерттеген. Ол Аристотельдің кейбір тұжырымдарын толықтырып, қоғам табиғатын өзінше талдаған.

Ғұламаның пікірінше, қоғам неғұрлым ірі әрі күрделі болса, соғұрлым оның даму деңгейі де жоғары болады. Себебі адамдардың өзара байланысы, еңбек бөлінісі мен рухани қатынастары бірін-бірі толықтырып, Платон айтқандай, даналардың қоғам мен мемлекетті басқаруына мүмкіндік береді.

Әл-Фараби «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы трактатында» адамдардың дүниені тану жолын екіге бөледі:

- ✓ Нақты болмысты қабылдау және мойындау арқылы тану.
- ✓ Ұқсастық немесе еліктеу арқылы тану.

Мысал ретінде ол адамдардың танымын келтіреді.

Дананың шәкірті заттарды ұстазы сияқты таныса сол маңызды, ал кейбіреулер оларды еліктеу арқылы ғана таниды. Себебі мұндай адамдардың ойлау қабілеті нақты бейнені толық ажырата алмайды.

Танылған нысан – «білімнің объектісіне», ал иеленген білім – «ең жоғары білімге» айналады, – деді данышпан.

Ал танымның еліктеу жолымен жүзеге асуы барысында түсініктер нақты заттан алшақтаған сайын, таным да шынайылықтан алыстай береді.

Қайырымды қала тұрғындарының бақыт пен мақсаттары ортақ болғанымен, олардың діндері әртүрлі болуы мүмкін.

Әл-Фараби адамдар арасындағы туыстық, достық және бейбіт қатынастардың түрлі негіздерін талдайды.

Кейде адамдарды біріктіретін нәрсе – ортақ ант, уәде, келісім, не болмаса ортақ мақсат пен қауіп.

Ғалым мұндай байланыстардың барлығы қоғамның ішкі қатынастарын бейнелейді деп түсіндіреді.

Оның ойынша, әр халықтың бірлігі салт-дәстүр, табиғи қасиет және тіл арқылы қалыптасады.

Ұлы ғалымның «Бақытқа жету жолдары» атты трактаты – адам өмірінің мәні мен мақсаты туралы терең философиялық еңбек. Әл-Фараби бұл еңбегінде адамзаттың ең жоғары игілігі – бақыт екенін атап көрсетеді.

Ол бақытты материалдық игілікпен емес, рухани жетілу мен ізгілікті істермен байланыстырады.

Ғалымның ойынша, адам табиғаты бойынша жақсылыққа ұмтылуға бейім, сондықтан оның өмірінің мәні өз бойындағы кемелділікті тану және дамыту.

Ол бақыттың екі қырын айқындайды:

Рухани (ішкі) бақыт – адамның өз ар-ожданы мен ақыл-ойының үндестігі арқылы сезілетін үйлесімділік күйі;

Қоғамдық (сыртқы) бақыт – адамның қоғамдағы ізгі істері арқылы көрінетін рухани толысуы.

Әл-Фараби үшін шынайы адамгершілік – басқаларға игілік әкелу, қоғамды жетілдіру және әділдік орнату.

Осы тұрғыда ғалымның ілімі қазіргі замандағы адамгершілік тәрбиесінің негіздерімен тікелей сабақтас.

Ғалымның көзқарасы бойынша, тәрбие – адамды жақсылық пен жамандықты ажыратуға, ақиқат пен жалғанды тануға үйрететін күш.

Мұндай адам – өз бойындағы рухани және әлеуметтік жауапкершілікті сезінетін тұлға. Сондықтан да әл-Фарабидің «қайырымды қала» моделі – тек саяси немесе әлеуметтік жүйе ғана емес, сонымен қатар адамгершілік пен руханиятқа негізделген идеал қоғам бейнесі.

Ондағы адамдар өзара сыйластық, әділдік, білім мен еңбекті қадірлеу арқылы өмір сүреді. Мұндай қоғамда әр адам өзінің орнын, міндетін және мақсат-мүддесін терең түсінеді.

Әл-Фарабидің көзқарасы білім беру жүйесінде рухани-адамгершілік мәдениетті, құндылықтық бағдарды және рефлексивтік дамуды қалыптастыруда ерекше әдіснамалық негіз бола алады.

Әл-Фарабидің педагогикалық көзқарастары және қазіргі білім беру жүйесімен сабақтастығы

Әл-Фарабидің пікірінше, адам табиғатынан ізгілікке бейім, бірақ сол ізгі қасиеттерді дамыту үшін тәрбие жүйелі, мақсатты және қоғам мұратына сай болуы керек.

«Адам табиғатынан жетілмеген, ол тәрбие мен оқыту арқылы кемелдікке жетеді», – дейді ғұлама.

Осы тұрғыдан, әл-Фарабидің идеялары қазіргі құндылыққа негізделген білім беру мен «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының басты қағидаларымен үйлеседі.

1. Құндылықтық бағдар компоненті

Әл-Фарабидің барлық ілімінің өзегі ол құндылықтар жүйесі: әділдік, ізгілік, жауапкершілік, қайырымдылық, еңбексүйгіштік.

Ол қоғамның тұрақтылығы мен дамуы осы құндылықтарға негізделуі тиіс деп есептейді.

Бүгінгі тәрбие процесінде бұл компонент білім алушының рухани-адамгершілік бағдарын қалыптастырып, оны құндылықтар арқылы өмірге бейімдеуді көздейді.

2. Эмоциялық-қатыстық компонент

Ғұлама адамның эмоциясын тәрбиелеу ол мінезді тәрбиелеудің кілті деп санаған. Эмоциялық тепе-теңдігі бар тұлға дегеніміз ұжыммен қарым-қатынаста салиқалы, өз ойын мәдени түрде жеткізе алатын адам.

Сондықтан білім беру процесінде сезім мәдениетін, эмпатияны, рухани үндестікті дамыту маңызды.

3. Іс-әрекеттік компонент

Әл-Фараби ілімінде теория мен тәжірибенің бірлігі ерекше орын алады.

Ол «әрбір білім әрекет арқылы бекітілмесе, ол шынайы болмайды» деп үйреткен.

Бұл компонент қазіргі білім беру жүйесінде жобалық, зерттеушілік және волонтерлік іс-әрекеттер арқылы іске асады.

4. Коммуникативтік компонент

Қайырымды қоғам идеясы өзара құрмет пен тиімді қарым-қатынасқа негізделеді.

Ғалым «тіл – адамдарды біріктіретін құрал» екенін айтып, сөйлеу мәдениеті мен пікір алмасу мәдениетіне зор мән берген.

Бүгінгі мектепте бұл компонент білім алушылардың тілдік және әлеуметтік қарым-қатынас дағдыларын, ынтымақтастық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған.

5. Рефлексивтік даму компоненті

Әл-Фараби адамды өз-өзіне үнемі есеп беруге, өз мінезі мен ісін талдауға шақырған.

Рефлексия – рухани жетілудің негізгі шарты.

Қазіргі педагогикада бұл компонент білім алушылардың өз оқу тәжірибесін бағалау, жетістігін сараптау, даму траекториясын белгілеу қабілеттерін қамтиды.

6. Отбасылық және қоғамдық ықпалдастық компоненті

Әл-Фараби адамның тұлға болып қалыптасуын үш негізгі ортамен байланыстырған:

отбасы – алғашқы мектеп; қоғам – екінші ұстаз; білім ордасы – ақылдың кемел ортасы.

Осы идея қазіргі «мектеп-отбасы-қоғам» үштігінің педагогикалық моделін айқындайды. Бұл компонент білім алушылардың әлеуметтік белсенділігін арттырып, ата-аналар мен қоғам өкілдерінің тәрбиелік серіктестігін нығайтады.

Әл-Фарабидің педагогикалық мұрасы адамды білім мен ізгілік арқылы кемелдікке жетелеу ілімі. Оның көзқарастары бүгінгі құндылыққа бағытталған

білім беру жүйесінің, соның ішінде «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының ғылыми-әдіснамалық негізін құрайды.

Осы бағдарлама аясында білім беру ұйымдары ұлттық-рухани құндылықтарды пән мазмұны арқылы енгізу тетіктерін нақты іске асыра алады.

Осы идеялар бүгінгі «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының мәнімен үндес. Бағдарламада да адамның рухани байлығы, әділдігі мен жауапкершілігі, еңбекқорлығы мен отансүйгіштігі тұлғаның негізгі сипаттары ретінде айқындалған. Қазақ мәдениетінің терең философиясы мен әл-Фараби іліміне сүйене отырып, бағдарлама жас ұрпақтың бойында адамдық пен адалдық, парасат пен әділдік қасиеттерін қалыптастыруды мақсат етеді.

Сондықтан да қазақ мәдениетінің рухани тамыры мен «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтық бағыттары бір арнада тоғысып, қазіргі білім беру мен тәрбиенің ұлттық-рухани негізін қалайды. Бұл бағытта мектеп пен отбасының, қоғам мен ұстаздың рөлі ерекше: әр бала өз ісіне әділ, сөзіне берік, ел мен қоғам алдындағы жауапкершілігін сезінетін нағыз адал азамат болып қалыптасуы тиіс.

Осы рухани бағдарлар мен тәрбиелік ұстанымдар жалпыұлттық құндылықтар жүйесімен тығыз байланысты. Олар қазақстандық қоғамның бірлігін, тұрақтылығын және азаматтарының адамгершілік мінез-құлқын айқындайтын ортақ қағидаттарға негізделеді.

Қазіргі қазақстандық жастардың тәрбиелік жағдайына арналған ғылыми әдебиеттерді зерделеу нәтижесінде бұл салада бірқатар өзекті мәселелер бар екені анықталды. Зерттеліп отырған мәселелер қазір таңда өзекті.

Бұл қазіргі қазақстандық жастардың әлеуметтік және рухани жағдайы, олардың тәрбиелік деңгейі, сондай-ақ моральдық құндылықтары, ана тілін, мәдениетті, салт-дәстүрді, әдет-ғұрып пен ұлттық бірегейлікті жоғалту қаупі.

Ғылыми әдебиеттерді зерделеу барысында қазіргі жастардың өмірлік құндылықтарға қатынасындағы өзекті мәселелер айқындалды. Бұл жағдай қазақ халқының мәдени-тарихи мұрасын, бай дәстүрлері мен жас ұрпақты тәрбиелеудегі тәжірибесін жаңғыртудың маңыздылығын көрсетеді. Болашақ ұрпақты рухсыздық пен немқұрайдылықтан қорғау мақсатында білім беру ұйымдарында мәдени мұра арқылы тәрбие беру толық көлемде жүзеге асырылуы тиіс.

Бүгінгі таңда моральдық құндылықтар, ана тілі, мәдениет, салт-дәстүр мен ұлттық сәйкестіктің әлсіреу қаупі артып келеді. Бұл жағдайдың негізгі себебі – білім беру ұйымдарында, отбасында, қоғамда мәдени мұра арқылы ұлттық құндылықтарымызды дәріптеудің жеткіліксіздігі.

Қазір жастар рухани өмірінде батыстық мәдениеттің теріс ықпалына жиі ұшырайды. Олар тұтынушылық мәдениетке тәуелді жүйенің «тәжірибелік» объектісіне айналып, рухани дамудың шынайы мәнін ұмыта бастайды. Көптеген

жастар батыстық мәдениетті шексіз еркіндік көзі деп қате түсінеді, ал шындығында рухани даму адамды ізгілікке үйретіп, шынайы еркіндікке жетелейді [31]

Үйдегі, балабақшадағы, мектептегі және жоғары оқу орнындағы тәрбие жүйесінің әлсіздігі, сондай-ақ интернет, ойындар мен фильмдер арқылы қалыптасатын жалған кумирлердің әсері білім алушылардың рухани әлемін бұзып, олардың дүниетанымына кері ықпал етеді. Өз халқының дәстүрін, әдет-ғұрпын білмеу және құрметтемеу, батыс мәдениетінің теріс ықпалы нәтижесінде жастарда ұлттық мәдени-тарихи мұрадан ажырау қаупі туындайды.

Зерттеліп отырған мәселенің өзектілігі бірқатар ресми құжаттарда көрініс тапқан. Атап айтқанда, «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасында білім алушылар тәрбиесінің рухани бағыты мен ұлттық негізін күшейту қажеттілігі айқындалған. Бұл бағдарламада мәдени мұра арқылы білім алушыларға идеологиялық тәрбие беру үшін іс-шаралар мен әлеуметтік жобаларды іске асыру көзделген [27].

Аталған бағдарлама рухани байлықты арттыру, халықтың салт-дәстүрлерін сақтау мен дәріптеу, табиғатқа және қоршаған ортаға қамқор көзқарасты қалыптастыру, тарихи-мәдени мұраны зерттеу және жаңғырту, туған өлкенің тарихына құрметті арттыру сияқты бағыттарды қамтиды.

Адам – тек рационалды ғана емес, эмоциялық болмыс иесі. Туған жер – оның өмірінің бастауы, балалық шағы өткен, кейде бүкіл ғұмыры өткен мекен. Ол жердің таулары мен өзендері, олардың шығу тегі туралы аңыздар, ұлы тұлғалардың есімдері – мұның бәрі маңызды. Туған жерге, оның мәдениетіне, әдет-ғұрпына және дәстүріне деген ерекше қатынас – отаншылдықтың маңызды белгісі. Бұл – ұлтты ұлт ететін мәдени-генетикалық кодтың негізі. Ғасырлар бойы ата-бабаларымыз осы жерді қорғап, бізге ұлан-ғайыр байтақ ел қалдырды. Олар біздің болашағымызды сақтап қалды.

Отанға деген сүйіспеншілік пен туған жерге құрмет – әділдік, еркіндік, жауапкершілік, еңбекқорлық, ұлтаралық татулық, сүйіспеншілік, мейірімділік, патриотизм сияқты жалпыұлттық адамгершілік құндылықтардың негізін қалайды.

Бірлігі жарасқан біртұтас Қазақстан халқына айналдыратын құндылықтар, қоғамның негіздері, адамгершілік нұсқаулар келесідей болуы мүмкін:

- әділдік – бұл іс-әрекеттер мен олардың салдары арасындағы тиісті сәйкестік, адамдарға әділ қарым-қатынас ұғымы. Оған құқықтар мен міндеттер, еңбек пен сыйақы, еңбегі мен тану, қылмыс пен жаза арасындағы сәйкестік кіреді. Сондай-ақ әділеттілік – бұл барлық адамдарға бірдей қарау және оларды құқығы бар нәрсемен қамтамасыз ету принципі.

- Еркіндік – кәсіпкерлік, тұрғылықты жері мен қызметін таңдау еркіндігі, сөз бостандығы. Жалпы, ұлттық бостандық. Қазақстанның тәуелсіздігі.

- Адамның өмірі, әл-ауқаты және қадір-қасиеті – бұлар өзара байланысты ұғымдар, мұнда әл-ауқат материалдық және рухани аспектілерді қамтиды, ал қадір-қасиет адамның ішкі құндылығы мен өзін-өзі құрметтеуі болып табылады. Бұл аспектілер денсаулық, отбасы, бостандық, қауіпсіздік және өзін-өзі қамтамасыз ету сияқты құндылықтармен, сондай-ақ мейірімділік, адалдық және басқаларды құрметтеу сияқты қасиеттермен анықталады.

- Ұлтаралық татулық, алуан түрлі мәдениеттердің бірлігі көбінесе қоғамның тұрақтылығымен, мәдени мұраны сақтаумен және оның барлық мүшелерінің қадір-қасиетімен байланысты негізгі принциптер болып табылады. Этносаралық татулық, алуан түрлі мәдениеттердің бірлігі және шағын халықтарды қорғау көбінесе қоғамның тұрақтылығымен, мәдени мұраны сақтаумен және оның барлық мүшелерінің қадір-қасиетімен байланысты негізгі принциптер болып табылады. Бұл ұғымдар әртүрлі этностардың бейбіт қатар өмір сүруінің және мәдениеттердің өзара баюының маңыздылығын атап көрсетеді, бұл көбінесе тұрақты және гүлденген мемлекеттің негізі ретінде қарастырылады.

- Сүйіспеншілікке, мейірімділікке, адалдыққа, қамқорлыққа негізделген отбасылық дәстүрлер отбасын нығайтып, үлкенге де, кішіге де құрмет пен қамқорлық сияқты маңызды әлеуметтік құндылықтарды сіңіреді. Бұл дәстүрлер – ортақ мерекелер, ертегі оқу тәрізді қарым-қатынас арқылы тұрақтылық пен эмоционалды байланыс атмосферасын жасайды, отбасы мүшелеріне бірлікті, татулықты, бауырмалдылықты сезінуге көмектеседі.

- Патриотизм – адамның туған жеріне, мәдениетіне деген терең сүйіспеншілігінен көрінетін туған жерге деген сүйіспеншілік пен адалдық сезімі. Ол сондай-ақ өз елінің жетістіктеріне мақтаныш сезімін, оның мәдени ерекшеліктерін сақтауға деген ұмтылысты және оның мүдделеріне қызмет етуге дайындығын білдіреді. Патриотизм туған жеріне, тіліне, салт-дәстүріне, мәдениетіне деген сүйіспеншілік сезімінен басталады. Отанына адалдық пен оның мүддесі үшін әрекет етуге дайын болу. Бұл елді қорғауда, азаматтық белсенділікте немесе оның дамуы мен өркендеуіне бағытталған басқа да әрекеттерде көрінуі мүмкін.

Идеология мәселелерін зерделеу өскелең ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеумен тығыз байланысты, оның өзектілігі Интернет желісі арқылы таратылатын ақпарат көлемінің өсуімен, халықаралық байланыстардың нығаюымен және жастар тәрбиесінің теориялық және әдістемелік негіздерін қайта қарастыру қажеттілігімен түсіндіріледі.

Отансүйгіштік – адамның туған еліне, жеріне деген терең де шексіз сүйіспеншілігінен, Отанға қызмет етуге дайын болуынан көрінетін ең жоғары адами қасиет. Бұл өз халқының ана тілін, мәдениеті мен мұрасын қастерлеу, ата-бабаның озық дәстүрін сақтап, келер ұрпаққа жеткізуге деген ұмтылысты да

қамтиды [32].

Бұл құндылықтар біздің тәрбие беру ортамыздың негізі. Олар біздің мінез-құлқымызға және әрекеттерімізге, бір-бірімізбен қарым-қатынасымызға және мәселелердің шешімін таңдауымызға басшылық етуі керек.

Идеологиялық тәрбиенің мақсаты – патриот, отанына адал қызмет ететін азамат, еңбекқорлық қасиеттерін меңгерген, негізгі құзыреттерді: қоғамдық-саяси, коммуникативті, жеке тұлғаны жүзеге асыруға қабілетті, әлеуметтік кемелденген жеке тұлға қалыптастыру болып табылады. Идеология жалпы адамзаттық құндылықтар мен ұлттық мүдделерге, қоғамды жұмылдыруға және біріктіруге, сонымен қатар азаматтық келісімді нығайтуға бағытталуы тиіс.

Идеологиялық тәрбиенің мақсаты нақты міндеттерді шешу арқылы жүзеге асырылады, олардың ішінде ең өзектілері:

- қазіргі қоғамдық-саяси және экономикалық жағдайда тәрбиенің маңызды бағыттарының бірі тұлғаның гуманистік көзқарастары мен құндылықтарын дамыту болып табылады. Адамдар қоғамдағы өз орнын түсінуге және өмірінің мақсаттары мен мәнін анықтауға ұмтылады. Сонымен бірге гуманистік мұраттар мен тұлғаның дамуына бағытталған өзіндік сана дамиды және жоғары қажеттіліктер қалыптасады;

- ұлттық өзіндік сананы, азаматтықты, патриотизмді, заң мен тәртіпті құрметтеуді, ішкі еркіндік пен өзін-өзі бағалауды қалыптастыру;

- жастардың жалпыадамзаттық және ұлттық мәдениет құндылықтарын игеруге, эстетикалық құндылықтар мен талғамды қалыптастыруға, рухани мәдениет құндылықтарын жасауға және арттыруға, Қазақстан Республикасы қоғамының мәдени өміріне қатысуға деген ұмтылысын тәрбиелеу;

- балалар мен жастарды жалпыадамзаттық нормалармен, ұлттық дәстүрлермен, кәсіби ар-намыс кодекстерімен және тиісті әлеуметтік топтардың адамгершілік құндылықтарымен таныстыру және олардың қызметінің нәтижелерін бағалауға тәрбиелеу;

- бейімділіктерді анықтау және дамыту, олардың негізінде жалпы және арнайы қабілеттерді, жеке тұлғаның даралығын қалыптастыру, оның шығармашылық әлеуетін және өзін-өзі дамыту қабілетін арттыру;

- дене шынықтыру мен салауатты өмір салтын ұстануға, отбасын құруға, отбасын жалғастыруға, материалдық қамтамасыз етуді қамтамасыз етуге және жаңа ұрпақты гуманизм мен демократиялық рухта тәрбиелеуге ұмтылуды тәрбиелеу[33].

Аталған мақсат пен міндеттерге қол жеткізу бойынша жұмыстың негізгі бағыттары:

- ақпараттық (қоғам мүмкіндіктерін пайдалана отырып мектепте өткізілетін шолу және тақырыптық ақпараттық сағаттар);

- бұқаралық ақпараттық құралдар ұсынған ақпаратқа саналы көзқарасты дамыту (талдау және оң қорытынды жасай білу);

- идеологиялық тәрбие (жеке тұлғаның мемлекеттік идеологияның негіздерін түсінуі мен қабылдауына, негізгі идеялар мен принциптерді білуіне, қоғамдағы сапалы өзгерістерге ұмтылуына бағытталған);

- идеологиялық-саяси тәрбие (мемлекеттің тәуелсіздігі мен қауіпсіздігінің мүдделерін ескере отырып, мемлекеттік саясатты түсінуге бағытталған; сыртқы және ішкі деңгейде партиялар мен қозғалыстардың қызметін таныстыру және дәлелді бағалау, саяси көзқарастар мен сенімдерді қалыптастыру);

- азаматтық-патриоттық тәрбие (туған жерге деген сүйіспеншілік пен құрмет сезімін дамытуға, оқудағы, еңбектегі, спорттағы, қоғамдық өмірдегі өз жетістіктері арқылы елдің беделін арттыруға, мемлекет пен қоғамның рөлін сезінуге, мемлекеттің басты мақсаты адам әлеуетін табысты дамытуды қамтамасыз ету екенін түсінуге бағытталған);

- идеологиялық-адамгершілік тәрбие (өскелең ұрпақтың бойында адамгершілік қасиеттерді, әдепті, ұжымшылдықты, еңбексүйгіштік, салт-дәстүрлер мен қоғамдық нормаларды құрметтеуді қалыптастыруға бағытталған; мәдениеттің негізгі құрамдас бөліктерін меңгеруге, еңбекке және қоғамдық өмірге шығармашылық және белсенді қатынасқа, тұлғааралық қарым-қатынас дағдыларын және жалпы адамзаттық құндылықтардың басымдылығын дамытуға, салауатты өмір салтын қалыптастыруға, яғни жас ұрпақтың бойында ішімдікке, нашақорлыққа қарсы тұруға тәрбиелеуге бағытталған);

- ұлттық және интернационалдық тәрбие (еліміздің халықтарының салт-дәстүрлерімен, мәдениетімен, олардың ұлттық мұраларымен танысуға, басқа ұлттардың мүдделерін құрметтеуге, басқа ұстанымдар мен пікірлерге төзімділікпен қарауға, диалог жүргізе білуге және өз мүдделерін қорғауға ықпал етеді).

Өміршен ұрпақ тәрбиелеудің мақсат-міндеттерін белгілеу олардың жастарды әлеуметтік топтарға бөлмей, жалпы жастарға тән болуын көздейді, өйткені әрбір жаста олардың өміршендігін қамтамасыз ететін жеке психологиялық және азаматтық қасиеттер болуы керек.

Мектептегі идеологиялық тәрбие жұмысы келесі принциптерге негізделеді:

- кәсібилік пен құзыреттілік – педагогтердің құзыреттілігі олардың жұмыстың әдістері мен тәсілдерін жетік меңгеруін, идеологиялық жұмыстың сан алуан формаларын қолдануға және мазмұнын жаңартуға ұмтылуын болжайды. Сондай-ақ білім алушылардың жас және жеке психологиялық ерекшеліктеріне қарай идеологиялық және идеялық-тәрбие жұмысының мәнін, мазмұнын және негізгі бағыттарын педагогикалық ұжымның дайындап, түсінуін көздейді [34];

- үздіксіздік принципі білім алушыларды ғылыми білім негіздерімен біртіндеп және кезең-кезеңімен таныстыруды және осы негізде ғылыми дүниетанымын дәйекті түрде қалыптастыруды көздейді. Білім көлемін бірте-бірте ұлғайту және осы білім негізінде оқушылардың идеалдарын, құндылықтарын, сенімдерін қалыптастыру. Нақты іс-әрекеттерде, мінез-құлық пен әрекеттерде идеяларды, нормаларды және жеке ұстанымдарды жүзеге асыру;

- тұтастық пен жүйелілік принципі идеологиялық тәрбие жұмысына педагогикалық процестің барлық субъектілерін тартуды болжайды. Идеологиялық тәрбие жұмысы оқушы өмірінің барлық негізгі салаларын қамтитын, оның тұлғасына әсер етудің мақсатты, өзара байланысты жүйесі ретінде құрылуы керек. Ол эпизодтық түрде болуы немесе бір пәннің шеңберімен шектелуі мүмкін емес, бұл жұмыс мектептегі білім берудің бүкіл кезеңінде жүзеге асырылатын үздіксіз, көп деңгейлі процесс болуы тиіс;

- қазіргі әлемде табысты болу үшін тез үйрену, әртүрлі нәрселерді сынап көру, жоспарларды өзгертуден қорықпау және қиын жағдайларда да жақсы шешімдерді табу керек. Бұл бәсекеге қабілетті болуға көмектеседі, яғни қиындықтарды жақсы жеңе алатын және басқалармен бірге жүретін адам болып қалыптасуы тиіс.

Идеологиялық және тәрбиелік мақсаттар барлық пәндік салаларда – тарих, әдебиет, қоғамтану, география, музыка, көркем еңбек және т.б. сабақтардың мазмұны арқылы жүзеге асыруды қарастырады, яғни пән мұғалімдері өз пәнінің тәрбиелік мүмкіндіктерін ескеруі керек. Сонымен қатар сынып сағаттары, сайыстар, викториналар, іс-шаралар, экскурсиялар, жобалар тәрізді сыныптан тыс іс-шаралар пән сабақтарында сіңірілген құндылықтарды нығайту алаңына айналады. Оқушылардың белсенді қатысуы арқылы отансүйгіштік, азаматтық белсенділік, ұжымшылдыққа, көшбасшылық қасиеттерге тәрбиеленеді.

Ата-аналармен жұмыс жүйелі болуы және тәрбие мәселелері бойынша біртұтас ұстанымды қалыптастыруға бағытталуы тиіс. Мектеп ата-аналарға идеологиялық тәрбиенің маңыздылығын түсінуге көмектеседі және оларды бірлескен іс-әрекетке тартады. Білім алушылар қоғамдық белсенділік, қарым-қатынас, сенімділік, көшбасшылық қасиеттерді дамыту, мінез-құлықтың қоғамға қолайлы формаларын көрсету дағдыларын игеретін мемлекеттік, қоғамдық ұйымдар мен бірлестіктерді, басқа да әлеуметтік ұйымдарды белсенді түрде тарту және бірлесіп жұмыс істеу қажет.

Тұтастық және жүйелік принципі тәрбие үздіксіз, қисынды болуы және сабақ пен сынып сағаттарынан бастап отбасына, көшеге және интернетке дейінгі оқушының бүкіл экожүйесін қамтуы керектігін білдіреді. Сонда ғана идеологиялық тәрбие шын мәнінде тиімді және тұрақты болады;

- іс-әрекет принципі. Идеологиялық тәрбие жұмысын барынша нақты әрекеттерге, істерге, акцияларға, шараларға жақындату. Бұл қызмет түрлерінің

нәтижелері білім алушыларға және оқу-тәрбие жұмысының басқа да қатысушыларына нақты, сонымен қатар олар жеке адамдар мен қауымдастық үшін нақты артықшылықтарға ие болуы тиіс. Іс-әрекетке негізделген тәсіл оқушылар тарапынан жоспарлау, жобалау және ұйымдастырудағы жоғары белсенділікті және ересектер тарапынан қолдау көрсетуді болжайды;

- отансүйгіштік және азаматтық жауапкершілік принципі. Бұл принцип туған жерге деген сүйіспеншілік пен белсенді азаматтық ұстаным арасындағы ажырамас байланысты көрсетеді. Патриотты тәрбиелеу өзінің туған жеріне деген эмоционалды сүйіспеншілік пен оның тарихына құрметпен қарауды ғана емес, сонымен бірге өзінің қоғамдағы және мемлекеттегі рөліне саналы көзқарасты дамытуды қамтиды.

Білім алушылар мемлекеттік тудың, елтаңбаның, әнұранның және Конституцияның маңызын білулері және түсінулері керек. Мемлекеттік рәміздерге деген құрмет салтанатты шараларға, ту көтеру рәсімдеріне, еске алу шараларына қатысу арқылы тәрбиеленеді. Балаларды өз елінің ғылымдағы, мәдениеттегі, спорттағы, әскери ерлік пен еңбектегі жетістіктерімен таныстыру өте маңызды. Бұл өз Отанының өткені мен болашағына қатыстылық сезімін оятады. Тарихи маңызды оқиғалар мен тұлғалар туралы білімдерін жеткізу, ардагерлерге, еңбек ерлеріне, мәдениет және ғылым қайраткерлеріне құрметпен қарауға тәрбиелеу – маңызды міндет болып табылады.

Оқушылар өз құқықтарын ғана емес, сонымен қатар отбасы, мектеп, қоғам және ел алдындағы міндеттерін де түсінулері тиіс. Бұған ережелерді сақтау, қоғамдық өмірге қатысу және заң шеңберінде сот төрелігін қорғай білу жатады. Идеологиялық тәрбие мектеп оқушыларын әлеуметтік, экологиялық, волонтерлік және азаматтық бастамаларға қатысуға ынталандыруы керек. Мағыналы іс-әрекет тәжірибесі арқылы қоғамға үлес қосуға деген саналы ұмтылыс қалыптасады.

Отансүйгіштік және азаматтық жауапкершілік принципі тек адал азаматты ғана емес, дәстүрді сақтай алатын, заңдарды құрметтейтін, қоғам мүддесі үшін әрекет ететін, сонымен бірге өзін туған жердің азаматымын деп мақтанышпен айта алатын белсенді, саналы, ел өміріне жауапты тұлға қалыптастыруды көздейді.

Мәдени мұраны құрметтеу қағидасы мектеп оқушыларының бойында өз елінің тарихи, мәдени, рухани және тілдік әртүрлілігіне тұрақты қызығушылық пен терең құрметті дамытуға бағытталған. Бай мәдени мұрасы бар көпұлтты мемлекетте балалардың біртұтас тарихи-мәдени кеңістікке жататындығын түсінуге көмектесу, олардың бойында өз халқының жетістіктеріне қатыстылық пен мақтаныш сезімін ояту ерекше маңызды болып табылады. Бұл бағыттағы тәрбие жұмысы өскелең ұрпақты Қазақстан халықтарының салт-дәстүрімен, әдет-ғұрыптарымен, ауыз әдебиетімен, мерекелерімен, рәміздерімен, ауызша

және жазба әдебиетімен таныстыруды қамтиды. Бұл өткенмен жеке қарым-қатынасты дамытады, мәдени бірегейлікті және адамгершілік бағдарды нығайтады.

Мәдениеттің, ойдың, ұлттық болмыстың маңызды тасымалдаушысы ретіндегі ана тілінің рөліне ерекше назар аударылады. Сөз мәдениетін дамыту, әдебиетке деген қызығушылық, қостілділікті қолдау арқылы елде рухани бірліктің іргетасы ретінде тілдік әртүрлілікті құрметтеу қалыптасады. Ескерткіштерді, музыкалық және әдеби мұраларды білу тарихқа деген қамқорлықпен қарауға ықпал етеді және мектеп оқушыларының оны сақтауға жауапкершілік сезімін оятады.

Тақырыбы: Ұлттық мерекелер

Топқа арналған тапсырма

- Наурыз мерекесі туралы не білесің?

Сұрақтар.

Бұл мереке қашан тойланады?

Бұл күні не істеу керек?

Қандай тағамдар дайындалады?

Қандай ойындар мен әндер орындалады?

Қысқа әңгіме дайындау.

Мерекенің атауы: _____

Негізгі дәстүр: _____

5. «Ұлттық қолөнері» карточкасы

Тапсырма: қолөнер мен одан алынған затты біріктіру.

Қолөнер неден жасалады

Керамика – қыш ыдыс

Тоқу – тоқылған мата, кілемдер

Ағаш ою – қасықтар, ойыншықтар

Темір – ұста құралдар

Бояу – қуыршақтарды, ыдыс-аяқтарды бояу

«Қазақстанның мәдени мұрасы» тақырыбы бойынша кейстер

Кейс 1. «Менің халқымның отбасылық дәстүрлері»

Жағдаят

Мұғалім балаларға өз отбасының дәстүрлері туралы айтуды ұсынды. Айдаана олардың үйлерінде мереке күндері бауырсақ пісірілетінін айтады, ал Даниэль олардың отбасы Наурыз мерекесін тойлап жатқанын айтады.

Тапсырма:

Бұл дәстүрлерде қандай ортақ нәрсе бар?

Неліктен Қазақстанның түрлі халықтарының дәстүрлерін сақтау маңызды?

Күтілетін жауаптар:

- Барлық дәстүрлер Отбасын және жақсылықты құрметтеуге үйретеді.
- Әр түрлі халықтар бірге өмір сүреді, сондықтан біз олардың әдет-ғұрыптарын сақтаймыз.

Кейс 2. Мектепте Наурыз мерекесін қалай атап өтуге болады?

Жағдаят:

Мектепте Наурыз мерекесін өткізу туралы шешім қабылданды. Мұғалім балалардан Қазақстанның бай мәдени мұрасын қалай көрсетуге болатынын ойластыруды сұрады.

Тапсырма:

Мереке жоспарын жасаңыз. Нені қосу керек?

ұлттық ойындар?

әндер мен билер?

ұлттық тағамдар?

киім және зергерлік бұйымдар?

Шешімдер:

- Ойындар: «Асық ату», «Көкпар» (викторина түрінде).

- Тағамдар: бауырсақ, қымыз, шұбат.

- Наурыз-көже, халықтар достығы туралы көріністер.

Кейс 3. Қазақстанға туристер келді

Жағдаят:

Сіздің қалаңызға басқа елден туристер келді. Олар Қазақстанның мәдени мұрасы туралы білгісі келеді.

Тапсырма:

Оларға қандай орындарды көрсетуге болады?

Ұлттық дәстүрлер туралы не айтуға болады?

Киіз үй, домбыра, түбе, шаңырақ деген сөздердің мағынасын қалай түсіндіруге болады?

Шешімді жауаптар:

- Қожа Ахмет Яссауи кесенесін көрсету, Бәйтерек, этноауыл.
- Домбыра - ұлт жанының символы .
- Шаңырақ - отбасы мен бірліктің символы.

Кейс 4. Ұлттық аспаптар

Жағдаят:

Музыка сабағында балалар қай аспаптың маңыздырақ екенін айтады: домбыра немесе саз сырнай. Саз сырнай мен домбыра ұлттық аспаптар, олардың алатын орны.

Тапсырма:

Домбыраны да, саз сырнайды да жақсы көруге болады деп ойлайсыз ба? Ұлттық құралдарды білу неге маңызды?

Шешімді жауаптар:

- Иә, екеуі де – мәдени мұра.
- Домбыраның тарихын талдай отырып, тарих пен дәстүрмен байланысты қалай сақтаймыз.

Кейс 5. Ұлттық қолөнерге қауіп төніп тұр

Жағдаят:

Ауылда тұскиіз (ұлттық қабырға безендіру) жасайтын қолөнер тұрады, бірақ жастар бұған қызығушылық танытпайды.

Тапсырма:

Балалардың назарын осы қолөнерге қалай аудару керектігін ойлау.

Шешімді идеялар, мысалы:

- «Ұлттық өнер» Мектеп үйірмесін ұйымдастыру.
- Қолөнер көрмесін жасау.
- Қолөнершілер туралы қысқаша бейне-ролик түсіру.

Кейс 6 Экологиялық мұра

Жағдаят:

Ауылдың жанында әдемі көл бар, онда бұрын ұлттық мерекелер тойланған болатын. Қазір ол лас болып, ешкәмге керексіз болып жатыр және адамдар келуді тоқтатты.

Тапсырма:

Неліктен табиғатты қорғау мәдени мұраның бір бөлігі болып табылады?

Адамдардың бұл жерге келуге деген қызығушылығын ояту үшін не істеуге болады?

Шешім:

- «Таза Қазақстан» акциясы аясында «Таза көл – таза мәдениет» акциясын өткізу.

- Аумақты тазалау, тақтайшалар қою, көл жағасында Наурыз мерекесін өткізу.

Кейс 7. Інісіне не айту керек?

Жағдаят:

Сіздің ініңізге Қазақстанның символын салу тапсырылды. Ол не таңдау керектігін білмейді — ту, елтаңба немесе шаңырақ.

Тапсырма:

Оған таңдауға көмектесіңіз және бұл символдың мәдени мұрамен неліктен байланысты екенін түсіндіріңіз.

Шешімді жауаптар:

- Шаңырақ – Қазақстан халықтарының отбасы мен бірлігінің символы.
- Елтаңба елдің байлығын, бүркіт – бостандықты көрсетеді.
- Ту – бейбітшілік пен күннің символы.

Кейс 8 Біздің сынып - Қазақстан еліміздің бір бөлігі

Жағдаят:

Сыныпта әр түрлі ұлт балалары оқиды: қазақтар, орыстар, өзбектер, немістер.

Тапсырма:

Сыныпта халықтар достығын қалай көрсетуге болады?

Әркім өз мәдениеті туралы не айта алады?

Шешім:

- Ұлттық мәдениет күнін өткізу
- Әр түрлі халықтардың костюмдерін, ойындарын, мақал-мәтелдерін көрсету
- Ең бастысы - бір-біріне деген құрмет пен қызығушылық

Шеберлік сынып сағатының әзірлемесі (үлгі)

Тақырыбы: «Ұлттық мұра – ұрпаққа аманат»

Бағыты: Мәдени мұра арқылы тұлғаны тәрбиелеу

Модель: «Мектеп – мәдени хаб»

Ұзақтығы: 40-60 минут

Қатысушылар: 6-9 сынып оқушылары, ата-аналар, педагогтер

Өткізу орны: Мектептің өнер немесе технология кабинеті, фойе немесе шеберхана

Мақсаты:

Білім алушылар мен ата-аналарды ұлттық мәдениеттің, қолөнердің, дәстүрлі өнер түрлерінің маңызын түсінуге, оны тәжірибе арқылы меңгеруге үйрету.

Міндеттері:

1. Білім алушылардың мәдени-рухани құндылықтарға деген қызығушылығын арттыру.
2. Ұлттық өнер түрлерін үйрету арқылы шығармашылық әлеуетін дамыту.
3. Ұжымдық жұмыс, өзара сыйластық пен жауапкершілік дағдыларын қалыптастыру.
4. «Адал азамат» бағдарламасының тәуелсіздік және отаншылдық, бірлік және ынтымақ, әділдік және жауапкершілік, заң және тәртіп, еңбекқорлық және кәсіби біліктілік, жасампаздық және жаңашылдық құндылықтарын құндылықтарын іс жүзінде көрсету.

Қажетті құрал-жабдықтар:

- ✓ Киіз, жүн, маталар, қайшы, ине-жіп, желім
- ✓ Дайын ою үлгілері, киіз бұйымдары, ұлттық ою-өрнек суреттері
- ✓ Дыбыс аппаратурасы, проектор, бейнежазба («Қолөнер – ұлт айнасы» бейнеролигі)
- ✓ Ұлттық музыка әуені (фон ретінде)
- ✓ Флипчарт, маркер, стикерлер

Өткізу барысы (40-60 минут):

1. Кіріспе бөлім (10 мин)

- Мұғалім сөзі:

«Қазақ халқының мәдени мұрасы – ұлттың жаны мен рухының айнасы.

Бүгін біз өз қолымызбен ұлттық өнеріміздің бір бөлігін жасап көреміз.....»

- ✓ Бейнебаян көрсету: «Қолөнер – ұлт айнасы»
- ✓ Қатысушылармен сұрақ-жауап:
- ✓ – «Қандай ұлттық бұйымдарды білесіңдер?»
- ✓ – «Ою-өрнектің мәні неде?»
- ✓

2. Негізгі бөлім (25-30 мин)

Тақырыптық шағын дәріс: «*Ою-өрнек – мәдени код*»

Мұғалім ою түрлері мен мағыналарын қысқаша таныстырады.

Тәжірибелік жұмыс:

Қатысушылар шағын топтарға бөлінеді (әр топта 4–5 адам).

Әр топ өз ою үлгісін киізге немесе қағазға желімдеп, шағын бұйым (түсбелгі, панно, тұмарша) жасайды.

Қолөнер шебері немесе технология пәні мұғалімі іс жүзінде көрсетеді.

Серпілту сәті:

– Ұлттық әуенмен бірге 1–2 минуттық шағын би немесе «Қара жорға» сергіту жаттығуы.

3. Қорытынды бөлім (10-15 мин)

Топтар өз жұмыстарын қорғайды:

«Біздің бұйым нені бейнелейді?», «Қандай құндылықты жеткізеді?»

- Сарапшылар (педагогтер, ата-аналар) пікір білдіреді.
- Қатысушыларға сертификат немесе естелік белгілер тапсырылады.
- Қорытынды сөз:

«Бүгінгі жасаған шағын бұйымдарыңыз – ұлттық рухтың символы.

Осы арқылы біз ата-баба дәстүрін жалғастырамыз.....»

Күтілетін нәтижелер:

- Білім алушылар ұлттық мұра мен өнердің мәнін түсінеді;
- Қолөнер арқылы еңбек сүйгіштік, әсемдікке талпыныс дағдылары дамиды;
- Ата-ана, білім алушы, мұғалім арасындағы мәдени байланыс нығаяды.

Креативті кеңестер:

1. «Мәдени челлендж» – қатысушылар өз бұйымдарын әлеуметтік желіге #МәдениХаб #АдалАзамат хэштегімен жариялайды.
2. «Ұлт өнері күні» – айына бір рет түрлі қолөнер шеберлерін шақыру.
3. «Этноарт-жоба» – әр сынып өз мәдени бұрышын (көрме, макет, фотоколлаж) жасайды.
4. «Рухани керуен» – ата-аналар мен білім алушылар бірлесе музейге, этноауылға экскурсия жасайды.
5. VR-технология қолдану – ұлттық киім, аспаптарды 3D форматта таныстырады.

Негізгі орта білім беру деңгейі бойынша білім алушылардың бойында мәдени мұраға деген құрметті қалай арттыруға болады

Білім беру процесінде білім алушылардың мәдени мұраға құрметпен қарауын қалыптастырудың жай-күйін, проблемалары мен перспективаларын талдау мақсатында сабақта және сабақтан тыс уақытта жүзеге асыруға болады.

Мәдени мұраны сақтау және дамыту ұлттық тәрбиенің басым бағыттарының бірі. Көтеріліп отырған мәселенің өзектілігі жаһандану және цифрландыру жағдайында дәстүрлерді, тілді, фольклорды және ұлттық құндылықтарды жоғалту қаупі артады. Сондықтан мектеп алдында маңызды міндет – білім алушыларда мәдени мұраны саналы түрде құрметтеуді қалыптастыру, өз халқының тарихы мен жетістіктеріне мақтаныш сезімін тәрбиелеу маңызды.

Білім беру ұйымдарында негізгі орта білім беру негізінде (5-9 сыныптар) білім алушылар туған өлкенің мәдени дәстүрлері, рәміздері мен әдет-ғұрыптары туралы негізгі білімді қамтыған, біледі.

Бұл ретте «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында этномәдени және әлеуметтік жобаларға, конкурстарға, мұражай және зерттеу іс-шараларына қатысуға қызығушылықтың артуы байқалады. Ол:

тарих, әдебиет, музыка сабақтарында өлкетану және этномәдени материалдарды белсенді пайдалану;

Мәдени мұра тақырыптарын мектеп жобалары мен тәрбие сағаттарына қосу;

мектептердің мұражайлармен, мәдениет үйлерімен, этномәдени орталықтармен ынтымақтастығын дамыту.

Проблемалық аспектілері де байқалады, ол:

осы бағыт бойынша тәрбие жұмысының жүйелілігі жеткіліксіз;

отбасылар мен жергілікті қоғамдастықтың шектеулі қатысуы;

мәдени мұраны танымал етудің цифрлық және интерактивті түрлерін пайдаланудың төмен деңгейі байқалады.

Мәдени мұраны құрметтеуді арттырудың негізгі бағыттары:

Білім беру интеграциясы.

Мәдени мұра элементтерін пәндер бойынша оқу бағдарламаларының мазмұнына қосу; интеграцияланған сабақтарды ұйымдастыру («фольклор арқылы тарих», «дала музыкасы» және т.б.).

Жобалау және зерттеу қызметі.

Мектеп жобаларын іске асыру: «Менің туған өлкем», «Халқымның мәдениеті мен дәстүрлері», «менің өлкемдегі тарихи ескерткіштер». Шағын мұражайлар мен виртуалды экспозициялар құру.

Мәдени-демалыс іс-шаралары.

Фестивальдар, ұлттық көрмелері, театрландырылған қойылымдар, ұлттық қолөнер жәрмеңкелері, фольклорлық кештер өткізу.

Ата-аналармен және қоғамдастықпен серіктестік.

Ата-аналарды мәдени және отбасылық жобаларға тарту («Менің отбасымның жәдігері», «Менің отбасымның дәстүрлері»), мәдени мекемелермен және қоғамдық ұйымдармен өзара әрекеттесу.

Сонымен қатар мәдени құндылықтарды көрсету және сақтау үшін медиа жобаларды, мектеп блогтарын, подкасттарды, бейнелерді және әлеуметтік медианы пайдалану.

Осындай іс-шараларды жүргізу барысында:

Білім алушылардың білім деңгейін және мәдени мұраға қызығушылығы артады;

тұлғаның патриоттық және рухани-адамгершілік қасиеттері дамиды;

тұрақты азаматтық және мәдени бірегейлікті қалыптасады;

тәрбие процесінде мектептің, отбасының және қоғамның өзара іс-әрекеті нығаяды.

Негізгі орта білім алушылардың мәдени мұраға деген құрметін тұрақты арттыру үшін:

рухани-адамгершілік дамудың мектеп бағдарламасы шеңберінде тәрбие жұмысын жүйелеу;

этномәдени бағыттағы іс-шаралардың әдістемелік материалдары мен сценарийлерін әзірлеу;

мәдениет мекемелерімен, қоғамдық ұйымдармен және шығармашылық кәсіп өкілдерімен ынтымақтастықты кеңейту;

мәдени мұраны сақтау және насихаттау үшін цифрлық технологияларды пайдалануды ынталандыру.

Негізгі орта білім беру деңгейі бойынша шығармашылық тапсырмалар мен кейстер үлгісі

Кейс 1. «Қазақстанның мәдени мұрасы» тақырыбы бойынша кейстер (5-9 сыныптар)

Өткен немесе болашақ неғұрлым құнды?

Жағдаят:

Бір қалада сауда орталығын салу үшін ескі ғимаратты бұзу туралы шешім қабылданды. Бірақ тұрғындар бұл үй тарихтың бір бөлігі деп санайды, өйткені ол жерде бір кездері белгілі ақын өмір сүрген.

Тапсырма:

Мәдени нысанды сақтау немесе жаңа ғимарат салу маңызды ма?

Қорытынды:

- Мәдени мұра - ұрпақтар арасындағы байланыс.
- Қазіргі заман мен тарихты сақтауды біріктіруге болады (мысалы, жаңа ғимаратта мұражай құру).

Кейс 2. Қазіргі заманғы өнер және дәстүрлер

Жағдаят:

Жас суретші граффити стилінде суреттер салады және қазақ ою-өрнектерін пайдаланады. Кейбіреулер бұл дәстүрді «бұрмалайды», басқалары «мәдениеттің жаңа тынысы» дейді.

Тапсырма:

Дәстүрлі және заманауи өнерді біріктіруге бола ма?

Дәстүр сәнге айналғанда, ол өзінің құндылығын жоғалтады ма?

Қорытынды:

- Мәдениет уақытқа бейімделсе дамиды.
- Мағынаны сақтау маңызды, тіпті жаңа заманауи фориатта да.

Кейс 3. ХХІ ғасырдағы домбыра

Жағдаят:

Жастар домбырада ойнауды аз үйренеді. Музыка мектебі үйірме ашуға шешім қабылдады, бірақ оқушылар аз жазылды.

Тапсырма:

Неліктен ұлттық құралдарға деген қызығушылық төмендейді?

Жасөспірімдердің назарын домбыраға қалай аударуға болады?

Шешуші идеялар:

- Әлеуметтік желілерде «домбыра челленджі» байқауын ұйымдастыру.
- Заманауи әндерді домбыраның сүйемелдеуімен орындау.

Кейс 4. Тарихи туризм

Жағдаят:

Оқушылар тобы басқа елдерден келген қонақтар үшін Қазақстанның тарихи орындары бойынша туристік бағыт дайындауда.

Тапсырма:

Сіз қандай мәдени мұра нысандарын көрсетер едің?

Шетелдіктерге олардың мағынасын қалай түсіндіруге болады?

Неліктен тарихи туризм ел үшін маңызды?

Мысалы:

- Қожа Ахмет Яссауи кесенесі, Бәйтерек, Таңбалы тас, Ботай.
- Тарихи туризм экономиканы дамытуға және дәстүрлерді сақтауға көмектеседі.

Кейс 5. Жоғалып бара жатқан қолөнер

Жағдаят:

Бір ауылда кілем тоқу, ағаш кескіндеме және зергерлік бұйымдар шеберлері азайып барады.

Тапсырма:

Неліктен дәстүрлі қолөнер жоғалады?

Оларды болашақ ұрпақ үшін қалай сақтауға болады?

Мектеп не істей алады?

Шешімдер:

– «Ұлттық өнер» үйірмелерін енгізу.

- Мектеп шеберханасын құру.

- Шеберлермен сұхбат жазыңыз.

Кейс 6. Қазақстан халықтарының бірлігі күні

Жағдай:

Мектеп 1 мамырға дайындалуда. Әр түрлі ұлттардың шәкірттері өз мәдениеттерін таныстыруы керек. Бірақ бір оқушы: «неге бұл? Біз бәріміз қазақстандықпыз!».

Тапсырма:

Неліктен біз бір елде тұрсақ та, басқа халықтардың мәдениеттерін білу және құрметтеу маңызды?

Көпұлттылық Қазақстанды қалай күшейтеді?

Қорытынды:

- Әр түрлі мәдениеттер – бұл елдің байлығы.

- Бірлік әртүрлілікті құрметтеуге негізделген.

Кейс 7. Цифрлық мұра

Жағдаят:

Интернетте жасөспірімдер қазақ мәдениеті туралы парақшалар жасайды: әндер, ою-өрнектер, рецепттер. Бірақ біреу дұрыс емес, қарсы пікір білдіріп, ақпарат жазады.

Тапсырма:

Неліктен мәдени фактілердің дұрыстығын тексеру маңызды?

Интернет мұраны сақтауға қалай көмектеседі?

Жастардың медиа арқылы мәдениетті үйренуі үшін не істеуге болады?

Шешуші идеялар:

- «Менің халқымның мәдениеті» мектеп блогын құру.

- Дәстүрлер туралы қысқа бейнелер жасау.

Кейс 8. Табиғат және мәдениет

Жағдаят:

Ежелгі қорған орналасқан таудың етегінде саяжайлар салына бастады. Белсенділер бұл жердің тарихи құндылығы бар деп наразылық білдіреді.

Тапсырма:

Мұндай аумақтарды құрылыс үшін пайдалануға бола ма?

Мәдени ландшафттарды дамыту мен қорғау арасындағы тепе-теңдікті қалай сақтауға болады?

Қорытынды:

- Табиғи және мәдени мұра өзара байланысты.
- Тарихи маңызы бар орындарды сақтау қажет.

Кейс 9. Тіл мұраның бөлігі ретінде

Жағдаят:

Кейбір отбасыларда балалар ана тілінде сөйлемейді, үйде олар тек орыс немесе ағылшын тілдерінде сөйлеседі.

Тапсырма:

Неліктен тіл мәдени мұраның бөлігі болып табылады?

Жастардың ана тілін мақтан тұтуы үшін не істеуге болады?

Шешімдер:

- Әдеби кештер, оқырмандар сайыстарын өткізу.
- Қазақ тілінде блогтар, подкасттар құру.
- Ана тілін күнделікті қарым-қатынасқа қосу.

Кейс 10. Менің отбасым-ел тарихының бір бөлігі

Жағдаят:

Мұғалім оқушыларға «отбасының шежіресін» құруды және ұрпақтан-ұрпаққа қандай дәстүрлер берілетінін табуды ұсынды.

Тапсырма:

Сіздің отбасыңыздың қандай элементтері мәдени мұраға жатады?

Ата-баба жадын қалай сақтауға болады?

Қорытынды:

- Отбасылық құндылықтар-ұлттық мәдениеттің негізі.
- Отбасы тарихы-Қазақстан тарихының бір бөлігі.

«Адал жол» мини-ойынының сценарийі

Жалпы сипаттамасы

• **Жобаның атауы:** «Адал жол» — адалдық пен еңбексүйгіштікке арналған мобильді ойын

• **Ұйымдастыру форматы:** Кодтау клубы немесе STEM үйірмесі аясындағы шығармашылық жоба

• **Ұзақтығы:** 2–3 апта

• **Қатысушылар:** 7–11 сынып оқушылары

• **Қолданылатын платформалар:** *Scratch, Tynker, Unity немесе Construct 3*

• **Жетекшілер:** Информатика мұғалімі, тәрбие ісі жөніндегі орынбасар, сынып жетекшілері

Мақсаты

Оқушылардың технологиялық, логикалық және құндылықтық ойлауын ұштастыру, «Адал азамат» бейнесі арқылы адалдық, әділдік, жауапкершілік және еңбексүйгіштік ұстанымдарын цифрлық форматта көрсету.

Міндеттері

1. Оқушылардың кодтау және ойын жасау дағдыларын дамыту.
2. Адалдық, әділдік және жауапкершілік құндылықтарын виртуалды форматта көрсету.
3. Командалық жұмысты, шығармашылық және сыни ойлауды дамыту.
4. Тәрбиені заманауи технологиялармен байланыстыру.

Ойынның идеясы

Ойынның басты кейіпкері – «Адал азамат» атты виртуалды кейіпкер. Ол төрт деңгейден өтеді, әр деңгей өмірдегі белгілі бір құндылықты меңгеруді бейнелейді.

Мақсаты – «Адалдық шыңына» жетіп, қоғамға пайда тигізетін тұлға болу.

Ойынның құрылымы мен деңгейлері

Деңгей	Атауы	Мазмұны	Мақсаты
1-деңгей: ӘДІЛДІК	«Таңдау сәті»	Кейіпкер бірнеше ситуацияға тап болады: емтихан кезінде көшіру ме, әлде өз еңбегіне сену ме? Досына көмектесу ме, әлде бұрылып кету ме?	Дұрыс, әділ шешім қабылдау дағдысын қалыптастыру
2-деңгей: ЖАУАПКЕРШІЛІК	«Уақыт пен міндет»	Кейіпкерге белгілі бір уақытта тапсырмаларды	Өз уақыты мен әрекеті үшін жауап беру

		орындау қажет. Мысалы: жобаны уақытында тапсыру, тапсырмаларды жоспарлау, уәдені орындау.	
3-деңгей: ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ	«Кедергілер арқылы өсу»	Кейіпкер виртуалды кедергілерден өтеді (код шешу, есеп шығару, логикалық тапсырма орындау).	Табандылы қ, еңбек арқылы жетістікке жетуді үйрету
4-деңгей: СЕНІМ ЖӘНЕ АДАЛДЫҚ	«Командадағы рух»	Кейіпкер басқа ойыншыларға көмек көрсетеді, дұрыс ақпарат бөліседі, ортақ жетістікке жету жолын таңдайды.	Адал қарым-қатынас, бір-біріне сену, серіктестік мәдениетін дамыту

Ойын барысы (сценарий)

1. Кіріспе бейнеролик (1 минут):

2. Экранда «Адал азамат» бейнесі пайда болады.

Ол былай дейді:

«Әр адамның өмірі – бір сапар. Бұл сапарда адал жолды таңдаған адам ғана шыңға жетеді!»

Мұғалім (немесе жетекші) ойынның мақсаты мен ережесін түсіндіреді.

3. Командаларға бөлу:

- 3–5 адамнан топтар құрылады.

- Әр команда өз ойын нұсқасын құрастырады (жол, кейіпкерлер, диалогтар, қиындықтар).

- Топ атауы мен ұраны құрастырылады (мысалы, «Кодшылар әділдігі», «Адалдық тимі» т.б.).

4. Кодтау кезеңі:

- Scratch немесе Unity арқылы кейіпкерлер қозғалысын, кедергілер мен деңгейлерді жасайды.

- Әр деңгейге өз құндылық мазмұнын енгізеді (мысалы, адалдық туралы диалог немесе тестік сұрақ).

5. Тестілеу:

- Командалар өз ойындарын бір-біріне көрсетіп, сынап көреді.

- Әр команда басқа топтың ойынын әділ бағалайды.

6. Финал – «Adal Jam» байқауы:

- Барлық топ өз ойындарын таныстырады.

- Қазылар (мұғалімдер мен оқушылар) төмендегі критерийлермен бағалайды:

➤ Идея мен мазмұндағы құндылықтар (адалдық, еңбек, жауапкершілік);

➤ Код пен дизайн сапасы;

➤ Командалық жұмыс;

➤ Ойынның тәрбиелік әсері.

7. Қорытынды және марапат:

- «Ең адал жоба», «Ең әділ кодер», «Ең жауапты команда» сияқты номинациялар беріледі.

- Барлық қатысушыларға **QR-мадақтама** немесе **цифрлық «Адалдық белгісі» (digital badge)** тапсырылады.

Күтілетін нәтижелер

- Оқушылардың **цифрлық сауаттылығы, шығармашылық қабілеті және топпен жұмыс істеу дағдылары** дамиды.

- **Адалдық, әділдік, жауапкершілік және еңбексүйгіштік** құндылықтары іс-әрекет арқылы меңгеріледі.

- Оқушылар **өз еңбегінің нәтижесін** көреді және **«адал еңбек – нәтиже кепілі»** екенін түсінеді.

Қосымша идеялар:

- Ойын барысында «Адалдық энергиясы» жинақталатын жүйе енгізу.

- Ойын соңында кейіпкер өз «кодексін» жазады: *«Мен адал болуға ант етемін!»*

- Ойын ішіне қазақтың мәдени мұрасынан қысқа нақыл сөздер енгізу (мысалы, «Адал еңбек – елдің мерейі», «Еңбек етсең – емерсің»).

Жалпы орта білім беру деңгейі бойынша білім алушылардың бойында мәдени мұраға деген құрметті қалай арттыруға болады

Жоғары сынып оқушылары арасында мәдени мұраға құрметпен қарауды қалыптастыру үшін жағдаяттарды талдау, проблемаларды анықтау және білім алушылардың түсінігін кеңейту маңызды. Мәдени мұра-ұлттық бірегейліктің,

рухани дамудың және отаншылдық сезімді қалыптастыру тәрбиенің негізі болып табылады. Жаһандану жағдайында жастардың өз халқының дәстүрлері мен тарихына деген қызығушылығының төмендеуі байқалады.

Мәдени мұраны құрметтеуді арттыру – мектептің тәрбие жұмысының стратегиялық міндеті. Жалпы орта мектеп оқушылары «Мәдени мұра» ұғымын біледі, түсінеді, бірақ көп жағдайда іс-жүзінде бетпе бет келгенде білім алушылардың 60-70% - ы мәдениетті ұсынудың заманауи түрлеріне (медиа, сән, музыка) қызығушылық танытады екен. 40%-дан азы тарихи-мәдени бағытқа байланысты жобаларға қатысады. Осы мақсатта іс-шараларды мазмұнды өткізу керек.

Мысалы: этномәдени компоненттерді оқу үдерісіне енгізу (тарих, әдебиет, өнер).

жобалық және волонтерлік қызметті жандандыру
мектептердің мұражайлармен, кітапханалармен, мәдениет орталықтарымен ынтымақтастығы.

Дегенімен, білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысының жүйелілігі мен практикалық бағыттылығы жеткіліксіз. Білім алушылардың ұлттық дәстүрлерді үйренуге деген ынтасы шектеулі. Мәдени құндылықтарды насихаттау үшін цифрлық платформаларды әлсіз пайдаланбайқалады.

Мәдени мұраны құрметтеуді арттыру жолдары

Пән мазмұнына мәдени дәстүрлер, ұлттық батырлар, тарихи ескерткіштер туралы тақырыптарды толық ашу, терең меңгеру;

«Мәдениет және қазіргі заман», «Менің мұрам – менің мақтанышым» интеграцияланған сабақтарын ұйымдастыру.

Жобалау – зерттеу қызметін ұйымдастыруда мектеп және аймақтық жобалар «Жанды мұра», «Менің Отаным», «Менің отбасымның тарихы»; мектеп конференциялары мен зерттеу жұмыстарының конкурстарын өткізу және т.б.

сынып сағаттары, ток-шоулар, ұлттық мәдениет фестивальдері; салт-дәстүр күндерін, қолөнер көрмелерін, шығармашылық кештерді өткізу

Цифрлық технологияларды пайдалану мәдени құндылықтар туралы медиа жобалар, блогтар, бейнероликтер жасау; ескерткіштер мен мұражайларға виртуалды экскурсиялар.


Сонымен қатар мәдениет мекемелерімен, ҰЕҰ, ата-аналармен бірлескен акциялар, мәдени нысандарды сақтау бойынша еріктілер қозғалыстарына қатысу.

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы шеңберінде іс-шараларды жүзеге асыру арқылы білім алушылардың мәдени сауаттылығы мен ұлттық сана-сезімі артады; мәдени әртүрлілік пен төзімділікті құрметтейді; жоғары сынып оқушыларының мәдени-ағарту бастамаларына қатысуы жанданады және ұлттық дәстүрлер мен құндылықтарға тұрақты қызығушылықты қалыптастыру.

Мектептегі тәрбие жұмысын өткізуде нәтижеге қол жеткізу үшін: мәдени-тәрбие жұмысының практикалық бағытын күшейту қажет; Мәдени мұраны құрметтеу деңгейін бақылаудың мектеп жүйесін құру; Этномәдени тәрбие бойынша әдістемелік ұсынымдар мен цифрлық ресурстарды әзірлеу; мектептің мәдениет мекемелерімен, қоғамдық ұйымдармен және ата-аналар қауымдастығымен желілік байланысын кеңейту қажет.

Міржақып Дулатұлының «Оян, қазақ!» шығармасы — қазақ халқының рухани оянуына, ұлттық сана мен тәуелсіздік идеясын дәріптеу

Мақсаты: Міржақып Дулатұлының «Оян, қазақ!» шығармасы арқылы б»л»м алушылардың бойында ұлттық рух пен отаншылдық сезімді қалыптастыру, тәуелсіздік пен еркіндіктің қадірін түсінуге, елінің болашағына жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу. Шығармадағы халықты оятуға шақырған рухани үндеудің мәнін ұғындыру, жастардың еліне, тілі мен діліне, мәдениеті мен тарихына деген сүйіспеншілігін арттыру, «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының аясында патриоттық және ұлттық құндылықтарды дәріптеу



«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасындағы тәуелсіздік және отаншылдық құндылықтарына сәйкес

Тәуелсіздік пен ұлттық сана

1. «Оян, қазақ!» деген үндеуде тәуелсіз ел болуға шақырудың қандай белгілері бар деп ойлайсыз?
2. Міржақыптың «көзіңді аш, оян қазақ» деген сөзі қазіргі еркін ел жастары үшін нені білдіреді?

3. Бұл өлеңдегі рухты сөздер сізге өз еліңіздің тәуелсіздігін бағалауға қалай әсер етті?

Отаншылдық және елге адалдық

4. Ақынның елін сүйген жүрегін бүгінгі жастар қалай үлгі ете алады?

5. «Жер кетті, дін нашарлап, хал арам боп...» деген жолдарда ақынның еліне деген адалдығы қалай көрінеді?

6. Сіз өзіңізді «Адал азамат» ретінде ел мен жер алдындағы борышыңызды қалай орындайсыз?

Намыс, рух және ел қорғау идеясы

7. Міржақыптың «ояту» үндеуі сіздің бойыңызда қандай рухани жігер мен намыс отын оятты?

8. Ақын ұлт намысын қорғау арқылы қандай адамдық қасиеттерді дәріптейді?

9. Егер сіз сол дәуірде өмір сүрсеңіз, ел тәуелсіздігі үшін қандай ерлік істерге барар едіңіз?

Бірлік пен рухани тұтастық

10. Өлеңде ел бірлігіне, халықтың оянуына үндеу бар. Бүгінгі қоғамда бұл идея қаншалықты маңызды деп ойлайсыз?

11. «Халыққа, жастар, басшы бол!» деген жолдар жастарды қандай бірлік пен жауапкершілікке тәрбиелейді?

12. Ел бірлігі мен ұлттық рух бір-бірімен қалай байланысты деп түсінесіз?

Ұлттық құндылықтар және адамгершілік тәрбиесі

13. Өлеңдегі басты идеяларды Адал азамат біртұтас тәрбиесінің құндылықтарымен қалай байланыстырар едіңіз?

14. Бұл шығарма сізге ұлт алдындағы борыш, намыс пен жауапкершілік туралы не үйретті?

15. «Оян, қазақ!» өлеңіндегі рух – бүгінгі ұрпақты қандай ұлттық және моральдық құндылықтарға жетелейді?

16. Шығармадағы патриоттық үн мен тәуелсіздік идеясы сені неге жетелейді?

17. Бүгінгі таңда ел үшін еңбек етудің қандай түрлері «оянған қазақтың» белгісі деп ойлайсың?

18. Міржақыптың «ел болашағы – жастардың қолында» деген сенімін сен қалай дәлелдер едің?

19. Бұл шығарма саған қандай рух берді, қандай сезім оятты?

20. Қазақ халқының еркіндігі мен рухы сенің өміріңде қалай көрініс табады?

21. «Оян, қазақ!» идеясы — тек бір дәуірге емес, мәңгілік үндеу деп айтуға бола ма?

22. Елге, жерге адал болу – тәуелсіздіктің кепілі. Сен өз өміріңде осыны қалай көрсетесің?

23. Міржақыптың шығармасындағы отаншылдық рух пен қазіргі «Адал азамат» ұстанымы арасында қандай ұқсастық бар?

24. «Оян, қазақ!» өлеңін тыңдағанда жүрегіңде қандай от жанады?

«Жаужүрек мың бала» фильмі арқылы ұлттық рух пен ел бірлігін дәріптеу



«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасындағы тәуелсіздік және отаншылдық құндылығы

Мақсаты:

Фильм арқылы оқушылардың ұлттық рухын, елжандылық сезімін, туған жерге деген сүйіспеншілігін арттыру, батырлық, бірлік, ар-намыс, және ата-баба аманатына адалдық қасиеттерін қалыптастыру.

Ұлттық рух пен бірлік туралы

1. Фильмдегі басты кейіпкерлердің ел бірлігі жолындағы іс-әрекеттері сізге қандай ой салды?

2. «Бірлік» ұғымы фильмде қалай көрініс тапқан? Бүгінгі қазақ жастары үшін оның маңызы қандай?

3. Кейіпкерлер бір мақсатқа жұмылып, елін-жерін қорғады. Сіздің ойыңызша, бүгінгі қоғамда «ортақ мүдде» деген ұғым нені білдіреді?

Батырлық пен намыс жайында

4. Фильмдегі қай батырдың іс-әрекеті сізге ерекше әсер етті? Неге?

5. «Намыс», «ерлік», «ар-ождан» секілді ұғымдар осы фильмде қалай бейнеленген?

6. Егер сіз сол кезеңде өмір сүрсеңіз, отаныңыз үшін қандай ерлік істер жасауға дайын болар едіңіз?

Туған жер мен Отанды қорғау

7. Фильмдегі соғыс көріністері мен жерді қорғау тақырыбы сіздің туған жерге деген көзқарасыңызды өзгертті ме?

8. Қазақ халқы үшін жер мен елдің қасиетті екенін дәлелдейтін қандай көріністер байқадыңыз?

9. «Жерім – менің болашағым» дегенді қалай түсінесіз?

Ұлттық дәстүр мен мәдени мұра

10. Фильмде ұлттық дәстүр, салт-жоралғылар қалай көрсетілген? Бұл көріністердің жастарға тәрбиелік мәні қандай?

11. Батырлардың киімі, қару-жарағы, сөйлеу мәнері, ата-баба рухына деген құрмет – осының бәрі қандай ұлттық құндылықтарды бейнелейді?

12. Фильмде ата-баба өсиеті мен ұрпақ сабақтастығы қалай суреттелген?

Отанышылдық сезімі мен қазіргі заман

13. Фильмді көрген соң өз еліңе, халқыңа деген мақтаныш сезімі пайда болды ма?

14. Осы фильм қазіргі жастарды елін сүйуге қалай тәрбиелей алады?

15. Сіздің ойыңызша, қазіргі заманның «жаужүрек мың баласы», яғни елін-жерін қорғайтын «Адал азамат» қандай болу керек?

Жоба: «STEAM және ұлттық мәдени мұра байланысы»

Жобаның жалпы сипаттамасы

Жобаның атауы: *«Эко-адал азамат» – ұлттық мұра мен технологияны ұштастыру*

Бағыты: STEAM-білім (Science, Technology, Engineering, Art, Mathematics)

Негізгі идея: Ұлттық дәстүрлер мен мәдени мұраны заманауи ғылым, технология және өнер арқылы жаңғырту.

Ұйымдастыру форматы: мектепшілік немесе қалалық STEAM-жоба фестивалі

Ұзақтығы: 2–3 апта (3 кезең)

Қатысушылар:

- 1- Топ – 5-9 сынып оқушылары
- 2- Топ – 10-11 сынып оқушылары

Координаторлар: информатика, жаратылыстану, технология, бейнелеу өнері мұғалімдері және тәрбие ісі жөніндегі орынбасар

Мақсаты

Білім алушылардың **ұлттық мәдени мұраны ғылыми-технологиялық тұрғыдан қайта түсінуіне, экологиялық жауапкершілік, адалдық және еңбексүйгіштік** сияқты құндылықтарды тәжірибеде қолдануына жағдай жасау.

Міндеттері

1. STEAM-ойлау мен ұлттық мәдениетті кіріктіру.
2. Ұлттық мұраны зерттеу және оны заманауи технологиямен бейнелеу.
3. Экологиялық мәдениет пен жауапкершілікті қалыптастыру.

4. Білім алушылардың зерттеушілік, инженерлік және шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Жоба құрылымы (3 кезең)

Кезең	Атауы	Мазмұны	Нәтиже
1-кезең: Зерттеу және идея табу	«Мұра мен ғылым үндестігі»	Ұлттық мұра элементтерін (ою, тұрмыс заты, табиғатпен байланыс, киіз үй құрылымы, суару жүйесі т.б.) зерттеу. Экологиялық және технологиялық аспектісін анықтау.	Жоба идеясы мен постер
2-кезең: Дизайн және құрастыру	«Технологиядағы дәстүр»	3D-принт, Arduino, робот техникасы, цифрлық сурет немесе макет арқылы мұра элементін жаңғырту.	Макет, модель немесе кодталған өнім
3-кезең: Таныстырылым және байқау	«Эко-адал азамат» STEAM фестивалі	Әр топ өз жобасын қорғайды, адалдық пен экологиялық жауапкершілікті қалай енгізгенін түсіндіреді.	Қазылар бағасы, марапат, QR-мадақтама

5-9 сынып оқушылары үшін

Тақырып:

«Мұрадағы ғылым: дәстүр мен табиғат үндестігі»

Мақсат:

Білім алушылардың экологиялық мәдениеті мен ұлттық дәстүрге құрметін арттыру, қарапайым технологиялық жобалар арқылы мәдени мұраны жаңғырту.

Жобаның барысы:

1. Кіріспе сабақ

«Ұлттық мұра мен экология»:

- Мұғалім экологиялық жауапкершілік пен адал еңбектің байланысын түсіндіреді.
- Топтар қазақ халқының табиғатты қорғау дәстүрлері туралы зерттеу жасайды (мысалы: «суға түкірме», «ағаш ек», «ысырап етпе»).
- Әр топ өз идеяларын плакатқа түсіреді.

2. Практикалық кезең

«Эко-ойлап тап»:

Топтар шағын прототип жасайды:

- **3D-принт:** ою-өрнекпен безендірілген эко-бөтелке ұстағыш;
- **Arduino:** жарық үнемдейтін «ақылды шам»;
- **Қайта өңделген материалдардан макет:** киіз үйдің мини-нұсқасы

немесе ұлттық аспаптың моделі.

Әр жоба ұлттық нақышта безендіріледі (ою, түстер, нақыл сөздер).

3. Қорғау кезеңі

«Эко-адал азамат» фестивалі:

Топтар өз өнімін таныстырады:

- *«Бұл жоба арқылы біз табиғатты қорғай отырып, ата дәстүрді сақтаймыз»*
- Құндылық байланысын көрсетеді (мысалы, адал еңбек, ұқыптылық, әділдік).

4. Бағалау критерийлері:

- Экомәдени идеясы бар ма?
- Ұлттық мұра элементі қолданылған ба?
- Білім алушының еңбегі мен жауапкершілігі байқала ма?

10–11 сынып оқушылары үшін

Тақырып:

«Технологиядағы адалдық: дәстүр мен инновацияны біріктіру»

Мақсат:

Жастардың технологияны адалдық, еңбекқорлық және ұлттық құндылықтармен ұштастыра білуін дамыту.

Жобаның барысы:

1. Зерттеу кезеңі

«Дәстүр мен цифр үндестігі»:

Топтар зерттеу тақырыптарын таңдайды:

- Киіз үйдің инженерлік құрылымы;
- Қазақ оюларының симметрия және геометрия заңдылықтары;
- Ұлттық аспаптардағы дыбыс физикасы;
- «Эко-адал өмір салты» мобильді қосымшасы.

Әр топ зерттеу нәтижесін жобалық күнделікке енгізеді.

2. Жобалау кезеңі –

«Инновациялық мұра»:

- **3D-принтер:** ұлттық мұра элементтерінің цифрлық моделін (мысалы, оюы бар кәдесый, киіз үйдің моделі, сырға, сәукеле элементі) басып шығару.

- **IT бағыты:** «Технологиядағы адалдық» тақырыбында шағын веб-бет немесе мобильді қосымша жасау (кодтау клубында).

- **Art бағыты:** Дәстүр мен технология синтезін көрсететін цифрлық иллюстрация немесе анимация.

3. Қорғау кезеңі – «STEAM-MURA Fest»:

Әр команда өз өнімін таныстырады, адалдық пен ұлттық мұра арасындағы байланысты түсіндіреді.

Қазылар бағалау критерийлері:

- Ғылыми негіздеме;
- Технологиялық шешім;
- Эстетика және ұлттық нақыш;
- Адалдық пен еңбексүйгіштік құндылықтарының көрінісі.

4. Қорытынды:

- Үздік жобалар мектеп сайтында жарияланады.
- «Адал технология шебері» және «Мұра инноваторы» номинациялары табысталады.

- Барлық қатысушыларға QR-мадақтама және цифрлық «Adal STEAM Badge» беріледі.

Күтілетін нәтижелер

- Ұлттық мәдени мұраға деген құрмет пен жауапкершілік артады.
- Білім алушылардың зерттеушілік, инженерлік және цифрлық қабілеттері дамиды.
- Адалдық құндылығы жасампаз іс-әрекет арқылы меңгеріледі.
- Мектепте ұлттық STEM мәдениеті қалыптасады.

ЖОБА: «Медиа сауат және этика клубы: Адал ақпарат кеңістігі»

Жалпы сипаттама

Жобаның бағыты: Медиа сауаттылық, ақпараттық мәдениет және этикалық тәрбие

Аясында: «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы

Форматы: мектепішілік клуб және подкаст студия

Ұзақтығы: жыл бойы (аптасына 1 рет, 45–60 минут)

Қатысушылар: 9-11 сынып оқушылары

Жетекшісі: информатика, қазақ тілі, тарих немесе қоғамтану пәні мұғалімдері

Ұйымдастырушы: тәрбие ісі жөніндегі орынбасар

Мақсаты

Білім алушылардың ақпаратты сын тұрғысынан талдай білу, фейктерден шынайы ақпаратты ажырату, және этикалық, адал қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру дағдыларын дамыту.

Міндеттері

1. Ақпаратты іздеу, талдау және бағалау дағдыларын қалыптастыру.
2. Медиаэтика мен академиялық адалдықтың байланысын түсіндіру.
3. Подкаст, сұхбат, бейнеролик форматы арқылы пікір мәдениетін дамыту.
4. «Адал азамат» құндылықтарын (әділдік, сенім, жауапкершілік) медиа кеңістікте қолдануға үйрету.

Клуб құрылымы

Кезең	Тақырып / Іс-шара атауы	Мазмұны	Нәтиже
1-кезең: Таныстыру және мотивация	«Медиа деген не?» интерактивті сабақ	Fake news, deepfake, AI контент, этика ұғымдары түсіндіріледі. Топтық ойын: «Шынайы ба, жалған ба?».	Медиа сауаттың маңызын түсінеді
2-кезең: Клуб құрылуы	«Медиа және адалдық» клубын ашу	Клуб атауы, ұраны, логотипі жасалады. Ережелер мен клуб кодексі талқыланады.	Мектепте тұрақты медиа клуб пайда болады
3-кезең: Практикалық сабақтар	«FactCheck junior» зертханасы	Білім алушылар интернеттегі жаңалықтарды, суреттер мен видеоларды тексеруді үйренеді (мысалы, Google Reverse Search, Snopes, Yandex Image).	Ақпаратты тексеру дағдылары қалыптасады

4-кезең: Медиаэтика апталығы	«Ақпарат әлеміндегі жауапкершілік»	Әділдік, сенім және адалдық туралы подкаст түсіріледі. Әр эпизодта бір құндылық талқыланады.	Білім алушылар өз подкасттарын шығарады
5-кезең: Мәдени медиа	«Мұра және медиа» жобасы	Ұлттық мәдени мұра туралы бейнеролик немесе постер әзірлеу, шынайы деректер негізінде.	Ұлттық құндылықты насихаттау
6-кезең: Қорытынды іс- шара	«Adal Media Awards»	Ең үздік подкаст, бейне, пост, эссе марапатталады.	Білім алушылардың медиа және этикалық мәдениеті бағаланады

Іс-шара сценарийі

1-сабақ. Тақырып:

«Медиа деген не және неге адалдық маңызды?»

Мақсаты: Медиа мен ақпараттың рөлін түсіндіру, шынайы және бұрмаланған ақпаратты ажырату.

Барысы:

1. «Ақпарат ағыны» ойыны (білім алушыларға түрлі жаңалықтар таратылады, қайсысы шынайы екенін табады).

2. Талқылау:

«Ақпарат неге сенім мен адалдыққа әсер етеді?»

«Фейк ақпарат қоғамға қандай қауіп төндіреді?»

3. Топтық жұмыс: «Адалдық кодексі» – 5 ереже құру.

2-сабақ. Тақырып:

«FactCheck junior: Шындық пен өтірікті ажырат!»

Мақсаты: Фейктерді анықтау құралдарын үйрену, жауапты медиатұтынушы болу.

Барысы:

1. Қысқаша теория: ақпарат көздерін тексеру әдістері.
2. Тәжірибе: білім алушыларға 5 жаңалық беріледі (3 фейк, 2 шынайы).
3. Топтық талдау және дәлел келтіру.
4. Нәтиже: «Фактчекинг чек-листі» құрастырылады.

Құндылық байланысы:

- әділдік (шындықты айту);
- жауапкершілік (ақпарат таратпас бұрын тексеру).

3-сабақ. Тақырып:

«Медиа және сенім» подкаст студиясы

Мақсаты: Подкаст форматы арқылы пікір айту мәдениеті мен сенімді қарым-қатынасты дамыту.

Барысы:

1. Оқушылар топтарға бөлінеді: сценарист, жүргізуші, редактор, техникалық көмекші.
2. Тақырыптар:
 - «Әділдік деген не?»
 - «Адал азамат қандай болуы керек?»
 - «Сенім мен жауапкершілік медиа әлемінде»
3. Әр топ 3-5 минуттық подкаст жазады (аудио немесе бейне форматта).
4. Тыңдау, кері байланыс және бағалау.

Нәтиже: Білім алушылар өз ойларын мәдениетті, дәлелмен және адал жеткізуді үйренеді.

4-сабақ. Тақырып:

«Мәдени мұра медиада» жобалық сабақ

Мақсаты: Ұлттық мәдениетті медиа арқылы адал және креативті насихаттау.

Барысы:

1. Топтар ұлттық мұра тақырыбын таңдайды (мысалы: домбыра, киіз үй, Абайдың қара сөздері, адал еңбек дәстүрі).
2. Әр топ шағын бейнеролик түсіреді немесе инфографика жасайды.
3. Видеоның соңында #АдалМедиа хэштегімен жарияланады.

Нәтиже: Ұлттық мәдениет пен құндылықтар медиа арқылы танылады.

5-сабақ. Тақырып:

«Adal Media Awards» қорытынды шарасы

Мақсаты: Білім алушылардың медиа сауаттылық және этика бойынша жетістіктерін марапаттау.

Барысы:

1. Үздік 3 подкаст, 3 видеоролик және 3 пост таңдалады.

2. Марапат номинациялары:

- «Ең әділ журналист»
- «Ең сенімді дерек көзі»
- «Адалдық дауысы»
- «Мұра медиада»

3. Қорытынды рефлексия:

- Не үйрендің?
- Адал медиа болу не үшін маңызды?

Күтілетін нәтижелер

- Білім алушылар ақпаратты талдай, тексере және адал жеткізе алады.
- Сенім, әділдік, жауапкершілік құндылықтары медиа тәжірибеде көрініс табады.
- Мектепте медиаэтика мәдениеті қалыптасады.
- Білім алушылардың цифрлық, коммуникативтік және сыни ойлау дағдылары дамиды.

ЖОБА: «Әлеуметтік медиа және storytelling: Адалдық тарихы»

Жалпы сипаттама

Бағдарлама бағыты: «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы

Негізгі идея: Құндылықтарды жастардың өз тілімен, әлеуметтік желі арқылы тарату

Форматы: storytelling бейнежобалар, TikTok/Instagram челленджі және «AdalTalks» мотивациялық сессиясы

Ұзақтығы: 3-4 апта

Қатысушылар: 10-11 сынып оқушылары

Жетекшісі: қазақ тілі мен әдебиеті, тарих немесе информатика пәні мұғалімдері

Ұйымдастырушы: тәрбие ісі жөніндегі орынбасар, медиа клуб жетекшісі

Мақсаты

Жастар арасында **әділдік, жауапкершілік және сенім** құндылықтарын storytelling және әлеуметтік медиа арқылы насихаттау, оқушылардың шығармашылық, медиа және коммуникативтік қабілеттерін дамыту.

Міндеттері

1. Storytelling (оқиға арқылы жеткізу) әдісін үйрету.
2. Әлеуметтік желілерді этикалық тұрғыдан қолдануға баулу.

3. Жеке мысалдар арқылы адалдық пен жауапкершілік құндылықтарын бейнелеу.

4. Мектептің медиа мәдениетін және оң ақпарат кеңістігін қалыптастыру.

Кезеңдер мен іс-шаралар

Кезең	Іс-шара атауы	Мазмұны	Нәтиже
1-кезең: Таныстыру	«Storytelling деген не?» тренингі	Білім алушыларға storytelling ұғымы, құрылымы (кейіпкер, мақсат, қиындық, шешім, сабақ) түсіндіріледі.	Білім алушылар өз оқиғасын құрастыруды үйренеді
2-кезең: Шығармашылық кезең	«Менің өмірімдегі адал оқиға»	Әр білім алушы өз өміріндегі немесе айналасындағы әділдік, адалдық, жауапкершілік туралы шынайы оқиғаны эссе, видео немесе подкаст түрінде әзірлейді.	Білім алушылардың жеке құндылық тәжірибесі көрініс табады
3-кезең: Әлеуметтік медиа форматы	#AdalАзаматChallenge	Білім алушылар қысқа (30–60 сек.) бейнежазбалар түсіріп, TikTok немесе Instagram-да жариялайды.	Құндылықтарды жастардың өз стилінде тарату
4-кезең: «AdalTalks» сессиясы	TEDx форматындағы мотивациялық сөздер	Білім алушылар сахнада 3 минуттық мотивациялық сөз сөйлейді: адалдық, сенім, жауапкершілік туралы өз	Пікір айту мәдениеті мен сенім қалыптасады

		көзқарасын білдіреді.	
5-кезең: Қорытынды және марапат	«Тарих галереясы»	Үздік видеолар мен storytelling жұмыстарынан мектеп көрмесі ұйымдастырылады.	Құндылықтар мектеп мәдениетінің бір бөлігіне айналады

Іс-шара сценарийі

1-сабақ. Тақырып: «Storytelling: өз тарихыңды айт!»

Мақсаты: storytelling әдісін үйрету, оқиға арқылы құндылықты жеткізу.

Ұзақтығы: 45 мин.

Барысы:

1. Мұғалім мысал келтіреді: адалдық, әділдік туралы қысқа шынайы хикая.

2. Топтық талқылау: «Оқиға несімен әсерлі болды?»

3. Құрылым үлгісі:

Басты кейіпкер

Қиындық

Таңдау сәті (адалдық немесе жеңіл жол)

Шешім: Өмірлік сабақ

4. Әр білім алушы өз тарихының жоспарын жазады.

Нәтиже: storytelling сюжеті дайындалады.

2-сабақ. Тақырып: «Менің адалдық тарихым»

Мақсаты: Жеке өмірден алынған оқиғаларды мазмұнды баяндауға үйрету.

Формат: видео, эссе, подкаст

Барысы:

1. Storytelling мәтінін өңдеу (мұғаліммен бірге редакциялау).

2. Оқушылар видеоға түсіреді немесе аудио подкаст жазып алады.

3. Кері байланыс: достар мен мұғалімдердің пікірін тыңдау.

Мысал тақырыптар:

- «Мен әділ шешім қабылдаған сәт»
- «Жауапкершілік мені өзгертті»
- «Адал болу – жеңіс!»

Нәтиже: білім алушылардың жеке құндылық хикаялары қалыптасады.

3-сабақ. Тақырып: «#AdalАзаматChallenge»

Мақсаты: TikTok/Instagram платформасы арқылы адалдық құндылығын тарату.

Барысы:

1. Мұғалім челлендж ережесін түсіндіреді:
бейне ұзақтығы – 30-60 сек;
мазмұны – адал әрекет, әділ шешім немесе позитивті үлгі;
хэштегтер: #AdalАзаматChallenge #AdalStory #AqikatJoly.
2. Білім алушылар өз бейнесін түсіреді (мысалы: достарына көмек, әділдік таныту, еңбегімен жетістікке жету).
3. Мектептің ресми парақшасында жарияланады.

Қосымша: Қатысушылар арасында «Ең шынайы видео», «Ең әсерлі тарих» номинациялары бойынша марапат.

4-сабақ. Тақырып: «AdalTalks – адал ой, ашық сөз»

Мақсаты: TEDx форматында өз ойын сенімді, мәдениетті жеткізу.

Барысы:

1. 10-11 сынып оқушыларына 3 минуттық сөз дайындау тапсырылады.
- Тақырыптар:
- «Адалдық – менің ұстанымым»
 - «Қиын сәттегі әділ таңдау»
 - «Жауапкершілік – табыстың кілті»
2. Іс-шара акт залында өтеді.
 3. Әр білім алушы сахнаға шығып, storytelling негізінде өз ойын ортаға салады.
 4. Қазылар алқасы (мұғалімдер мен құрдастар) пікір білдіреді.

Нәтиже: Білім алушылардың ораторлық, медиа, және құндылықтық рефлексия дағдылары дамиды.

5-сабақ. Тақырып: «Тарих галереясы»

Мақсаты: storytelling және медиа контент нәтижелерін ұсыну.

Формат: көрме (цифрлық көрсетілім)

Барысы:

1. Үздік storytelling видеолары, эсселер мен подкасттар іріктеледі.
2. Мектеп дәлізінде QR-код арқылы тыңдауға/көруге болатын экспозиция жасалады.
3. «Адал медиа амбассадор» марапаты беріледі.

Бағалау және кері байланыс

Бағалау критерийі	Нәтиже көрсеткіші
Құндылық мазмұны	Әділдік, сенім, жауапкершілік идеясының көрінісі
Storytelling құрылымы	Кейіпкер, қиындық, шешім, сабақ айқын
Шығармашылық пен әсерлілік	Оқиғаның эмоционалды және мотивациялық әсері
Медиа мәдениеті	Этикалық, мәдени және жауапты мазмұн
Коммуникативтік дағды	Ойын анық, сенімді және мәдениетті жеткізу

Күтілетін нәтижелер

- Білім алышылар әлеуметтік медианы жауапты және құндылықтық мақсатта қолдануды үйренеді.
- Storytelling арқылы адамгершілік тәжірибесін бөлісу дағдысы қалыптасады.
- «Адал азамат» құндылықтары – жастардың өз сөзімен, өз бейнесімен танылады.
- Мектептің медиа кеңістігі позитивті, мотивациялық контентке толы болады.

«Мектеп театры: Адалдық айнасы»

Тақырыбы:

Мәдени мұрадағы әділдік пен жауапкершілік құндылықтары

Мақсаты:

Қазақтың халық ауыз әдебиетіндегі және тарихи тұлғалар өміріндегі әділдік пен адалдық үлгілерін сахналау арқылы білім алушылардың рухани-адамгершілік және мәдени мұраға деген құрметін арттыру.

Міндеттері:

- Қазақ мәдениетіндегі әділдік, адалдық ұғымдарының мәнін түсіндіру;
- Театр өнері арқылы өмірлік құндылықтарды сезінуге мүмкіндік беру;
- Командалық жұмыс, сахна мәдениеті, эмоциялық интеллект дағдыларын дамыту.

Өткізу форматы:

Мектеп театры / сахналық қойылым / әдеби-драмалық көрініс

Қатысушылар: 7-11 сынып оқушылары

Ұзақтығы: 60 минут

Сахна нұсқасы: «Билер әділі» (сюжеттік сценарий үлгісі)

1-бөлім. Кіріспе.

Жүргізуші:

«Әділдік – бабалар аманаты. Әділ төрелігімен ел тізгінін ұстаған билердің өнегесі – бүгінгі ұрпаққа үлгі».

2-бөлім. Көрініс – «Төле би және даугерлер»

- Бір ауылда екі адам жер дауына түседі.

- Төле би екі жақты тыңдап, шындықты сабырмен, дәлелмен анықтайды.

- Билік әділ шешіледі, екі тарап татуласады.

- Финалдық реплика:

Төле би: «Әділ сөз – елдің айнасы. Өтірік үстем болса, бірлік бұзылады».

3-бөлім. Мәдени тұжырым.

- Білім алушылар киіз үй, домбыра, ұлттық киім элементтері арқылы көріністің мәдени реңін береді.

- Артқы фонда ұлттық күйлер ойнайды.

4-бөлім. Қорытынды ой.

Жүргізуші:

«Біздің адалдық айнамыз – ата дәстүр. Әділ болу – мәдени мұраға адал болу».

Бағалау критерийлері:

Критерий	Көрсеткіш
Құндылықтық мазмұн	Әділдік пен жауапкершілік ұғымдары көрініс тапқан
Мәдени мұра элементтері	Ұлттық киім, музыка, фразеологизм, дәстүр көрінісі бар
Сахна мәдениеті	Дикция, дауыс, эмоция, рөлге ену деңгейі
Командалық үйлесім	Бірлесе жұмыс, өзара қолдау

«Ұшқыр ой алаңы» жобасы аясында зияткерлік ойын: «Мәдени әділдік коды»

Мақсаты:

Білім алушылардың танымдық белсенділігін арттыру, ұлттық мәдени мұрадағы әділдік, адалдық, жауапкершілік қағидаларын заманауи форматта ұғындыру.

Формат:

Интерактивті зияткерлік ойын (Quiz / Debate / Case mix)

Қатысушылар: 8–11 сынып оқушылары (3-4 команда)

Ұзақтығы: 60-70 минут

Ойын құрылымы:

Кезең	Атауы	Мазмұны
1-кезең. «Мәдени мұра тесті»	Қазақ билері, шешендік сөздер, мақал-мәтелдер арқылы әділдік пен жауапкершілік мәнін анықтау.	Мысалы: «Қай би әділдігімен танылған?» / «Жауапкершілік туралы мақал аяқта».
2-кезең. «Мәдени код» (логикалық тапсырма)	Командаларға дәстүрлік жағдай беріледі (мысалы, үлкеннің батасын бұзу, сөзде тұрмау).	Әділ шешім мен жауапты әрекет ұсыну керек.
3-кезең. «Дилемма алаңы»	Заманауи жағдай талқыланады: фейк ақпарат тарату, емтиханда көшіру, уәдеде тұрмау.	Команда әділдік тұрғысынан өз шешімін қорғайды.
4-кезең. «Мәдени инновация»	Әр топ «Құндылықты сақтау» туралы қысқа ұран немесе постер ұсынады.	Мысалы: «Адал болу – болашаққа инвестиция».

Мәдени мұра интеграциясы:

Ойын сұрақтары қазақ билері, ақын-жыраулар шығармалары, дәстүрлі шешендік мәдениет негізінде құралады.

Ұлттық нақыштағы фон музыка, безендіру (киіз үй стилі, ою-өрнек баннері).

Бағалау критерийлері:

Критерий	Сипаттама
Дұрыс жауап және логикалық ойлау	40%
Құндылықтық негіздеме	30%
Мәдени байланыс және дәйексөз қолдану	20%
Командалық жұмыс	10%

Қорытынды:

Жеңімпаз команда «Ұшқыр ой иесі» және «Адалдық елшісі» атағымен марапатталады.

Startup байқауы: «Мәдени жауапкершілік – заманауи форматта»**Мақсаты:**

Жастардың кәсіпкерлік және инновациялық ойлауын дамыту, ұлттық мәдениет пен құндылықтарды жауапты әрекет арқылы өмірге енгізу.

Формат:

Startup / жобалық жәрмеңке

Қатысушылар: 9-11 сынып оқушылары (5-7 жоба)

Ұзақтығы: 90 минут

Кезеңдері мен мазмұны:

Кезең	Мазмұны	Мәдени мұра байланысы
Проблеманы анықтау	Қазіргі қоғамдағы әділдік пен жауапкершілік дағдарысын талдау.	«Бабалар аманаты – адал іс» идеясы негізінде талдау.
Шешім ұсыну (жоба идеясы)	Оқушылар өз стартап идеясын ұсынады: мобильді қосымша, әлеуметтік жоба, экологиялық бастама т.б.	Идеяда мәдени мұра элементтері (ұлттық нақыш, рухани құндылық, халық өнері) қамтылуы тиіс.
Питчинг (қысқа таныстырылым)	Әр команда 3 минуттық презентация жасайды.	Мысалы: «AdalCraft» – ұлттық қолөнер өнімдерін әділ сауда принципімен сату; «TrustChain» – сенімге негізделген еріктілер желісі.
Сарапшылар сұрағы	Қазылар (педагог, IT-ұстаз, мәдениет маманы) жобаны бағалайды.	Мәдениетке қосқан үлесі мен құндылық әсері қаралады.

Бағалау критерийлері:

Критерий	Мазмұны
Идеяның құндылықтық маңызы	Әділдік, жауапкершілік, адалдық бейнеленген
Мәдени мұра интеграциясы	Ұлттық дәстүр немесе мәдени элемент қамтылған
Инновация мен өміршеңдік	Заманауи форматта қолдану мүмкіндігі бар
Презентация сапасы	Қысқа, нақты, сенімді жеткізілген

Қорытынды нәтиже:

- «Adal Startup» кубогы тапсырылады;
- Үздік идеялар мектеп медиа парақшасында жарияланады;
- Білім алушылар мәдени құндылықтарды өмірлік, әлеуметтік, кәсіптік дағдыға айналдырады.

Нәтижесінде:

- Әділдік пен жауапкершілікті мәдени мұрамен ұштастырып, өз әрекетінде көрсетеді;
- Рухани құндылықтарды заманауи форматта жеткізуді үйренеді;
- Мектеп мәдениетінде «Адал азамат» бейнесі қалыптасады.

«Қамқор» әлеуметтік жобасы**5–11 сыныптарға арналған волонтерлік жоба****Жобаның атауы:****«Қамқор» – Қоғамға қызмет ету жобасы****Жобаның мақсаты:**

Білім алушыларды әлеуметтік жауапкершілікке, жанашырлыққа, табиғатты және тіршілікті қорғау мәдениетіне тәрбиелеу; волонтерлік мәдениетті мектеп, ата-аналар және жергілікті әкімдікпен бірлесіп дамыту.

Негізгі міндеттері:

- Қарттарға қолдау көрсету арқылы оқушылар бойында мейірімділік, жауапкершілік, құрмет сезімдерін қалыптастыру.
- Жануарларға қамқорлық жасау арқылы экологиялық және этикалық сананы дамыту.

- Табиғатты қорғау жобалары арқылы экологиялық мәдениет пен еңбек дағдыларын арттыру.

- Ата-аналар қауымдастығы мен жергілікті атқарушы органдарды волонтерлік экожүйеге тарту.

Қатысушылар:

- 5-11 сынып оқушылары
- Мектеп еріктілері (Volunteer Club)
- Ата-аналар комитеті
- Жергілікті әкімдіктің жастар ресурстық орталығы
- Қарттар үйі / әлеуметтік қызмет бөлімі
- Ветеринарлық клиника немесе жануарлар орталығы

Дайындық кезеңі (1 апта)

Жобаны таныстыру

- Жүргізуші мектеп жиналысында «Қамқор» жобасын таныстырады.
- Жоба мақсаты, бағыттары, күтілетін нәтиже түсіндіріледі.
- Білім алушыларға үш бағыт ұсынылады:

1) Қарттарға көмек

2) Жануарларға қамқорлық

3) Табиғатқа қамқорлық және құстарға ұя жасау

1.2. Волонтерлерді тіркеу

- Google Form арқылы тіркеу жүргізіледі.
- Білім алушылар қызығушылық бағыты бойынша топтарға бөлінеді (әр топ 10-15 адам).

1.3. Серіктестермен келісім

- Жергілікті әкімдікпен қарттар үйіне бару кестесі жасалады.
- Ата-аналардан көлік, құрал-жабдықтар, материалдар бойынша қолдау алынады.
- Ветеринарлық орталықпен жануарларға қамқорлық күні бекітіледі.

Жобаны іске асыру кезеңі (2–3 апта)

Бағыт 1: «Қариялар – қазына» акциясы

Сценарий барысы

1-кезең: Дайындық

Сынып оқушылары қарттарға арналған:

- қажетті азық-түлік, гигиена заттары,
- жылы шарф, қолғап (ата-аналармен бірге тоқылған),
- қолөнер бұйымдары (өздері жасаған) дайындайды.
- «Жылылық себеті» жасалады.

2-кезең: Кездесу

1. Білім алушылар қарттар үйіне келеді.
2. Жүргізуші құттықтау сөз айтады:

«Тәуелсіздік және Отаншылдық» айы аясында біз қоғамның ең қадірлі буыны қарттарымызға құрмет көрсетуді парыз санаймыз.

3. Білім алушылар:

- бөлмелерді жинауға көмектеседі;
- бірге әңгімелеседі;
- шағын концерт ұйымдастырады (күй, ән, өлең).

3-кезең: «Өмірлік кеңес» сұхбат сәті

- Қарттар өз өміріндегі адалдық, еңбек, жауапкершілік, Отаншылдық туралы оқиғаларымен бөліседі.
- Оқушылар кейін бұл материалдарды эссе ретінде рәсімдейді.

Бағыт 2: «Жануарларға мейірім» акциясы

Сценарий барысы

1-кезең: Дайындық

Білім алушылар жергілікті жануарлар орталығымен кездесіп, қажетті заттар тізімін алады:

- жем, ыдыс, төсеніш, дәрі-дәрмек.
- Ата-аналармен бірге азық-түлік және қажетті заттар жиналады.

2-кезең: Қамқорлық күні

Орталыққа барған кезде білім алушылар:

- торларды тазалайды;
- жануарларға жем береді;
- серуенге шығарады (иттерді);
- ветеринардан «Жануарға дұрыс күтім жасау» бойынша кеңес алады.

3-кезең: «AdalPet Story»

- Әр білім алушы бір жануар туралы қысқа фото-видео әңгіме жасайды.
- Мектеп парақшасында жарияланып, жануарларға үйшік табуға көмектеседі.

Бағыт 3: «Қамқор жүрек» экологиялық бағыты (Құстарға үйшік жасау)

Сценарий барысы

1-кезең: Шеберлік сабағы

- Көркем еңбек пәні мұғалімдері білім алушыларға ағаштан құс ұясын дайындау негіздерін үйретеді.
- Ата-аналар шебер ретінде шақырылады.

2-кезең: Құстарға ұя жасау

- Білім алушылар қайта өңделген материалдарды қолданады: пластик бөтелке, ағаш қалдықтары, фанера, металл қаңылтыр.
- Әр топ өз туындысын безендіреді (ою, ұлттық нақышта).

3-кезең: «Құстарға жылы мекен» акциясы

- Ұялар мектеп ауласына немесе саябаққа ілінеді.
- Білім алушылар құстарды бақылау күнделігін жүргізеді («Жылы ұя күнделігі»).

Қорытынды кезең (1 апта)

1. «Қамқор жүрек» есеп беру форумы

Әр топ өз бағытындағы нәтижелерді ұсынады:

- фото-видео есеп,
- storytelling жоба,
- шағын презентация.

2. Марапаттау

- «Ең белсенді волонтер»
- «Ынталы ата-ана»
- «Үздік экобастама»
- «Мейірім елшісі»

3. Қуатты финал

«Қамқор болу – адам болудың ең биік өлшемі» деген ұранмен флешмоб ұйымдастырылады.

6. Күтілетін нәтижелер

- Әлеуметтік жауапкершілік, жанашырлық дағдылары қалыптасады.
- Ата-ана – мектеп – қоғам үштік байланысы нығаяды.
- Волонтерлік мәдениет тұрақты дәстүрге айналады.
- Табиғатқа деген көзқарас өзгеріп, экологиялық мәдениет артады.
- Білім алушылардың нақты іс-әрекеті арқылы «Адал азамат» бейнесі қалыптасады.

Шабыт жобасы аясында өткізілетін іс-шаралар нұсқасы

1) «Ұлттық мәдениет» көрмесі

Мақсаты: Білім алушылардың қазақ халқының материалдық және рухани мұрасын тануы, оны құрметтеп, күнделікті өмірде қолдану мәдениетін қалыптастыру.

1. Дайындық кезеңі (1 апта бұрын)

Әр сыныпқа тақырып беріледі:

5–6 сынып: «Қазақтың тұрмыс-салт бұйымдары»

7–8 сынып: «Ұлттық қолөнер – ұрпақ мұрасы»

9–11 сынып: «Ұлттық құндылықтардың заманауи бейнесі»

- Ата-аналар, музей мамандары, жергілікті қолөнершілер шақырылады.

- Білім алушылар экспонаттар дайындайды: макет, сурет, 3D модель, мини-видео, деректі постер.

2. Іс-шара барысы (45-60 минут)

Көрмені ашу

Жүргізуші: «Құрметті қонақтар! Бүгінгі «Ұлттық мәдениет» көрмесі – ата-баба аманатының бүгінгі ұрпаққа жалғасқан жарқын көрінісі. Қазақ мәдениеті – Әбу Насыр әл-Фараби айтқандай, «адамды кемелдікке бастайтын ғылым мен өнердің тоғысқан тұсы».

3. Экспозициялар

I. Бөлім: «Тұрмыс-тіршілік мұрасы»

5-6 сынып оқушылары:

- киіз үй макеті
- сәндік ыдыстар
- астау, оюланған сандықтың макеті
- киіз басу және жүн өңдеу процесінің бейнежазбасы

Оқушы қорғауы: «Бұл сандық – тек бұйым емес, ол отбасының тарихын сақтайтын мәдени код...»

II. Бөлім: «Қолөнер – ұлттық бренд»

7–8 сынып оқушылары:

- ою-өрнектің 12 түрі
- зергерлік бұйымдар макеті
- тері өңдеу, жүннен бұйым жасау шеберлік-видео
- 3D-принт арқылы жасалған алқа, белдік, киіз үй есігі

III. Бөлім: «Ұлттық мұраның жаңа форматы»

9–11 сынып:

- AR (қосымша шындық) арқылы ұлттық бұйымдарды таныстыру
- «Ұлы дала стилі» сән эскиздері
- «Digital Nomad Culture» постері
- ұлттық музыка мен электронды дыбысты біріктірген мини-тректер

4. Интерактив

- «Ою құрастыр» үстелі
- «Ұлттық мұра туралы 10 сұрақ» Kahoot викторинасы
- «Мәдени код» фото-аймақ

5. Қорытынды

- Ең үздік экспозиция
- «Мұраны жаңғыртушы» номинациясы
- «Заманауи жаңашыл» номинациясы

2) «Жас сарбаз» әскери-патриоттық әндер фестивалі

Мақсаты: Әскери-патриоттық тәрбие беру, ұлттық рухты және елжандылық мәдениетін қалыптастыру.

Дайындық кезеңі

- Сыныптар 1 ән және 1 шағын көрініс дайындайды.

- Репертуар: «Елім менің», «Атамекен», «Мен қазақпын», «Туған жер», «Сарбаздар маршы».

Іс-шара барысы

Кіріспе ролик (1 мин)

Қазақ хандығынан бүгінгі Қарулы Күштерге дейінгі тарихи кадрлар.

Жүргізуші:

«Қазақтың баһадүрлігі – ұлт мәдениетінің өзегі. Бұл фестиваль – батырлық дәстүр мен рухани мұраның синтезі».

Негізгі бөлім

«Батырлар ізімен» көріністері

Әр сынып 1 минуттық шағын көрініс көрсетеді:

- 7-сынып: Қобыланды батыр
- 8-сынып: Бөгенбай мен Қабанбай
- 9-сынып: Алаш ерлері
- 10–11: Қазақстан сарбаздарының бейбітшілік миссиясы

Ән айту бөлімі

Әр топ өз әнін орындайды. Сахна декорациясы – қазақтың әскери мәдениетіне арналған.

Талаптар:

- әннің мазмұнын түсіндіру
- әнге байланысты тарихи дерек айту
- көркемдік, орындау мәдениеті

Интерактив «Мәдени кодтағы батырлық» (5 мин)

Көрерменге 5 сұрақ қойылады:

- «Жеті жарғыдағы әскери міндет»
- «Ат әбзелдерінің мағынасы»
- «Батырдың қару-жарағы»

Қорытынды

- «Үздік вокал»
- «Патриоттық рух»
- «Ұлттық болмыс»

«Домбыра күні»

Мақсаты: Білім алушыларға ұлттық музыкалық мұраны терең таныту, домбыра мәдениетін дәріптеу.

Көрме

Экспозициялар:

- Домбыра түрлері: қара домбыра, шертпе стиль
- 3D-принтпен жасалған домбыра макеті
- Құрманғазы, Дина, Тәттімбет жайлы QR-аудиопутеводитель
- «Ұлттық күйдің тарихы» постерлері

Концерт

Ашылу сөзі:

«Домбыра – қазақтың жүрек соғысы. Ол – ұлт рухының ең таза үні».

Өнер көрсету реті:

1. 5-сынып – «Балбырауын»
2. 6-сынып – «Ерке сылқым»
3. 7-сынып – «Көкейкесті»
4. 8-сынып – «Сарыжайлау»
5. 9-11 сынып – топтық ансамбль «Аққу»

Интерактив:

- Домбырадағы ою үлгілерінің мағынасын табу
- Күйдің эмоциялық картасын толтыру

Қорытынды:

Үздік домбырашы – «Ұлы мұра қыраны» атағы

4) Мектеп театры – «Адалдық айнасы» қойылымы

Мақсаты: Білім алушылардың әділдік, жауапкершілік, адалдық құндылықтарын ұлттық мәдениет контекстінде сезіну.

Сюжет:

Басты кейіпкер – Айдар деген оқушы. Бір күні ол мектептен табылған әмиянды иесіне қайтарады, бірақ жолда сатылмай тұрған дүкендегі қарияға көмектеседі және тағы бірнеше адал әрекеттер жасайды. Сол кезде сахнаға «Адалдық рухы» атты символикалық кейіпкер шығып, қазақ мәдениетіндегі адалдық жайлы аңыздар айтады.

Сахналық көріністер

1. «Ырым мен тыйым» көрінісі
2. «Жеті атаны құрметтеу» сахнасы
3. Әл-Фараби сөзі: Адалдық – парасатты адамның белгісі.
4. «Қара қылды қақ жарған» билер ісі. Төле би әділ шешім айтады
5. Қорытынды: Айдардың нақты өмірлік таңдауы

Қорытынды:

- Білім алушылар адалдық құндылығын сезім арқылы қабылдайды
- мәдени мұрадан алынған мысалдар тәрбие негізіне айналады

Зерттеу және ізденіс бағытындағы тапсырмалар

Мақсаты: ұлттық мәдени мұра туралы танымын арттыру, рухани құндылықтарға құрмет қалыптастыру.

Мысалы:

- «Менің ауылымның мәдени мұрасы» тақырыбында зерттеу жобасын қорғау.
- Белгілі бір өнер түрінің (қобыз, домбыра, киіз үй, ою-өрнек, зергерлік өнер) мәнін зерттеп, оны қазіргі заманмен байланыстыру.
- Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары туралы инфографика немесе бейнеролик әзірлеу.
- «Адалдық пен әділдік» ұғымдарының мақал-мәтелдердегі көрінісі бойынша шағын ғылыми талдау жазу.

2. Тұлғалық және құндылыққа бағытталған тапсырмалар

Мақсаты: «Адал азамат» моделінің қасиеттерін (адалдық, әділдік, жауапкершілік, еңбексүйгіштік) мәдени кейіпкерлер арқылы таныту.

Мысалы:

- Қазақ батырлары мен би-шешендерінің өмірінен «Адалдық пен әділдік сабағы» атты эссе немесе көрініс қою.
- «Адал азамат кім?» тақырыбында шығармашылық эссе / комикс / шағын видео.
- Әл-Фараби, Абай, Шәкәрім, Ы.Алтынсарин, Бауыржан Момышұлы сияқты тұлғалардың рухани-адамгершілік қағидаларына талдау жасап, қазіргі өмірмен салыстыру.
- «Мен адалдықты қалай түсінемін?» тақырыбында пікірталас (дебат) ұйымдастыру.
-

3. Жобалық және шығармашылық тапсырмалар

Мақсаты: ұлттық мәдениетті насихаттау және әлеуметтік белсенділік дағдыларын дамыту.

Мысалы:

- «Мәдени мұра – менің болашағым» атты мини-стартап жоба (мысалы, ұлттық өнерді заманауи форматта насихаттау идеясы).
- «Ұшқыр ой алаңы» аясында зияткерлік ойын өткізу: «*Кім адал?*», «*Әділ шешім*», «*Мәдени код*».
- Қазақ мәдениеті мен адалдық құндылықтарын байланыстыратын постер немесе комикс әзірлеу.
- Ұлттық мұра апталығы: білім алушылар өз отбасындағы бір мәдени дәстүрді таныстырып, сыныпта талқылайды.

4. Қоғамдық және волонтерлік бағыттағы тапсырмалар

Мақсаты: адалдық пен жауапкершілікті іс жүзінде көрсету.

Мысалы:

- «Ата мұрасына адал ұрпақ» акциясы (мектеп ауласындағы шағын музей бұрышын жасау, тарихи тұлғаларға арналған бұрышты жаңарту).
- «Ата-әже аманаты» жобасы: оқушылар ауыл қарияларынан мәдени мұра туралы сұхбат алып, бейнежинақ дайындайды.
- «Мейірім мен жауапкершілік» волонтерлік күні – үлкендерге көмек, мектеп тазалығын сақтау т.б.

5. Рефлексия және өзіндік даму тапсырмалары

Мақсаты: құндылықтарды ішкі санада бекіту.

Мысалы:

- «Адалдық күнделігі» жүргізу (әр күнгі өз әрекетіне қысқа рефлексия: «Бүгін мен адал болдым ба?»).
- Апталық рефлексия: «Мен өз ісімде әділ бола алдым ба?»
- «Менің өмірлік ұстанымым» атты жеке құндылық картасын жасау.

Білім алушылардың «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы шеңберінде мәдени мұра құндылықтарын меңгерілу деңгейін бағалау және мониторинг индикаторлары (үлгі ретінде ұсынылады)

2024-2025 оқу жылы

1. Кіріспе

Білім беру ұйымдарында мәдени мұра құндылықтарын оқушылар бойында қалыптастыру – «Адал азамат» бағдарламасының маңызды бағыты. Бұл бағыт бойынша мониторинг пен бағалау жүйесі оқушылардың рухани-адамгершілік дамуын, ұлттық сана мен мәдени сәйкестілікті қалыптастыру деңгейін анықтауға бағытталады.

Мақсаты – мектеп оқушыларының мәдени мұраға құрметін, ұлттық құндылықтарды меңгеру деңгейін жүйелі түрде бағалау және тәрбие жұмысының тиімділігін арттыру.

1. Бағалау бағыттары мен индикаторлар

№	Бағыт	Негізгі индикаторлар	Бағалау тәсілдері	Бағалау деңгейі
1	Білімдік компонент	- Қазақ халқының тарихы мен мәдени мұрасы туралы білім көлемі - Ұлттық дәстүрлер мен мерекелер туралы хабардарлық	- Тест, сауалнама, викторина, эссе жазу - Ұлттық мерекелер, дәстүрлер туралы әңгімелеу, сұрақ-жауап	Жоғары – 80–100% дұрыс жауап Орта – 50–79% Төмен – 0–49%
2	Құндылықтық бағдар	- Мәдени мұраға құрмет көрсету деңгейі - Ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды ұстану - Отанға, халыққа деген мақтаныш сезімі	- Бақылау картасы (сабақ, іс-шарадағы белсенділік) - «Мені шабыттандырған дәстүр» атты рефлексия жазбалары	Жоғары – белсенді қатысады, пікір білдіреді Орта – қатысады, бірақ пассивті Төмен – қызығушылығы төмен

3	Эмоциялы қ- қатыстық компонент	- Мәдени іс-шараларға қатысуға қызығушылық - Өз халқының өнеріне эмоциялық қатыстылық	Бақылау парағы, күнделік, рефлексиялық сұхбат	Жоғары деңгей мәдени іс-шараларға ерекше қызығушылық танытады, өз еркімен қатысады, ұлттық өнер мен мәдениетке сүйіспеншілік білдіреді. Эмоциялық әсерін сөзбен, әрекетпен немесе шығармашылық жұмыс арқылы білдіреді. Орта деңгей Мәдени іс-шараларға қызығушылығы бар. Эмоциялық реакциясы бар, бірақ өз бастамасы сирек. Төмен деңгей Мәдени іс-шараларға қызығушылығы төмен, эмоциялық қатыстылығы байқалмайды. Тек міндетті түрде қатысады, ішкі уәж әлсіз.
4	Іс- әрекеттік компонент	- Оқушының мәдени жобаларға, этнофестивальдерге қатысу белсенділігі - Отбасылық мәдени мұра іс-шараларына атсалысуы	- Мектеп фестивалі, шеберлік сынып, этно-жобаға қатысу - Өз бұйымын, жырын, суретін ұсыну	Жоғары – тұрақты, бастамашыл Орта – кейде қатысады Төмен – қатыспайды
5	Коммуникативтік компонент	- Мәдениетаралық қарым-қатынас мәдениеті - Қазақ және әлем мәдениеті	Құндылықтық дебат, пікірталас, ұжымдық жобалар	Жоғары – ынтымақты, жауапты Орта – кейде белсенді Төмен – жеке бағыт ұстанады

		өкілдеріне құрмет көрсету	- Бақылау парағы бойынша мұғалімнің бағасы	
5	Рефлексив тік даму	Өз мәдени тамырын түсіну және салыстыра білу қабілеті	- Эссе «Менің мәдени тамырым» - Рефлексия парағы («Мен не үйрендім?»)	Жоғары – саналы талдау жасайды Орта – жалпы түсінік бар Төмен – терең талдау жоқ
6	Отбасылы қ және қоғамдық ықпалдаст ық	Ата-анамен, қауыммен мәдени байланыс	- «Отбасылы қ дәстүрлер» жобасы - Ата- аналармен бірлескен іс-шара есебі	Жоғары – белсенді отбасы үлгісі Орта – қатысады, бірақ жүйесіз Төмен – қатыспайды

2. Бағалау шкаласы (деңгейлері)

Деңгей	Сипаттамасы
Жоғары деңгей	Оқушы мәдени мұра туралы терең білімге ие, белсенді қатысады, жеке бастамалар көрсетеді, ұлттық құндылықтарды мінез-құлықта көрсетеді.
Орта деңгей	Оқушы мәдени мұра туралы жалпы түсінікке ие, іс-шараларға қатысады, бірақ белсенділігі жүйелі емес.
Бастапқы деңгей	Мәдени мұра туралы білім үстірт, қатысуы төмен, ұлттық құндылықтарға қызығушылығы әлсіз.

3. Индикаторларды қолдану тәсілдері:

Бағалау құралы	Қолдану мерзімі	Мақсаты
Сауалнама, тест, эссе	жылына 2 рет (қыркүйек, мамыр)	Білім мен түсінік деңгейін анықтау
Бақылау парағы	ай сайын	Тәрбие іс-шараларына қатысу белсенділігін бағалау
Портфолио (жеке жетістіктер папкасы)	жыл бойы	Шығармашылық және практикалық іскерліктерді көрсету

Жобалық жұмыс	Жылына 2 рет	Құндылықтарды тәжірибе арқылы бекіту
Сараптамалық кеңес (педагог+ата-ана+оқушы)	жылына 1 рет	Кешенді бағалау мен рефлексия

4. Бағалау мен мониторинг жүргізу әдістері

1. Сауалнама –білім алушылардың құндылық бағдарларын, қызығушылығын анықтау.
 2. Бақылау парағы – педагогтер мен сынып жетекшілер мәдени іс-шараларға қатысуды тіркейді.
 3. Сауалнама және сұхбат – білім алушылардың мәдениет туралы түсінігін, көзқарасын айқындау.
 4. Рефлексия күнделігі – білім алушылар мәдени іс-шарадан кейін өз ойларын, сезімдерін жазады.
 5. Портфолио – білім алушының мәдени жобаларға қатысу нәтижелері, марапаттар мен сертификаттар жинағы.
 6. Бақылау және фото/бейне есеп – іс-шараларға нақты қатысу дәлелі ретінде қолданылады.
5. Қолдану тәсілдері
- Әр тоқсан соңында тәрбие ісі жөніндегі орынбасар индикаторлар бойынша жинақталған деректерді талдайды;
 - Жылдық есепте мәдени мұра бағытындағы тәрбиелік нәтижелер бөлек бөлімде көрсетіледі;
 - Білім алушылардың жетістіктері мектеп сайтында және «Мәдени күнделік» бұрышында жарияланады;
 - Ата-аналармен кері байланыс орнатылады (жеке әңгімелесу, жиналыс, пікір парағы арқылы);
 - Аймақтық/республикалық мәдени жобаларға қатысу мектептің жалпы мониторинг нәтижесіне енгізіледі.
6. Нәтижелерді талдау
- Мониторинг нәтижелері графикалық диаграмма, динамика кестесі түрінде рәсімделеді;
 - Нәтижелер тәрбие кеңесінде және педагогикалық кеңесте талқыланады;
 - Төмен деңгей көрсеткен сыныптармен жеке түзету жұмысы жүргізіледі;
 - Ең жоғары көрсеткіштерге жеткен сыныптар мен білім алушылар «Мәдениет елшісі» атағына ұсынылады.

7. Қорытынды

Мәдени мұра құндылықтарының меңгерілу деңгейін бағалау жүйесі – тәрбие жұмысының сапасын арттыруға, ұлттық мәдениетті сақтау мен дамытуға, білім алушылардың рухани-адамгершілік әлеуетін күшейтуге бағытталған маңызды құрал.

Осы индикаторлар мен әдістерді жүйелі түрде қолдану мектептің мәдени-ағартушылық миссиясын күшейтіп, «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының мақсаттарын тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

**«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы шеңберінде қазақ халқының
мәдени мұрасы арқылы білім алушыларға идеологиялық тәрбие беруді
қамтамасыз ету бойынша білім беру ұйымдары педагогтерінің
тәжірибесінен**

*Қызылорда облысы Қармақшы ауданы бойынша білім бөлімінің «№273 орта
мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ағылшын тілі пәнінің
мұғалімі Тогызбаева Айдана Бауыржановнаның тәжірибесінен*

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыруға бағытталған тәуелсіздік және отаншылдық құндылықтарын 8 сынып оқушыларына арналған «Желтоқсан тәуелсіздік бастауы» тақырыбындағы қысқа мерзімді жоспар арқылы Қазақ халқының мәдени мұрасы арқылы білім алушыларға идеологиялық тәрбие беру үлгісі ретінде ұсынылады.

Сыныбы: 8«Б »	Уақыты: 25.11.2024ж.	Сынып жетекшісі: Тогызбаева А
Сынып сағатының тақырыбы	Желтоқсан тәуелсіздік бастауы.	
Сынып сағатының мақсаты	Қазақстан тарихындағы тәуелсіз мемлекеттің қалыптасуының бастамасы болған желтоқсандағы жастар шеруінің мәнін түсіндіреді, тарихына шолу жасалады, оқушылар ата-бабаларымыздың тәуелсіздік жолындағы ерлігі үлгісінде Отанды, елін сүйе, халқына адал қызмет етуге тәрбиеленеді.	
Сынып сағатының міндеті	Желтоқсан оқиғасына қатысқан жастар шеруінің мәнін ашу, елін сүйе, халқына қызмет етуге тәрбиелеу	
Сынып сағатының түрі	Ашық тәрбие сағаты	
Игерілетін дағды	Тыңдалым және айтылым	
Сабак құндылығы	Тәуелсіздік және отаншылдық	
Ресурстар	Презентация, желтоқсан құрбандарының және ҚР рәміздерінің суреті	
Функционалдық сауаттылық	Оқушылардың тілдік құндылығын дамыту.	
Жүру барысын алдын ала үйлестіру	1986 ж Желтоқсан оқиғасын бейнероликтен көрсету. Қайрат Рысқұлбековтың тергеуде тұрған сәтінен үзінді, сынып оқушыларынан көрініс. Қайрат: Таспа тілгенде тәнімнен тозақ ұшырдың Балағаттайсың маған бір түйінін түсінбедім. Жазықты емеспін қайталай берем несіне, Оқып көр міне, өлеңге түнде түсірдім. Тергеуші: Түкірдім мен жырларыңа Ит не деген өткір едің Алғашқы кезең Ине сұқтым тырнағыңа	

Ортаңғы кезең	Өлердей ғып тепкіледім. Алдап арбау тәсілімен Мойындата алмадым. Қайрат: Мойындата алмайсың Тергеуші: Байқа, 86 бұл бүлігі көп Отырсың ғой қылмыстың дүбірі боп. Тілінді безеп, өлең айт маған десең, Свицкийді өлтірдің алаңда сен. Қайрат: Бітер екен осы бір «Кеңес» қашан Өлтіргем жоқ, көргем жоқ мен ешқашан. Сенбесеңіз құдай менен достар куә. Тергеуші: Жылап бүркіт болмас 10 мың қарға, Үкіметті мұқатпақ болдыңдар ма? Бәрібір іске аспады амалдарың Қарағайдай қаңқылдаған қадамдарың Жарық дүниеге сені енді қайтармаймыз Паспорттарыңды атуға даярлаймыз. Қайрат: Күнадан таза басым бар, Жиырма бірде жасым бар. Бозторғайдай жаным бар, Алам десең алыңдар, Қайрат деген атым бар. Қазақ деген затым бар. Еркек тоқты құрбандық. Атам десең атыңдар! Қылышбекұлы Сұлтан және сынып оқушыларынан <i>Ж.Ә.Тінәлиевтің «Желтоқсан желі» әні орындалады. (видеоролик)</i> Сынып жетекшісінің кіріспе сөзі: Құрметті ұстаздар ,оқушылар,қадірлі қонақтар! Біз бүгін дүниені дүр сілкіндіріп тәуелсіздік туын көтерген әйгілі 1986 жылдың желтоқсанына арналған « Желтоқсан тәуелсіздік бастауы» атты тәрбие сағатымызға қош келдіңіздер! 1986 жылғы желтоқсанда жастар тоталитарлық режимге ашық қарсылық көрсетті. Міне, осындай ұмытылмас оқиғадан бері 35 жыл өтті. Өмір-өзен толқындары сол кезден бізді алыстатып бара жатса да жүрегімізде мәңгі ұмытылмас бір нәрсе қалды: дүниені дүр сілкіндірген қазақ қыздары мен ұлдарының рухына, ерлігіне деген тағзым, құрмет. Ендеше сол Желтоқсан құрбандарын 1 минут үнсіздікпен еске алайық. I- жүргізуші : Тәуелсіздік туын тігу үшін өздерінің қызғалдақтай құлпырған жас
---------------	---

	өмірлерін қиып кеткен Қайрат,Ербол,Лаззат, Сәбиралардың есімдерін ұмытпауға уаде береміз! II-жүргізуші: Еліміздің егемендік алуы, халқымыздың тарихында жаңа дәуірдің бетін ашты, бүкіл қоғамдық өмірімізге жаңа леп, серпін ала келді. Ол – баршамыз бейбіт өмірде, еркіндікті аңсаған ақ ниет, ақ тілеумен өзіміз тіккен ортақ шаңырағымыздың тәуелсіздігі. I-жүргізуші: Шаттық нұры шашылып зеңбіректен Шуағын күн төгеді енді көктен. Шылбыр үзді даланың арғымағы, Тәуелсіздік жалауын желбіреткен. II- жүргізуші: Дүбір қосып өзіндей сәйгүлікке Ақ боз аттың алдынан жанды үміт те. Ту ғып ұстап аңсаған азаттықты, Қазақстан бет алды мәңгілікке! I- жүргізуші: 1991 жылы 16желтоқсанда Қазақстан Республикасы Тәуелсіз Республика деп жарияланды. Далада думан, қалада думан жыр бүгін Ғасыр бойы аңсайда күткен бұл күнім. Жасай бер, жаса қалдырған бақыт бұлбұлым. Мұғалім: Сол бір қаһарлы Желтоқсан күндерінен бері талай күндер өтті. Қазақстан халықтарының өмірінде, яғни мемлекетімізде көптеген айтулы өзгерістер болды. 1990 жылы 25-қазанда Егемендік туралы декларацияға қол қойылды. 1991 жылы 2-қазанда Алаштың ақберені Тоқтар Әубәкіров ғарышқы ұшты. 1991 жылы 1-желтоқсанда Қазақстан Республикасының президенті болып Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев сайланды. 1991-2021 жылдар аркалығында қандай жетістіктерге жеттік? Нұрбек : 1991 жыл Тәуелсіздік алған жыл. Өзіндікі туың да, отпен ауа, суың да, Жаса, Қазақстаным! Белді бекем буын да. Ұраның да жасасын! Құраның да жасасын. Қанатың қайрылып, қыр арқаңнан майрылып Егемен тәуелсіздіктен, қала көрме айрылып. Дамир: 1992 жылы Тәуелсіз Қазақстанға 1 жыл толды. Осы жылды Тәуелсіз Қазақстан Республикасының Туы, Елтаңбасы, Әнұраны қабылданды. БҰҰ-ға мүше болып кірді. Аэлита: 1993 жылы 15 қараша «Ұлттық валюта» күні деп аталып, алғашқы Қазақстан Республикасының теңгесі айналымға түсті. Ж.Ерасыл: 1994 жылы мемлекетіміздің тұңғыш ордендері мен медальдары дүниеге келді. Талғат Мұсабаев Союз-ТМ6 ғарыш кемесімен көкке самғады. Азамат: 1995 жылы 30 тамызда Қазақстан Республикасының «Ата Заңы» қабылданды. Сая: 1996 жылы 20 қаңтарда Қазақтан Республикасының I сессиясы болып
--	---

Соңы	өтті. Азамат: 1997 жылы «Қуғын сүргіндерді еске алу жылы» деп аталды. «Қазақстан -2030» стратегиялық бағдарламасы бекітілді. Мадияр: 1998 жылы 6 мамыр Астана күні.Қазақстан Республикасының Астанасы бұрынғы Ақмол қаласына көшті. Саят : 1999 жылы 10 қаңтар Президент сайлауы өтті. Қазақстан Республикасының Президенті болып Н.Ә.Назарбаев сайланды. Бауыржан: 2000 жылы «Қазақстан ең үлкен жоба- Қашаған мұнай –газ кен орыны іске қосылды. Рауан:2011ж. Қаңтар –ақпан айларында ҚР. Халықаралық Азияда ойындары өтті. Аэлита :2012ж. Қазақстан әлемнің 50 бәсекеге қабілетті экономика қатарына енді. Ж.Ерасыл:2017 ж . Қазақстанда халықаралық ,мамандырылған ЕХРО көрмесі өтті. Нұрбек:2019ж. 9 маусымда Тәуелсіз Қазақстан тарихында екінші президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев сайланды. Мұғалім: Құрметті ағайлар мен апайлар ,сол кездегі оқиғаларды өз көздеріңізбен көріп,сол оқиғаға куә болып,қазақ елі үшін ,әділеттілік үшін күрестіңіздер.Біздің оқушыларымызға сол жайында айта отырыңыздар.Желтоқсан оқиғасын көздерімен көрген ағайларымыз Тұңғатаров Нұрлыбай мен Байділдаев Өміртай ағайларымызға сөз кезегін берейік.....  I-жүргізуші. Туған жердің киесі мен қадірін әр азамат жүрегімен сезініп аялай білсе, ұлтқа, елге,Отанға деген ыстық сүйіспеншілікпен бағалай білсе, Тәуелсіздік туын мәңгі желбірететін әр азаматтың қасиетті борышы болмақ . II-жүргізуші Өкінгенмен пайда жоқ,өтті күндер Қыршын кетті ,әттең-ай, көк өрімдер! Еске алдық ,дұға оқып ,бекзаттарым, Алладан нұр, жұмақта көгеріңдер. I-жүргізуші. Ел тілегі –ендігі айтпағымыз, Сүт бетінде қалқыған қаймағымыз. Әрбірің бір батырсың дастандағы, Желбіреді аспанда байрағымыз! Мұғалім : Оқушылар «Оқуға құштар мектеп жобасы» аясында «1986 ж
-------------	---

Рефлексия	«Желтоқсан оқиғасы» және «Тәуелсіздікке жету жолдары» жайлы оқулықтар жинағы сіздерге ұсынылған осы кітаптарды ұялы телефондарыңызбен QR арқылы онлайн кітапханамен таныс бола аласыздар .  II-жүргізуші Құрметті ұстаздар, қонақтар, оқушылар! Бүгінгі Желтоқсан тәуелсіздік бастауы атты тәрбие сағатымызды аяқтаймыз. <i>Е.Хасанғалиевтың « Атамекен» әні орындалады</i>  Мұғалімнен кері байланыс: «Желтоқсан тәуелсіздік бастауы» атты ашық тәрбие сағатын 8 «Б» сыныбында өттім . Сабағым жалпы жоспарға сәйкес, мақсатта белгіленген нәтижені көздей отырып, жүйелі өтті. Қазақстан тарихындағы тәуелсіз мемлекеттің қалыптасуының бастамасы болған желтоқсандағы жастар шеруінің мәнін түсіндірдім, тарихына шолу жасадым.
-------------------------	---

«Арал ауданы бойынша білім бөлімі №292 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Тарих пәні мұғалімі Бекмұратов Серікбол Еркебайұлының тәжірибесінен

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыруға бағытталған бірлік және ынтымақ құндылықтарын 5 сынып оқушыларына арналған Қазақстан тарихы пәнінен «Андронов және Беғазы-Дәндібай мәдениеттері» тақырыбындағы қысқа мерзімді жоспар арқылы Қазақ халқының мәдени мұрасы арқылы білім алушыларға идеологиялық тәрбие беру үлгісі ретінде ұсынылады. Сонымен қатар, сабақ барысында «бірлік бар жерде тірлік бар» және «бірлік бар

жерде күш бар» деген құндылықтарды тереңірек ұғындыру үшін жебелер метафорасы қолданылады. Бұл әдіс арқылы оқушыларға бірліктің маңызды рөлі мен қоғамның тұрақтылығының негізі екендігін көрсету мақсатында, жеке адамдардың әлсіздігі мен топтың күштілігі арасындағы айырмашылықтар қарастырылады. Жебелерді сындыру арқылы оқушылардың ынтымақтастықтың және бірліктің күшін түсінулері қамтамасыз етіледі. Оқушылар жұптық, топтық және ұжымдық жұмыстар барысында өзара келісімге келіп, ортақ мақсатқа жету жолында ынтымақтастықтың маңызын сезінеді. Мысалы, тарихи деректерді талдау, археологиялық артефакт үлгілерін салыстыру, немесе мәдени мұраның мәнін ашу тапсырмалары оқушыларды пікір алмасуға, жауапкершілікті бөлісуге және бір-біріне қолдау көрсетуге бағыттайды. Әр топ мүшесі өз үлесін қосу арқылы ортақ нәтижеге қол жеткізеді, бұл әрекет қоғамдағы әр адамның орны мен маңызын түсінуге жол ашады.

Осылайша, сабақ тек тарихи білім беріп қана қоймай, оқушылардың бойында бірлік, өзара сыйластық, ортақ жауапкершілік және елге деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеуге бағытталады. Бұл – «Адал азамат» бағдарламасының басты мақсатына сай, ұрпақты өз халқының мәдени мұрасына құрметпен қарап, қоғамда татулық пен келісімнің қадірін ұғынуға жетелейтін тәрбиелік үлгі болып табылады.

ҰМЖ бөлімі	5.1 А Қазақстандағы ежелгі адамдардың өмірі			
Пән мұғалімінің Т.А.Ә.	Бекмұратов Серікбол Еркебайұлы			
Сыныбы	5 «Б»			
Күні: 02.10.2025	Қатысқандары		Қатыспағаны:	
Сабақтың тақырыбы	Андронов және Беғазы-Дәндібай мәдениеттері Зерттеу сұрағы: Қазақстандағы қола дәуірі ескерткіштерінің қандай ерекшеліктері бар?			
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты	5.2.2.2 археологиялық деректерге сүйене отырып, Андронов және Беғазы-Дәндібай мәдениеттерінің белгілерін анықтау;			
Сабақ мақсаты	Андронов мен Беғазы-Дәндібай мәдениетінің 2 ұқсастығы мен 3 айырмашылығын сипаттайды; Андронов мен Беғазы-Дәндібай мәдениеттердің ерекшеліктерін кесте арқылы ажыратады; Қазақстандағы қола дәуірі ескерткіштеріне маңызына баға береді бар			
Тарихи концепт	Ұқсастық пен айырмашылық			
Құндылыққа баулу	Бірлік, ынтымақтастық - бір-бірлерімен бірігіп және ынтымақтастықпен жұмыс жасайды			
Сабақтың барысы				
Сабақ кезеңі/ уақыты	Педагогтың іс-әрекеті	Білім алушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар

Басталуы	Ұйымдастыру	Қазақстан тарихы
2 минут	кезені(Сәлемдесу. «Қорамсақ» жебе	(көне заманнан
	Түгелдеу) түстерімен 2 топқа	бүгінге дейін). І том.
2 минут	Топтастыру –орналасады	А., 2010
	«Қорамсақ» әдісімен:	Жасыл, қызыл түсті
	«Андронов» жасыл	қима қағаздар
	жебе, «Беғазы-	
	Дәндібай» қызыл жебе 1 жебені сындырады «Ұшқыр	
	(Ұ) БЫМ 10 жебені сындырады ой»	Екі жебе
	«Жағдаяттық Болжам жауап айтады	
	тапсырма» - Ойларын ортаға	
	құндылықты кіріктіру салады	
	Негізгі ойды табыңыз	
1 минут	«Екі топ оқушыларына	
	жебе ұсынылады. Бір	
	сап жебені сындырып	Тақырыптық
	көреді. Ал кейін 10	суреттер
	шақты жебені	
	сындыруға Сұрақтарға жауап	
	әрекеттенеді». береді	
2 минут	Астарындағы ой неде? Сабақ тақырыбын	
	<u>Болжам</u> жауап:Бірлік болжайды	
	бар жерде күш, бірлік	
	бар жерде тірлік бар	3-слайд
	екені арқылы әділдік	
	пен жауапкершілік мұқият тыңдайды	
	құндылықтарын бойына конспектілейді	
	дарыту	
	(Ұ) «Иллюстрация»	
	әдісі	
	Сабақтың тақырыбын	
	болжаңыз:	
	- Суреттерде не	
	бейнеленген?	
	- Суреттер қай дәуірге	
	жатады деп	
	ойлайсыздар?	
	- Бүгінгі біздің	
	сабағымыз қандай	
	болуы мүмкін деп	
	ойлайсыздар?	
	М.сабақ тақырыбы, оқу	
	мақсаттарын	
	таныстыру. Тарихи	
	концептпен зерттеу	

	сұрағына назар аударылады.		
	<i>Зерттеу сұрағы:</i> Қазақстандағы қола дәуірі ескерткіштерінің қандай ерекшеліктері бар?		
Ортасы 18 минут <i>5 минут</i>	(Т) «Бейнесалон» әдісі <i>Бейнеүзіктегі материалды зерделеп, сұрақтардың негізінде берілген тапсырмаларды орындаңыз</i> - Бейнероликте қандай мәдениеттер жайлы білдік? - Андронов және Беғазы-Дәндібай мәдениеттерін қандай ғалымдар зерттеген? қазақы оюлы - Қазақстандағы қола табақшаның дәуірі ескерткіштерінің бетіндегі қандай ерекшеліктері зерделейді; барекен? сәйкестендіру кестесін орындайды	мұқият «Екі жұлдыз, бір ұсыныс»	https://www.youtube.com/watch?v=DnJmh-Vm9cs
<i>7 минут</i>	№1 жұп «Табақша» әдісі Сұрақтарды жауабымен сәйкестендіріңіз		ҮМ «Сәйкестендіру кестесі»
<i>7 минут</i>	сұрақ 1. Андрон мәдениеті таб. 2. Беғазы-Дәндібай мәдс қай жылы зерттелді 3. Беғазы-Дәғ мәдениетің зерттеген ғал 4. Андрон мәдениеті жылы зерттелді Жауабы: Андронов мәдениетінің 1/2/3/ ерекшелігін жазады; Беғазы-Дәндібай мәдениетінің 1/2/3/ ерекшелігін жазады;	«Жебе»	ҮМ «Семантикалық кесте»
<i>7 минут</i>	№2 топ «Семантикалық кесте» әдісі Андронов және Беғазы-Дәндібай		Жұмыс дәптері

12 минут

мәдениеттерінің 1/2/3/

ерекшеліктерін табыңыз Бағалау критерийі:

«Өзін-өзі

бағалау»

Андронов мәдениеті	Ерекшеліктерін ашылуы (әр дұрыс)	1
	1/2/3 қызықты жауап	1
	1 фактікелтіру жебе	1
	2 белгілі бір деректерге ұпай)	
	3 сүйену	

ҚБ парағы

Қорытын ой:

№3жүп. “Бесминуттық

эссе”

Төмендегі кілт-сөздерді Андронон мәдениетіне қолдана отырып, тән 1\2\3\4 “Андронов және Беғазы-Дәндібай мәдениеттері” ерекшеліктерін жазады Беғазы-Дәндібай тақырыбына эссе(20-30 мәдениетіне тән 1\2\3\4 сөз) жазыңыз. ерекшеліктерін жазады

Кілт-сөздер: қоныстар, Екі мәдениетке тән баспана, наным-сенімі, ортақ белгілерді жерлеу ерекшеліктері жазады

(Ж) Қалыптастырушы

бағалау тапсырмасы

«ВЕНН диаграммасы»

әдісі

«ВЕНН диаграммасы»

арқылы Андронов және

Беғазы-Дәндібай

мәдениеттерінің

ұқсастықтары пен

айырмашылықтарын

жіктеңіз



Аяқталуы

5 минут

(Ж) Кері байланыс

“Табақша” әдісі

Бүгінгі сабақтан алған екінші

әсерлеріңізбен бөлісіңіз тапсырманы

Не ұнады?

орындайды

нақыштағы «Өзін-өзі

табақшаның бағалау»

бетіндегі

ҰМ «Табақша»

	Не жасадың?
	Не қиын болды?
1 минут	Қандай сұрағың бар?
	Үйге тапсырма:
2 минут	Андронов және Беғазы-Дәндібай мәдениеттерінің орналасқан орнын кескін картада белгілеңіз
	Сабақты қорыту:
	Қазақстандағы қола дәуірі ескерткіштерінің қандай ерекшеліктері бар?

*Абай облысының Білім басқармасы «Абай атындағы мамандандырылған мектеп-гимназия интернаты» КММ бастауыш сынып мұғалімі, магистр
Алдажарова Мадина Аубакірқызының іс-тәжірибесінен*

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыруға бағытталған (тәуелсіздік және отаншылдық; бірлік пен ынтымақ; әділдік пен жауапкершілік; заң және тәртіп; еңбекқорлық пен кәсіби біліктілік; жасампаздық пен жаңашылдық) құндылықтарын орта және жоғарғы сынып білім алушыларына арналған сыныптан тыс жұмыстарының қысқа мерзімді жоспары арқылы Қазақ халқының мәдени мұрасы арқылы білім алушыларға идеологиялық тәрбие беру үлгісі ретінде ұсынылады

Сыныптан тыс жұмыс	
Тақырыбы/ Орта буын сыныптары	«Әділ шешімдер және жеке жауапкершілік»
Педагогтің аты-жөні	
Мақсаты	Оқушылардың шешім қабылдаудағы әділдік пен өз әрекеттері үшін жеке жауапкершілік арасындағы өзара байланысты түсінуін қалыптастыру.
Құндылықтар	Әділдік және Жауапкершілік
Күтілетін нәтиже	- Күнделікті өмірдегі әділдік пен жауапкершілік ұғымдарын анықтай алады; -жағдаятты әділдік пен жауапкершілік тұрғысынан талдап,

		шешу жолдарын ұясына алады; - жағдаятты әділдік пен жауапкершілік тұрғысынан талдап, шешу жолдарын табады; - қабылданған шешімдері үшін өзінің жеке жауапкершілік деңгейін бағалай алады.		
Барысы				
Уақыты	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау (ФБ)	Ресурстар
Кіріспе (5 мин) Ұйымдастыру, психологиялық дайындық. Өзектендіру. Ынталандыру.	Амандасу «Бірлік бар жерде тірлік бар» жаттығуын ұсынады (Педагог әр білім алушылыға келесі сөйлемді аяқтауды ұсынады: «Бүгін мен мынаған жауаптымын...»). Әділетсіз әрекет туралы қысқа бейнеролик немесе кейс (мысалы, кінәсіз адамды айыптау) көрсету. Сұрақ: «Бұл жағдай сіздерде қандай сезім туғызды?»	Сөйлемді аяқтайды. Бейнеролик/кейсті қарайды. Эмоцияларын білдіреді, әділетсіздіктің себебі туралы болжамдарын айтады.	« 3 шапалақ» Ауызша мадақтау	Интерактивті тақта Интерактивті тақта, бейнеролик
Негізгі бөлім (30 мин): Ұғымдарды ашу (10 мин)	Құндылықты қалыптастыруға арналған тапсырмалар мен әдістер береді.	Сынып 3 топқа бөлінеді, әр топ мини-сөздік жасайды: 1 топ «Әділдік»: ұғымға анықтама береді. 2 топ «Жауапкершілік»: Өмірден 2 мысал келтіреді.	Педагог кері байланысы: «Тамаша, сіздер әділдік батылдықты, ал жауапкершілік – ерік күшін талап ететінін түсіндіңіздер»	А 4 беттер, түрлі маркерлер

Жағдаятты талдау (15 мин)	Кейс-стади «Даулы мәселе» : білім алушыларға 2-3 проблемалық жағдаят ұсынады (мысалы, «Сынған терезе», «Әділетсіз баға», «Чаттағы жанжал»)	3топ»: Құндылықтың символын/суретін жасайды. Жұппен жұмыс жасайды. Білім алушылар келесі тапсырмалармен жұмыс жасайды: 1.Не әділетсіз екенін анықтау. 2.Әділ шешім ұсыну. 3.Әр қатысушы қандай жауапкершілік алатынын көрсету.	Педагогтің кері байланысы: «Сіздердің шешімдеріңіз басқа адамның орнына тұра алатындарыңызды көрсетеді»	Интерактивті тақта А 4 беттер, түрлі маркерлер
Жеке жұмыс (5 мин)	Бақылау парақтарды жинайды немесе тандау бойынша оқуды сұрайды.	«Жауапкершілік көпірі» әдісі бойынша 2 бағанды парақты толтырады: «Бүгінгі менің әділ әрекетім», «Осы әрекеттер үшін менің жауапкершілігім» Жеке толтырады.	Ауызша мадақтау	А 4 беттер
Қорытынды (5 мин)	Қысқаша талқылау ұйымдастырады: «Неліктен біздің қоғамды дамыту үшін Әділдік пен	Пікірлерін білдіреді.	Өзін -өзі бағалау	3 түсті карточкалар

Рефлексия (5 мин)	Жауапкершілік өте маңызды?» «Менің жауапкершілігінің бағдаршамы» әдісі бойыншы оқушыларға 3 түрлі карточка таратады. (Жасыл- түсіндім. Сары- әлі жұмым қажет, Қызыл- түсініксіз)	Карточкаларын көтереді.		
----------------------	--	-------------------------	--	--

Сыныптан тыс жұмыс				
Тақырыбы/ 10 сынып		Инновация этикасы: Жасампаздық «Адал азаматтың» болашағын қалай қалыптастырады?		
Педагогтің аты-жөні				
Мақсаты		Оқушылардың жасампаз және инновациялық әс-ірекеттің тұлға мен ел дамуындағы рөлін түсінуін қалыптастыру, сондай-ақ этикалық негізделген идеяларды жасау дағдыларын дамыту.		
Құндылықтар		Жасампаздық және жаңашылдық		
Күтілетін нәтиже		«Этикалық инновация» ұғымын түсіндіре алады және оның мысалдарын келтіреді; - әлеуметтік мәселенің инновациялық шешімін жасап және таныстыра алады;-жасампаздыққа деген өздерінің жеке қарым-қатынасын бағалай алады.		
Сабақ барысы барысы				
Уақыты	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау (ФБ)	Ресурстар
Сабақтың басы. (10 мин) Ынталандыру және өзектендіру	Миға шабуыл арқылы Қазақстанның жасампаз тұлғалары және жаңашылдықтың рөлі туралы бағыттаушы сұрақтар қояды. Ынталандырушы бейне-үзінді көрсетеді.	Ассоциацияларын ұсынады (мысалы, Абай, Әл-Фараби, заманауи ғалымдар). Жасампаздықтың жеке жауапкершілікпен байланысын талқылайды.	Ауызша мадақтау	Мемлекет басшысының еңбек және инновация маңызы туралы дәйексөздері бар бейне-үзінді.

«Адал азамат құндылығын» интеграциялау	«Жасампаздық және жаңашылдық» құндылығын прогрестің негізі ретінде таныстырады: Инновация адал емес болуы мүмкін бе?	Этикалық аспектті талдайды. «Адал»- «адал емес» инновациялар туралы өздерінің дәлелді пікірлерін білдіреді.	Ауызша мадақтау	Құндылық анықтамасы бар слайд.
Сабақтың ортасы (30 мин): Талдау жұмысы (10 мин)	«Этикалық инновация матрицасы»: 3 кейсті (таысты/ этикаға сай емес, этикалық/табыссыз, этикалық/табысты) аясында матрицамен жұмыс ережелерін түсіндіреді, талдауды бақылайды, өзара бағалауды ұйымдастырады.	3 кейсті мұқият оқиды. Матрицаны толтырады, «Адал азамат» қағидатына сәйкестігін/сәйкес еместігін дәлелдейді. Критерийлер бойынша бір-бірін бағалайды.	Өзара бағалау: «2 жұлдыз және 1 тілек»	Жеке/жұптық жұмыс
Топтық жоба (20 мин)	«Қоғам үшін жасампаздық»: тандалған әлеуметтік мәселені шешу үшін инновациялық, жасампаз және этикалық жобаны әзірлеу аясында топтарды құрайды (экология, буллинг, қаржылық сауаттылық).	Жоба аясында келесідей сұрақтарға жауап береді: «Сіздің жобаңыз кімге пайда әкеледі?», «Этикалық тәуекелдер қандай?».	Критерий бойынша бағалау	Жеке/Жұптық Презентация
Сабақтың соңы (3 мин)	Қорытындылайды, жасампаздықты ұзақ	Білімдірін қорытындылайды,	Ауызша мадақтау	

Рефлексия (2 мин)	мерзімді дамумен және жеке үлеспен байланыстырады. «Адал азамат»- адал әрекет ететінін жаңашыл екенін атап өтеді. «Жасампаз жолы» әдісін ұйымдастырады. Стикерлерді жинайды, құндылықты түсіну тереңдігін түсіну тереңдегін бағалау және келесі сабақты жоспарлау үшін жауаптарды талдайды.	жасампаздықты жеке үлеспен және елдің прогресімен байланыстырады. Стикерлердегі сөйлемді жеке аяқтайды, тақтаға бекітеді.	Өзін-өзі бағалау	Стикерлер
----------------------	---	--	------------------	-----------

Сыныптан тыс жұмыс				
Тақырыбы/ 11 сынып	Консенсус және диалог: «Адал азамат» қоғамындағы ұлттық бірліктің формуласы			
Педагогтің аты-жөні				
Мақсаты	Оқушылардың ынтымақты келісімге жету механизмдерін түсінуін қалыптастыру және консенсус іздеуге бағытталған сындарлы диалог жүргізу дағдыларын дамыту.			
Құндылықтар	Бірлік және ынтымақ			
Күтілетін нәтиже	-Қазақстан халқы Ассамблеясының бірлік және ынтымақ қамтамасыз етудегі рөлін тусіндіре алады;-келіспеушіліктрдің себептері мен консенсус жолдарын анықтай отырып далы жағдаятты талдай алады; - ұжымдағы және қоғамдағы бірлікті нығайтуға ықпал ететін жеке қағидаларын тұжырымдай алады.			
Сабақ барысы барысы				
Уақыты	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау (ФБ)	Ресурстар
Сабақтың басы. (10 мин)	«Бірлік» сөзіне 3-4 ассоциация атауды ұсынады. Сұрақ қояды: «Неліктен бұл	Ассоциацияларды айтады, бірлікті адалдықпен және жауапкершілікпен байланыстырады.	Ауызша мадақтау	Маркер тақта/флипчарт

	құндылық «Адал азаматтың» негізі болып табылады?»			
Сабақтың ортасы (30 мин): Талдау жұмысы (10 мин)	Жұптық жұмыс ұсынады: «Тарихи компромисс» атты кейс-стади арқылы тарихи оқиғаны немесе Қазақстан Халқы Ассамблеясының қызметін талдау.	Материалды зерттейді, жұмыс парақтарын толтырады, келесідей тапсырмаларды орындай отырып: 1. Қайшылықты мүдделерді/тараптарды анықтау. 2. Келісімге әкелген негізгі қағидаларды бөліп көрсету.	Өзара бағалау: критерийлер бойынша талдаудың толықтығын бағалайды (қағидаларды дұрыс анықтағаны үшін 3 балл)	Ақпараттық мәтін
Топтық жоба (20 мин)	«Даулы сценарий» жағдаятты тренинг арқылы топқа бөліп әлеуметтік-мәдени даулы жағдаяттармен карточкалар арқылы келесіні талдайды (мысалы, «Әлеуметтік желілердегі ұрпақтар арасындағы мінез-құлық ережелері»).	Өзара құрметке негізделген дауды шешу үшін «Диалог және Келісім стратегияын әзірлеу» сценарийін талдайды, қысқаша қорғайды.	Өзара бағалау: «2 жұлдыз және 1 тілек»	Интерактивті тақта карточкалар
Сабақтың соңы (3 мин)	Қорытындылайды. Бірлік пен келісімді түлектің болашақ қағамдағы рөлімен байланыстырады : Сіздер болашақ «Адал азамат»	Талқылауға қатысады. Бірліктің тек сыртқы мәлімдеме емес, жеке қатысуды талап ететінін қорытындылайды.		

Рефлексия (2 мин)	ретінде көпірлерді қалай саласыздар? «Келісім экваторы» әдісі: педагог білім алушылардан ымыраға келуге дайындығын 1-ден 10-ға дейін шкала бойынша бағалауды сұрайды (1-дауласуға бейім, 10-әрқашан консенсусқа дайын)	Жеке өздерін шкала бойынша бағалайды және жақсарту қажет қасиетті жазады. Карточкаларды/стикерлерді тапсырады.	Консенсусқа дайындықты бағалау шкаласы (1-10)	
----------------------	---	--	--	--

Сыныптан тыс жұмыс				
Тақырыбы/ 11 сынып		Құқықтық жауапкершілік: «Адал азаматты» қалыптастырудағы заңның рөлі		
Педагогтің аты-жөні				
Мақсаты		Оқушыларда қоғамды әділдік пен тәртіпті қамтамасыз ету үшін Заңды сақтау қажеттілігі туралы нақты түсінік қалыптастыру, сондай-ақ өз әрекеттерін құқықтық салдарын түсіну.		
Құндылықтар		Заң және Тәртіп		
Күтілетін нәтиже		- «Заң және Тәртіп» пен «Адал азамат» арасындағы өзара байланысты түсіндіре алады;- құқықтық жағдаятты , жауапкершілік түрін және салдарын анықтай отырып, талдай алады;- заңға бағынатын және жауапты азаматтың жеке кодексін тұжырымдай алады.		
Сабақ барысы барысы				
Уақыты	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау (ФБ)	Ресурстар
Сабақтың басы. (10 мин)	Сабақты сұрақпен бастайды: «Ережелерсіз және	Талқылауға қатысады, ережелерді	Қалыптастырушы (дәлелдігі үшін	Флипчарт

	заңдарсыз толық бостандық болуы мүмкін бе?» Олар ең маңызды деп санайтын 3-4 заңды (мектептің немесе бір елдің) атауды ұсынады.	«қолдайтын» және «қарсы» дәлелдер келтіреді. Заңдарды атайды (мысалы, білім алу құқығы, буллингке тыйым салу).	ауызша мадақтау).	
Сабақтың ортасы (30 мин): Талдау жұмысы (10 мин, жұптық жұмыс)	Ұғымдармен жұмыс ұсынады: "Кәмелетке толмағандардың құқықтық мәртебесі" (Жұптық жұмыс). Келесідей тапсырмалар береді: 1. 9-сыныпқа қолданылатын әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік арасындағы айырмашылықты зерттеу. 2. Олардың жасына ең өзекті 3 бапты (шартты немесе нақты) жазып алу (мысалы, бұзақылық, вандализм үшін жауапкершілік). Жұптарға жауапкершіліктің жас шекараларын және құқықтық салдарын нақтылай отырып, кегес береді. Келесі тапсырмаларды топқа береді:	Ұсынылған материалды зерттейді. Жұптарға негізгі айырмашылықтар мен баптарды талқылайды және жазады. Нәтижелерді таныстырады. Топтар қоғамдағы Заң мен Тәртіпті бұзға байланысты жағдаяттық	Өзара бағалау	ҚР Кодексінен үзінділер. Жұмыс парақтары
Топтық Жұмыс (20 мин)			Критерий бойынша бағалау	Интерактивті тақта Кейс-тапсырмалар

	1. Бұзушылықты және оның құқықтық салдарын анықтау. 2. «Адал азамат» рухында (адал, заңды, жауапты) шешім ұсыну. Топтардың қорғауларынан кейін қорытындылайды. Заңды білмеу жауапкершіліктен босатпайтынын көрсетеді.	кейстерді алады (мысалы, ҰБТ-да көшіру, кибербуллинг, экологиялық тәртіпті бұзу). Өз шешімдерін топ қысқаша таныстырады, оның заңдылығы мен әділдігін негіздейді.		
Сабақтың соңы (3 мин) Рефлексия (2 мин)	Қорытындылайды. Заң мен Тәртіпті жеке өмірмен және қоғамдағы болашақ рөлмен байланыстырады. «Адал азамат»- бұл жауапкершілік алатын адам екенін айтады «Заң және Тәптіп таразысы» әдісі (жеке): педагог білім алушылардан стикердің 2 бағаның толтыра отырып, заңды сақтауға дайындығын бағалауды қарайды: «Бүгін мен заң туралы түсіндім...» және «Ертеңгі тәртіп бойынша менің міндеттемем».	Талқылауға қатысады. Заңды сақтау- бұл жетілу мен жауапкершіліктің ккрсеткіші, сондай-ақ адал өоғамның негізі екенін қорытындылайды. Жеке стикерлерді толтырады, меңгерілген материалға және жеке жауапкершілікті қабылдауға назар аударады. Стикерлерді жапсырады	Өзін-өзі бағалау	Стикерлер

Сыныптан тыс жұмыс	
Тақырыбы/ 9 сынып	Еңбекқорлық- Адал азаматтың басты қасиеті: Кәсіби біліктілікке ұмтылу
Педагогтің аты- жөні	

Мақсаты	Білім алушыларда адал еңбек етуге, өз ісінің маманы болуға деген ұмтылысты қалыптастыру. Кез келген жұмыста сапа мен адалдықтың маңыздылығын түсіндіру.			
Құндылықтар	Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік			
Күтілетін нәтиже	- Еңбекқорлық пен адалдықтың жеке және ұлттық жетістіктердегі рөлін талдай алады;- «Адал еңбек» , «Кәсіби біліктілік» ұғымдарының мағынасын ашады;-өзінің болашақ кәсібіндегі адалдық пен сапа кодексін тұжырымдайды.			
Сабақ барысы барысы				
Уақыты	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау (ФБ)	Ресурстар
Сабақтың басы. (10 мин)	Сабақты «Еңбек-бақыттың кілті» тақырыбындағы мақал-мәтелдерді талқылаумен бастайды. Сұрақ қояды: «Қазіргі заманда тек көп еңбек ету жеткілікті ме, әлде біліктілік те маңызды ма?». Талқылау арқылы еңбекқорлық пен біліктіліктің «Адал азамат» үшін өзара байланысын анықтайды.	Мақал-мәтелдердің мағынасын түсіндіреді. Сұраққа жауап береді, еңбек сапасының маңыздылығын көрсетеді.	«Еңбекқорлық деңгейі» шкаласы бойынша өзін-өзі бағалау.	Интерактивті тақта, мақал-мәтелдер тізімі.
Сабақтың ортасы (30 мин): Талдау жұмысы (10 мин, жұптық жұмыс)	Келесі кейстерді қсынады: 1.Адал емес, бірақ тез табыс тапқан адам туралы (мысалы, оңай жолмен ақша табу). 2.Ұзақ және сапалы еңбек етіп, кәсіби біліктілікке қол жеткізген адам туралы (мысалы, үздік маман).	Кейсті талдай отырып келесі сұрақтарға жауап берелі: 1.Қай кейс «Адал азамат» ұстанымына сәйкес келеді? 2.Біліктіліктің ұзақ мерзімді артықшылығы неде?	Өзара бағалау: жауаптарды «Дәлелдік» критерийі бойынша бағалау.	Кейс-тапсырмалар жазылған жұмыс парақтары.
Топтық				

Жұмыс (20 мин)	Педагог 3 топқа бөліп, келесі тапсырманы береді: Мұғалім, дәрігер, инженер немесе оқушылар таңдаған кәсіптер бойынша 5 қағидасын жасауды ұсынады. Қағидалар міндетті түрде Адалдық, Сапа, Жауапкершілік ұғымдарын қамтуы керек.	Топтардан таңдалған кәсіптің маңыздылығын талқылайды. Кәсіптік біліктілік пен адалдықтың негізгі тараптарын тұжырымдайды. Кодексті флипчартқа немесе плакатқа жазады. Өз жұмыстарымен таныстырады. Басқа кәсіптердің қағидаларымен салыстырып, қорытындылайды.	Критерий бойынша бағалау: Мұғалімнің Кодекстің толықтығын және құндылықтарға сәйкестігін бағалауы.	Флипчарт, маркерлер, А3 қағаздары.
Сабақтың соңы (3 мин) Рефлексия (2 мин)	«Біздің мемлекетіміздің болашағы- сіздердің кәсібіңіздегі адалдық пен біліктілікке деген ұмтылысыңызда» деп қорытындылайды Білім алушыларға келесі сөйлемді аяқтауды ұсынады: «Мен өз оқуымда және болашақ кәсібімде Еңбекқорлық пен Кәсіби біліктілік құндылығын басшылыққа ала отырып, Адал азамат болу үшін ----- істеймін (стикерге жазу).	Стикерлерді толтырады, тақтаға жапсырады.	Өзін-өзі бағалау	Стикерлер тақта

Сыныптан тыс жұмыс				
Тақырыбы/ 9 сынып		Тәуелсіздіктің тұғыры- Адал азамат:Ұлттық мүдде және жеке жауапкершілік.		
Педагогтің аты-жөні				
Мақсаты		Оқушыларда Қазақстанның Тәуелсіздігіне деген құрметті нығайту. Адал отаншылдық- ең алдымен өз міндетіне адал болу екенің түсіндіру, ұлттық мүдделерді қорғауға және адал азаматтық ұстанымға дайындықты қалыптастыру.		
Құндылықтар		Тәуелсіздік және патриотизм		
Күтілетін нәтиже		- «Адал азамат» тұрғысынан отаншылдықтың қазіргі заманғы мағынасын (адал еңбек, заңдылық, жауапкершілік) түсіндіре алады;- ұлттық мүдделерді қорғаудағы жеке тұлғаның рөлін талдайды және аргументтейді;- қоғамдағы адалдық пен жауапкершілікке қатысты жеке міндеттемесін тұжырымдайды.		
Сабақ барысы барысы				
Уақыты	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау (ФБ)	Ресурстар
Сабақтың басы. (10 мин)	Сабақты Мемлекеттік Гимнді тыңдаудан бастайды. Білім алушыларға сұрақ қояды: «Отанға деген сүйіспеншілік тек мерекелерде көрінуі керек пе, әлде күнделікті болу керек пе?», «Адал азамат үшін Отаншылдық деген не?» Сабақтың мақсатын құндылықпен байланыстырады.	Гимнді тыңдайды. Сұрақтарға жауап беруде жеке пікірлерін білдіреді, міндет пен адалдық ұғымдарын байланыстырады.	Идеялардың өзектілігін және тұжырымдылығын ауызша бағалау.	ҚР Мемлекеттік Гимнінің аудиосы, интерактивті тақта.
Сабақтың ортасы (30 мин): Талдау жұмысы (10 мин, жұптық жұмыс)	Педагог адалдық пен патриотизмді 3 шағын жағдаяттық кейсті ұсынады: 1. Адал емес жолмен емтихан тапсыру.	Жағдаяттық кейстерді талдайды. Жеке тұлғаның мінез-құлқы ұлттық мүддеге қалай әсер ететінін талқылайды. Шешімдерін	Өзара бағалау: жұптар бір-бірін бағалайды	Жағдаятты кейстер жазылған жұмыс парақтары

Топтық Жұмыс (20 мин)	2. Қоғамдық мүлікке зиян келтіру. 3. Мемлекеттік қызметкерлердің адал жұмысы. Білім алушыларға әр кейстің «Адал азамат» ұстанымына қаншалықты сәйкес келетінін бағалауды және өз таңдауын негіздеуді ұсынады. Сыныпты 3 топқа бөледі. Әр топқа сұрақ береді: «9-сынып оқушысы ретінде сіз Қазақстанның адал жіне дамыған имиджін қалыптастыру үшін мектепте, қоғамда және әлеуметтік желіде қандай 5 нақты іс-әрекет жасай аласыз?» (Мысалы, кибербулингке қарсы тұру үшін, оқуда адал болу, қазақ тілін насихаттау).	ауызша немесе жазбаша тұжырымдайды. Топтарда ұлттық мүддеге қатысты өз жауапкершілігін талқылайды. 5 нақты іс-әрекетті анықтайды және оларды флипчартқа «Адал азаматтың 5 қадамы» ретінде жазады.	Критерий бойынша бағалау: педагогтың ұсынылған қадамдардың нақтылығын, жүзеге асырылу мүмкіндігін және адалдыққа бағытталуын бағалауы.	Флипчарт Маркерлер Азқағаздары
Сабақтың соңы (3 мин) Рефлексия (2 мин)	Педагог: «Тәуелсіздіктің ең үлкен кепілі-адал, білімді және жауапты азаматтар» екенін атап өтеді. Білім алушыларға 2 сөйлемді аяқтауды ұсынады: « Бүгін мен адал отаншылдық туралы түсіндім...», «Ертеңгі күні мен өз	Стикерлерді толтырады	Өзін-өзі бағалау	Стикерлер тақта

	міндетіме адал болу арқылы Тәуелсіздікті сақтау үшін жасайын жеке міндеттемем ...» (стикерге жазу).			
--	---	--	--	--

Абай облысының Білім басқармасы «Абай атындағы мамандандырылған мектеп-гимназия интернаты» КММ бастауыш сынып мұғалімі, магистр Ахметжанова Лаззат Қазезханқызының іс-тәжірибесінен

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыруға бағытталған (тәуелсіздік және отаншылдық; бірлік пен ынтымақ; әділдік пен жауапкершілік; заң және тәртіп; еңбекқорлық пен кәсіби біліктілік; жасампаздық пен жаңашылдық) құндылықтарын бастауыш сынып білім алушыларына арналған сыныптан тыс жұмыстарының қысқа мерзімді жоспары арқылы Қазақ халқының мәдени мұрасы арқылы білім алушыларға идеологиялық тәрбие беру үлгісі ретінде ұсынылады.

Сыныптан тыс жұмыс					
Тақырыбы		«Менің Туым – Мақтанышым» (Мемлекеттік Рәміздерге құрмет)			
Педагогтің аты-жөні:					
Сыныбы:		2 «__»			
Мақсаты		Шығармашылық және танымдық іс-әрекеттер арқылы Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздеріне құрметпен қарауды, азаматтық пен отансүйгештікті қалыптастыру.			
Құндылықтар		Тәуелсіздік пен отаншылдық			
Күтілетін нәтиже		Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туындағы түстер мен элементтердің мағынасын біледі, түсіндіре алады. Мемлекеттік Әнұранды орындай алады, рәміздерге қатысты қарапайым шығармашылық жұмыстар орындай алады. Рәміздерге құрметпен қарау арқылы өз Отанына деген мақтаныш сезімін көрсетеді.			
Сабақ барысы:					
Уақыты	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушы іс-әрекеті	Әдіс-тәсілдер	ресурстар	Тәрбиелік құндылық/ нәтиже
Кіріспе 5 минут	Эмоциялық көңіл-күй: 1.Амандасу (тыныштықта патриоттық музыка қосу)	Шеңберге тұрып, амандасады.	«Шаттық шеңбері»	ҚР Туы аудиожазба	Назарды белсендіру,

	2.Отан сөзіне қатысты ассоциациялар құрастыру 3.Тақырыпты ашу (ҚР Туын көрсетіп, сабақтың тақырыбын хабарлап, рәміздердің маңызына тоқталады)	Тез-тез сөздер айтады. Сабақтың тақырыбын анықтайды	Шаттық шеңбері  «Микрофон» «Көрнекілік»		Отанға деген құрмет атмосферасын қалыптастыру
Негізгі бөлім 30 мин	1. Әнұранды орындау (10мин). Педагог білім алушыларға орындарынан тұрып, құрметпен салтанатты түрде орындауды ұсынады. Орындап болған соң «Әнұран сенде қандай сезім туғызады?» сұрағы арқылы шағын талқылау өткізеді. 2.Рәміздерді талдау (10 мин) Педагог сыныпты топтарға бөлу арқылы жұмыс ұйымдастырады (мысалы: Қыран, Күн, Өрнек) Деңгейлік тапсырма А-деңгейі (жоғары): элементтің мағынасы туралы 2-3 сөйлем құрастыру В-деңгейі (орташа): Сипаттама мәтіннен тудың элементтері бойынша 3 тірек сөзді табады. С-деңгейі (төмен): элементті салып, оны дұрыс түспен бояйды. 3.Шығармашылық шеберхана (10 мин): «Менің Отаным – Ту түстерінде» жеке тапсырма орындауды ұсынады. Балалар тудың тек 2 түсін – көк және	Білім алушылар орындарынан тұрып, Әнұранды хормен орындайды. Өз сезімдері мен ойларын білдіреді. (мысалы: мақтаныш, күш, жігер т.б.) Топтарда жұмыс істейді. Берілген материалдарды пайдалана отырып, өз деңгейлеріне сәйкес тапсырмаларды орындайды. Рәміздердің мағынасын талқылайды. Жеке жұмыс. Сурет салу үшін қажеттерді құралдарды таңдап алады. Тапсырманы ұқыптылықпен орындайды.	«Топтық жұмыс» «Тапсырмаларды саралау» «Көрнекі ойлау» «Үлгі бойынша орындау» «Жалпы талқылау»	Әнұран жазбасы, Деңгейлік тапсырмалар жазылған карточкалар, түрлі-түсті қағаздар, қарындаштыр, маркерлер	Рәміздер туралы білімді тереңдету, шығармашылық дағдыларды дамыту, мақтаныш сезімдерін қалыптастыру.

	сары (алтын) қолданып, кез-келген затты салады.				
Қорытынды 10 мин	1.Таныстыру және бағалау (5 мин): Білім алушылар суреттерінің экспресс – көрмесін өткізеді. 3-4 білім алушылардан өз суретін және оның түмен байланысын түсіндіруді сұрайды. 2.Рефлексия (5мин): «Бағдаршам» әдісін қолданады (жасыл – бәрі түсіндім, сары – сұрақтар болды, қызыл – қиын болды). Сөйлемді аяқтауды ұсынады: «Мен өз елімді жақсы көремін, себебі...»	Өз жұмыстарын таныстырады, ойларын түсіндіреді. «Бағдаршам» карточкалары арқылы өзін-өзі бағалауды және кері байланысты жүзеге асырады. Өз патриоттық сезімдерін білдіріп, сөйлемді аяқтайды.	«Шағын көрме» «Пікір алмасу» «Бағдаршам» рефлексиясы	«Бағдаршам» карточкалары (жасыл, сары, қызыл). Көрмеге арналған тақта, магниттер 	Тәрбиелік құндылық: Мемлекеттік рәміздерге құрметпен қарауды тәрбиелеу, ұлттық өзіндік сана мен еліне деген мақтанышты дамыту.

Сыныптан тыс жұмыс					
Тақырыбы		«Бірлік – береке бастауы»			
Педагогтің аты-жөні:					
Сыныбы:		4 «__»			
Мақсаты		Қазақстан халқының өркендеуі үшін бірліктің мазмұнын түсіну, командалық жұмыс, өзара құрмет, достық қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру.			
Құндылықтар		Бірлік пен ынтымақ			
Күтілетін нәтиже		Достық пен бірліктің маңызы туралы мақал-мәтелдерді, татулық ережелерін біледі.			
Сабақ барысы:					
Уақыты	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушы іс-әрекеті	Әдіс-тәсілдер	ресурстар	Тәрбиелік құндылық/ нәтиже
Кіріспе 5минут	1. «Достық шеңбері» әдісі: Білім алушыларға қол ұстасып, бастапқы серпінді қол алысып шеңбер бойымен амандасып алады.	Білім алушылар шеңберге тұрып тапсырманы орындайды.	«Достық шеңбері» 	Қазақстандағы әртүрлі ұлттар бейнеленген сурет	Сенім мен ынтымақтас-тық атмосферасын құру, бірлік құндылығын

	2. Сюжеттік сұрақ: педагог Қазақстан халқы Ассамблеясы бейнеленген суретті көрсетеді де, «Неліктен бейбітшілік пен келісімде өмір сүру маңызды?» деген сұрақ қояды. 3. Тақырыпты хабарлау: сабақтың мақсатын – бірге жұмыс істеуді және айырмашылықты құрметтеуді үйренуді тұжырымдайды.	Сұраққа жауап беру арқылы ассоциациялық сөздерді айтып, сабақ тақырыбын анықтайды.	«Көрнекі стимул»		меңгеруге ынталандыру.
Негізгі бөлім 30 мин	1. Топтық жұмыс «Келісім пазлы» (10 мин): педагог сыныпты 4 топқа бөледі. Әр топқа 3 сұрақ береді (мысалы: Нағыз достың 3 қасиетін ата. Нағыз дос қандай болады? Сен қандай доссың? т.с.с. әр дұрыс жауап үшін топ пазлдың бір бөлігін алады. Мақсаты: ортақ бейбітшілік пазлын құру. 2. Деңгейлік тапсырма «Достық көпірі» (10 мин): Педагог деңгейлік тапсырмаларды ұсынады: А – деңгейі (жоғары): Дауды шешу туралы қысқа диалог (2-3 сөйлем) құрастыру. В – деңгейі (орташа): Тату сыныптың 3 ережесін жазу. С – деңгейі (төмен): Достық туралы мақал-мәтелдерді іс-қимылмен көрсету 3. Ұжымдық шығармашылық «Келісім гүлі» (10 мин): Педагог «Бірлік» деп жазылған гүлдің ортасын дайындайды. Әр білім алушыға бір	Топтарда жұмыс істейді, сұрақтарды талқылап, жауап береді. Пазлды құрастырады, тек бірге ғана нәтижеге жетуге болатынын түсінеді. Таңдалған деңгейге сәйкес тапсырмаларды орындайды. Өз ережелерін/ диалогтарын таныстырады. Жапыраққа сөз жазады. Жапырақтарды орталыққа	«Командалық ойын», «Тапсырмаларды саралау», «ТРИЗ элементтері» (жаңа ережелер құру), «Бірлескен коллаж»	Пазл бөліктері, сұрақтар жазылған карточкалар Әр деңгейлі тапсырмалары жазылған карточкалар, гүлге арналған дайындама	Толеранттылықты дамыту, шешімдерді бірлесіп іздеуге үйрету, бірлік пен келісім принциптерінің іс жүзінде қолдану

	жапырақ беріледі, олар оған достық үшін қажетті бір қасиетті (мейірімділік, көмек, адалдық т.с.с.) жазады. Барлық жапырақтар ортақ ортаға ілінеді.	бекітіп, бірліктің орталық символын жасайды.		лар, желім, маркерлер	
Қорытынды 10 мин	1.Таныстырылым және бағалау (5 мин): «Келісім гүлінің» көрсетілімі. Педагог 2-3 білім алушыдан басқалар жазған сөздерді оқуды сұрайды. 2. Рефлексия (5 мин): «Бірлік алақаны» әдісі. Білім алушылар өз алақандарын параққа айналдырады және әр саусаққа жазады: мен бірлік туралы не түсіндім? (бас бармақ). Дос болу үшін не істеймін? (Сұқ саусақ) т.б. Қорытындылау, белсенділерді мақтау.	Өз жұмыстарын таныстырады, ойларын түсіндіреді. «Бағдаршам» карточкалары арқылы өзін-өзі бағалауды және кері байланысты жүзеге асырады. Өз патриоттық сезімдерін білдіріп, сөйлемді аяқтайды.	«Экспресс талдау» «Алақан» рефлексиясы	Қағаз парақтар, қаламсаптар мен түрлі түсті қарындаштар	Тәрбиелік құндылық: Өзара түсіністік, достық пен ынтымақтас-тықты бағалау, көпұлтты елдегі бейбітшілікті сақтауға тәрбиелеу.

Сыныптан тыс жұмыс					
Тақырыбы		«Адалдық – адал азаматтың міндеті»			
Педагогтің аты-жөні:					
Сыныбы:		4 «__»			
Мақсаты		Білім алушылардың әділдік, адалдық және жауапкершілік туралы түсініктерін кеңейту. Қоғамдық тәртіп пен ережелерді сақтаудың маңыздылығын ұғындыру			
Құндылықтар		Заң және тәртіп			
Күтілетін нәтиже		Мектептегі, үйдегі және қоғамдық орындардағы негізгі ережелер мен тыйымдарды біледі. «Адал азамат» ұғымының негізгі қағидаттарын түсінеді. Қарапайым даулы жағдайларда әділ шешім қабылдауға тырысады. Топтық ережелері құрастыруға және орындауға белсенді қатысады. Жеке жауапкершілік пен адалдық сезімін көрсетеді.			
Сабақ барысы:					
Уақыты	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушы іс-әрекеті	Әдіс-тәсілдер	ресурстар	Тәрбиелік құндылық / нәтиже

Кіріспе 5 минут	1.«Миға шабуыл»: «Егер әлемде ешқандай ереже болмаса не болар еді?» сұрақ қояды. 2. Адалдыққа қадам: «Адал азамат» бағдарламасының негізгі қағидатын түсіндіреді (адалдық, тәртіп, жауапкершілік). 3. Тақырыпты хабарлау: Сабақтың мақсаты мен құндылығын нақтылайды.	Білім алушылар өз пікірлерін айтады, тәртіпсіздік, жауапсыздық туралы болжамдар жасайды. Жаңа ұғымдарды тыңдайды. Сабақтың мақсатын түсінеді.	«Миға шабуыл», «пікірталас элементтері», «Кіріспе сөз»	презентация	Тақырыпқа қызығушылық ояту, тәртіптің маңызын бастапқыда түсіну.
Негізгі бөлім 30 мин	1. Топтық жұмыс. «Ережелер кодексі» (10 мин): педагог сыныпты 3 топқа бөліп, әр топқа орындарға қатысты ережелерді құрастыруды ұсыну: 1-топ: Мектеп ережесі (қабырға газеті) 2-топ: Үй ережесі (Отбасы үшін). 3-топ: Қоғамдық орындарды ережелер (мысалы: кітапхана, дүкен, емхана т.с.с) 2. Деңгейлік тапсырма «Шешім қабылдау» (10 мин): ситуациялық тапсырмалар. А-деңгейі (жоғары): «Жоғалған әмиян» - әмиянды тапқандағы екі әрекетті талдап, адал шешімді негіздеу. В-деңгейі (орташа): «Адалдық сөздігі» - Адалдыққа қатысты 3 сөзді жазып, оларға қысқаша түсініктеме беру»	Білім алушылар топтарда жұмыс жасайды. Әр топ өзіне тиесілі ережелерді талқылап плакатқа жазып, постерлерін қорғайды. Өз деңгейіне сәйкес ситуациялық тапсырманы орындайды. Тапсырма нәтижелерін ұсынады. Рөлдерді бөліп алып, көріністі дайындайды. Адал және жауапты әрекеттерді	«Топтық жоба»  «Саралау әдісі» «Тақырыптық талдау» «Рөлдік ойын»	Плакаттар, маркерлер, ережелер жазылған карточкалар , әр деңгейлі тапсырмалар.	Ережелердің қоғамдағы және жеке өмірдегі маңызын түсіну. Адалдық пен жауапкершілік қағидаттарын іс жүзінде қолдануға үйрету.

	«мысалы: шыншылдық, жауапкершілік т.б.» С-деңгейі (төмен): Суреттер бойынша 3 тыйым салу белгісін сәйкестендіру. 3. Рөлдік ойын «Адалдық сағаты» (10 мин): шағын көріністер ұйымдастырылды: «Досыңды алдама» немесе «Үзілістегі тәртіп». Білім алушылар рөлдерді орындайды, кейіпкерлердің тәртіпті бұзу немесе адалдық таныту сәттерін көрсетеді.	көрсетуге тырысады.			
Қорытынды 10 мин	1. Кері байланыс «Тәртіпке уәде» (5 мин): педагог әр білім алушыға ақ бет беріп, оған өздерінің мектепте немесе үйде сақтайтын бір нақты ережесін жазуды ұсынады. Уәделерін «Адалдық» поштасына салады. 2. «Ережелер-біздің қорғанымыз» сөзі (5 мин): сабақты қорытындылап, педагог әр адамның әрекеті жалпы тәртіпке әсер ететінін атап өтеді. Белсенділерді мақтау әдісімен бағалайды.	Ақ бетке өзінің уәдесін жазады. Жауапкершілікпен поштаға салады. Сабақтан алған әсерлерімен бөліседі. Қорытынды сөзді тыңдайды.	«Рефлексиялық жазу» «Пошта» әдісі «Мадақтау» әдісі	Уәделерге арналған шағын ақ беттер, «Адалдық» пошта жәшігі	Тәрбиелік құндылық : Тәртіп деген саналы көзқарас, заңды құрметтеу және оларды орындауға деген жауапкершілік сезімін нығайту.

Сыныптан тыс жұмыс	
Тақырыбы	«Әділдік пен жауапкершілік: Ұлы дала даналығы»
Педагогтің аты-жөні:	
Сыныбы:	4 «__»

Мақсаты	Білім алушылар бойында әділдік, шыншылдық, уәдеге беріктік және жеке жауапкершілік қағидаттарын қалыптастыру. Өз әрекеттерінің салдарын түсінуге және Қазақ халқының даналығынан үлгі алуға үйрету.				
Құндылықтар	Әділдік пен жауапкершілік				
Күтілетін нәтиже	Әділдік пен жауапкершіліктің негізгі ұғымдарын, адал қарым-қатынас ережелерін біледі. Қарапайым жағдайда әділ шешім қабылдауға тырысады, оны халық даналығымен негіздейді. Өз міндеттерін уақытында орындауға жауапкершілікпен қарайды. Өз қателіктері мен іс-әрекеттері үшін жауапкершілік алу сезімін көрсетеді. Басқалардың пікіріне адал қарауға үйренеді.				
Сабақ барысы:					
Уақыты	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушы іс-әрекеті	Әдіс-тәсілдер	ресурстар	Тәрбиелік құндылық / нәтиже
Кіріспе 5минут	1.«Жауапты сөз» әдісі: білім алушылардан бір-бірлеп өздерінің соңғы кезде орындаған маңызды, жауапты ісін атауды сұрайды. 2. «Ассоциациялық сұрақ». Мақал-мәтел: «Атадан мал қалғанша, тал қалсын», «Тура биде туған жоқ» мақалын айтып, оны әділдік / жауапкершілікпен байланысын сұрайды. 3. Тақырыпты анықтау: сабақтың мақсаты мен екі негізгі құндылықты қазақ даналығы арқылы қарастыратынын айтады.	Білім алушылар өз міндеттерін атайды (мысалы: гүлді суару, үй жұмысын орындау, төсек-орнын жинастыру, оқу-құралдарын ұқыпты ұстау т.с.с) Мақалдың мағынасын талқылап, өз ойларын айтады. Сабақтың бағытын түсінеді.	«Сөздік доп» әдісі «Мақал-мәтелді талдау» «Кіріспе талқылау»	Сұрақтар жазылған карточкалар , Мақал-мәтелдер	Назарды белсендіру, өз міндеттері н түсінуге ынталандыру, ұлттық мұраға сілтеме жасау
Негізгі бөлім 30 мин	1.Топтық жұмыс «Әділ билердің ережесі» (10 мин) Сыныпты педагог 4 топқа бөледі. Әр топқа сыныптағы даулы жағдайларды әділ шешуге арналған 3 ережені жазуды ұсынады.	Топтарда жұмыс жасайды. Билердің даналығын ескере отырып,	«Топтық жоба» әдісі 	Плакаттар, маркерлер,	Әділдік принципте рін ұжымдық белгілеу, жауапкерш іліктің әртүрлі аспектілері н түсіну,

	<i>Ескерту: Ережелерді жазу кезінде қазақ билерінің «туралық» қағидасын басшылыққа алып алуды ұсынады.</i> Талқылау соңында ең маңызды 3 ережені таңдап, ортақ «Әділдік кодексін» құрастырады. 2. Деңгейлік тапсырма «Жауапкершілік жолы» (10 мин): Жеке тапсырмалар беріледі: А-деңгейі (жоғары): «Төле бидің үлгісі» - шағын ситуация (мысалы: даулы затты бөлу) беріледі. Оны Төле бидің әділдік қағидаттарына сүйеніп шешіп, шешімді негіздеу. В-деңгейі (орташа): «Менің жауапкершілігім» - Қазақтың «Адалдық – кісілік» ұғымына сүйеніп, үйдегі немесе мектептегі 4 жауапты істі суретпен бейнелеп, астына қысқаша түсініктеме жазу. С- деңгейі (төмен): «Іс-әрекет және салдар. Берілген іс-әрекетті (мысалы, қағазды еденге тастау) оның салдарымен «лас сынып» сәйкестендіру. 3. Рөлдік ойын «Шешім қабылдау» (10мин): 2 шағын көрініс ұйымдастырылады: «Сертіңді бұзба» (уәдеге беріктік туралы) және «Ойын кезіндегі әділ төреші». Білім алушылардың кейіпкердің рөлін	ережелерді жазады. Ортақ кодекс құрастыруға қатысады. Таңдалған деңгейге сәйкес тапсырманы орындайды. Төле бидің үлгісін пайдаланады. Рөлдерді алып, көріністі орындайды. Шешім қабылдау кезінде әділдік қағидасын басшылыққа алады.	«Саралау» әдісі Тарихи деректерді пайдалану «Рөлдік ойын» әдісі	әр деңгейлі тапсырмалар жазылған карточкалар қазақ билерінің суреттері	Ұлттық тұлғалар арқылы үлгі алу
--	--	--	--	--	--

	орындауын сұрайды. Басқа білім алушылар қабылданған шешімнің әділдігін бағалайды.				
Қорытынды 10 мин	1.Рефлексия «Шешім ағашы» (5 мин): Тақтаға «Шешім ағашының» суреті ілінеді. Әр білім алушыға «жапырақ»(стикер) беріп, оған: «Адалдыққа байланысты бүгінгі сабақтан ең маңызды алған уәдем не?» деген сөйлемді аяқтауды сұрайды. 2. Мұғалімнің қорытындылауы (5 мин): сабақты қорытындылап, «Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі білім біл» мақалын еске салып, әділ және жауапты болу – білімді де, мәдениетті де азаматтың ең маңызды міндеті екенін атап өтеді.	Өз уәдесін қағазға жазып, оны ағашқа жапсырады. Бұл істі орындауға жауапкершілік пен қарайды. Қорытынды сөздерді тыңдайды.	«Шешім ағашы» (кері байланыс)	«Шешім ағашы» суреті, жапырақтар -ға арналған стикерлер,  желім	Тәрбиелік құндылық: Өз міндеттері н саналы түрде түсіну, мінез-құлыққа жауапкершілікпен қарау, әділдікке ұмтылу
			«Уәде беру» әдісі		
			«Мадақтау»		

Сыныптан тыс жұмыс	
Тақырыбы	«Еңбек – ырыс қазығы: өнер мен кәсіпке құрмет»
Педагогтің аты-жөні:	
Сыныбы:	4 «__»
Мақсаты	Білім алушылардың еңбекке деген сүйіспеншілігін, ұқыптылық пен шеберлікке ұмтылысын арттыру. Қазақ халқының дәстүрлі кәсіптері арқылы еңбектің қоғамдағы құндылығын ұғындыру.
Құндылықтар	Еңбексүйгіштік және кәсіби құзыреттілік
Күтілетін нәтиже	Еңбектің маңыздылығын және кәсіптің адам өміріндегі рөлін біледі. Шағын қолөнер бұйымдарын жасауға немесе орындалатын жұмыстың сапасын бағалауға тырысады. Топтық жұмыс барысында өз міндетіне жауапкершілікпен қарап, ұқыпты орындауға үйренеді. Жұмысқа деген ықыласты және ұқыптылықты көрсетеді. Басқа адамдардың еңбегін құрметтеу сезімі қалыптастырады.
Сабақ барысы:	

Уақыты	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушы іс-әрекеті	Әдіс-тәсілдер	ресурстар	Тәрбиелік құндылық / нәтиже
Кіріспе 5 минут	1. «Кімнің еңбегі?» әдісі: білім алушылардың үстіндегі киімі, парта, қалам сияқты заттарды көрсетіп, оларды жасау үшін кім еңбек еткенін сұрайды. 2. «Ассоциациялық сұрақ»: Мақал-мәтел: «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» мақалын айтып, оның мағынасын ашуды сұрайды. 3. Тақырыпты ашу: қазақ халқының шеберлікке деген құрметін және еңбектің маңызын қарастыратынын хабарлайды.	Өздерін қоршаған заттарға қатысты еңбек түрлерін атайды. Мақалдың мағынасын талқылап, еңбектің пайдасын айтады. Сабақтың бағытын түсінеді.	«Миға шабуыл» әдісі «Мақалды талдау» «Кіріспе сөз»	Сұрақтар жазылған карточкалар , Мақал-мәтелдер	Назарды белсендіру, еңбектің жалпы құндылығын түсінуге ынталандыру
Негізгі бөлім 30 мин	1. Топтық жұмыс «Қазақ кәсіптері» (10 мин) Педагог сыныпты 4 топқа бөледі. Әр топта қазақтың дәстүрлі кәсіптерінің бірін зерттеп, негізгі еңбек құралдарын атауды ұсынады: 1-топ: Ұсталық (темірден зат жасау) 2-топ: Зергерлік (әшекей бұйымдар) 3-топ: Киіз үй жасау (қолөнер) 4-топ: Мал шаруашылығы (шопандық еңбек) 2. Деңгейлік тапсырма «Шеберлік жолы» (10 мин): А – деңгейі (жоғары): «Менің арманымдағы кәсіп» - Болашақтағы арманындағы мамандықты атап, сол	Топтарда жұмыс жасайды әр кәсіптің маңыздылығын және еңбек құралдарын талқылап, қорғайды. Өз деңгейіне сәйкес тапсырмаларды орындайды. Тәжірибелік тапсырма	«Топтық жоба» әдісі  «Саралау» әдісі Тарихи деректерді пайдалану «Рөлдік ойын» әдісі	Плакаттар, маркерлер, әр деңгейлі тапсырмалар жазылған карточкалар	Еңбексүйгіштік принциптерін ұжымдық белгілеу, кәсіптердің әлеуметтік маңыздылығын түсіну, ұқыптылық пен шеберліктің құндылығын ұғыну.

	кәсіпті игеру үшін бүгін қандай қасиеттерді дамыту керектігін 3 сөйлеммен негіздейді. (мысалы: еңбек, білім т.б.). В – деңгей (орташа): «Өнерлі бала» - Қазақтың бір қолөнер бұйымының (мысалы: текемет, қоржын, торсық) суретін салып, оны жасау үшін қанша еңбек пен шыдамдылық керектігін жазу. С – деңгейі (төмен): «Еңбек құралдарын сәйкестендіру» - қазақтың дәстүрлі кәсіптерінің суреттерін (ұста, зергер) олардың құралдарымен сәйкестендіру. 3. Рөлдік ойын» «Сапаны бағалау» (10 мин): «Жасаған бұйым» шағын көрініс ұйымдастыралады. Бір білім алушы – жұмысты асығыс әрі сапасыз орындайды, екіншісі – ұқыпты әрі сапалы орындайды. Үшінші білім алушы «Төреші» болып, еңбектің нәтижесін әділ бағалайды. Білім алушылар сапалы жұмыстың маңыздылығын талқылайды.	нәтижелерін ұсынады. Рөлдерді бөліп алып, көріністі дайындайды. Еңбектің сапасы мен нәтижесін бағалауға қатысады.	«Практикалық әрекет»	қазақ қолөнері бұйымдарының суреттері	
Қорытынды 10 мин	1. Рефлексия «Еңбек жемісі» (5 мин): әр білім алушыға «жеміс» стикерін беріп, оған: «Бүгінгі сабақтан менің үйренген еңбек туралы маңызды ойым не?» деген сөйлемді аяқтауды	Өз ойын жазып, оны ағашқа жапсырады. Бұл құндылықты өмірде қолдануға	«Даналық ағашы» (кері байланыс), «Уәде беру» әдісі	«Даналық ағашы» суреті,	Тәрбиелік құндылық: Еңбекке деген саналы көзқарас, оқудағы және

	сұрайды. Ойларын тақтадағы «Даналық ағашына» жапсырады. 2.Педагог «Еңбексіз өмір – сөнген көмір» мақалын еске түсіртіп, әрбір табыстың артында үлкен еңбек пен білім тұрғанын атап өтеді.	уәде береді. Қорытынды сөздерін тыңдайды.	«Мадақтау»	стикерлер, желім. 	өмірдегі жұмысқа жауапкершілікпен қарау, кәсіпті құрметтеу.
--	---	---	------------	--	---

Сыныптан тыс жұмыс					
Тақырыбы		«Өнерлі өрге жүзеді»			
Педагогтің аты-жөні:					
Сыныбы:		4 «__»			
Мақсаты		Білім алушылардың шығармашылық ойлау қабілетін, жаңа идеялар ұсынуға деген ынтасын арттыру. Қазақ халқының өнерлік дәстүрін үлгі ете отырып, оларды жасампаздыққа тәрбиелеу.			
Құндылықтар		Жасампаздық пен жаңашылдық			
Күтілетін нәтиже		Жасампаздық пен жаңашылдықтың мағынасын түсінеді. Қазақтың дәстүрлі кәсіптеріндегі (қолөнер мен музыкалық аспаптар жасау) жаңашылдық элементтерін атай алады. Қарапайым заттардан жаңаша бұйымдар құрастыруға ұмтылады. Топтық жұмыста өз идеяларын еркін ұсынып, оларды қорғай алады. Кез келген іске шығармашылықпен қарауға дағдыландырады.			
Сабақ барысы:					
Уақыты	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушы іс-әрекеті	Әдіс-тәсілдер	ресурстар	Тәрбиелік құндылық / нәтиже
Кіріспе 5минут	1. «Не қалай жасалады?» әдісі: Dombuga немесе Kuiz ui (киіз үй) суретін көрсетеді. «Бұл затты ойлап тапқан адам қандай қасиетке ие болады?» деп сұрайды. 2. «Мақал-мәтелді жалғастыр»: «Өнерлі...» мақалын айтып, білім алушылардан жалғасын сұрайды.	Суреттерді талқылап , бұл өнер туындысын жасаған адамның «өнерлі», «шебер» немесе «жаңашыл» екенін айтады. Мақалды жалғастыр:	«Миға шабуыл», «Көрнекілікпен жұмыс»,	Домбыра, киіз үй суреттері немесе макеттері , мақалдар.	Назары белсендіру, ұлттық мұрадағы жасампаздықтың ұғынуы.

	3. Тақырыпты хабарлау: Бүгінгі сабақтың жасампаздық және жаңашылық туралы болатынын айтаып, қазақ халқының өнерлілік дәстүріне тоқталады.	«...өрге жүзеді». Сабақтың бағытын түсінеді.	«Ассоциациялық талдау»		
Негізгі бөлім 30 мин	1.Топтық жұмыс «Ұлы дала Өнер тапқыштары» (10мин): Сыныпты 4 топқа бөледі. Әр топқа қазақтың дәстүрлі өміріндегі жаңашылдық туралы бір элементті (Киіз үйдің құрылысы , Домбыраның үнін күшейту, Қолөнердегі ою-өрнек) таңдап, оның ерекшелігін 3сөйлеммен сипаттауды сұрайды. 2.Деңгейлік тапсырма «Жасампаз Жоба» (10мин): Жеке тапсырмалар берілді: А-деңгей (жоғары): «Болашақ ауыл» -Қазақ ауылындағы бір дәстүрлі затты (мысалы: саба, бесік) заманауи етіп қалай өзгертуге болатынын суретпен немесе қысқаша мәтінмен ұсыну. В-деңгей (орташа): «Түспен жаңашылдық» - Қазақтың дәстүрлі ою-өрнегін (мысалы: қошқар мүйіз) алып, оған мүлдем жаңа, ерекше түстер беру арқылы жаңашылдық еңгізу. С-деңгей (төмен): «Ұқсастықты тап»- Жаңашыл заттардың суретін (мысалы: сыпырғыш) сәйкестендіру.	Топтарда жұмыс істейді. Әрбір өнер табыстың ерекшелігін талқылап, оны қалай жаңашыл деп тануға болатынын қорғайды. Өз деңгейіне сәйкес тапсырманы орындайды. Идеяларын көрнекі түрде ұсынады. Рөлдерді бөліп алып, өз жұмыстарын немесе	«Топтық жоба», «Саралау әдісі», «Көрнекілік», «Рөлдік ойын»,  «Шығармашылық шешім»	Плакаттар, маркерлер, деңгейлік карточкалар , түрлі-түсті қағаздар, желім.	Жасампаздық пен жаңашылдыққа деген ұмтылысты ауыстыру, қазақ мәдениетінің креативті бастауларын түсіну.

	3.Рөлдік ойын «Шеберлер сайысы»(10мин): «Жаңа бұйымды таныстыру» шағын көрініс ұйымдастырылады. Білім алушылар жасаған немесе ойлап тапқан (А-деңгейдегі сияқты) заттарын «шеберлер» ретінде таныстырады. Басқа білім алушылар ең жаңашыл идеяға дауыс береді	идеяларын таныстырады. Ең жаңашыл идеяны таңдауға қатысты.			
Қорытынды 10 мин	1.Рефлексия «Идеялар бұлтты» (5мин): Әр білім алушыға «бұлт» стикерін беріп, оған: «Бүгінгі сабақтан менің ең маңызды жаңашыл идея туралы ойым не?» деген сөйлемді аяқтауды сұрайды. Ойларын тақтадағы «Даналық ағашына» жапсырады. 2. Педагогтің «Өнерлі жігіт – өрге жүзеді» дегендей, өнерлі, жаңашыл болудың маңызын, әрбір білім алушының бойында болашақ өнертапқыштық рухы бар екенін атап өтеді.	Өз идеясын жазып, оны тақтаға жапсырады. Шығармашылықты күнделікті өмірде қолдануға уәде береді.	«Идеялар бұлтты» (кері байланыс) «Мадақтау» әдісі	«Даналық ағашы» суреті, стикерлер,  желім	Тәрбиелік құндылықтар: Шығармашылыққа деген ынталандыру, идеяларды құрметтеу, өз өмірі мен елінің дамуына үлес қосу

Тараз қаласы білім бөлімінің «Б.Момышұлы атындағы №45 қазақ классикалық гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің география пәнінің мұғалімі Дарибева Акмаралдың тәжірибесінен

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыруға бағытталған әділдік және жауапкершілік құндылығын 11-сынып оқушыларына арналған «Қоршаған ортаның сапасы» тақырыбындағы қысқа мерзімді жоспар арқылы

білім алушыларға жұптық жұмыстарда, тапсырмаларды бірлесе орындауда ақпаратты бағалау және талдау негізінде салмақты шешімдер қабылдау үлгісі ретінде ұсынылады.

Пән	География			
Бөлім	3. Табиғатты пайдалану және геоэкология 3.2 Геоэкологиялық зерттеулер негіздері			
Педагогтың аты-жөні	Дарибева Акмарал			
Күні				
Сынып 11	Қатысушылар саны	Қатыспағандар саны		
Сабақтың тақырыбы	Қоршаған ортаның сапасы			
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	11.3.2.4 - дүниежүзі елдерін қоршаған ортаның сапасы бойынша жіктеу;			
Құндылықтар	Әділдік және Жауапкершілік			
Сабақтың кезеңі/ уақыты	Мұғалімнің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Басы	Қызығушылықты ояту үшін миға шабуыл. • Сабақты бастамас бұрын топқа бөліп алу • Сыныптағы бала санына қарай бөлу • Әр оқушы өзіне ұнаған түсті алады (жасыл, қызыл, сары) • Топтасады Алдыңғы оқу тапсырмалары. Экспрес сұрақтар 1. ҚР халқының жекелеген ауруларының даму үдерісі 2. Азот оксидімен ластанған қалалар 3. Теміртау, Шымкент	Оқушы өз жұбын табады Әдіс арқылы қайталау Сұрақ жауап орындайды	Қол шапалақ	Ұялы телефон Және интернет желілері Кітап

	қалаларын басты ластаушылар 4. Қазақстандағы зиянды жұмыста жұмыс жасаушылар саны қанша адам 5. ҚР өнеркәсіп салалары бойынша ең көп кәсіби аурушандықты бөлетін сала 6. Қазақстанда қай облыста зиянды жұмыста істейтіндер саны басы 7. Қатерлі ісік ауруымен ең көп қай өңірдің адамдары ауырады																	
Ортасы	«Аялдама» әдісі ЖЖ «Қоршаған орта» аялдамасы 1. Қоршаған орта сапасының нормативтері бойынша таныстырылым жасаймыз <table><tr><th colspan="4">Қоршаған орта сапасының нормативтері</th></tr><tr><td>норма лар қ гиги еңал ық</td><td>экологи ялы қ</td><td>әдіс тік шар уаш ылы қ</td><td>қыт ша</td></tr><tr><td></td><td></td><td></td><td></td></tr></table> <table><tr><th>Дескриптор</th></tr><tr><td>✓ Таныстырылым барысында қоршаған орта сапасының нормативтеріне сәйкес функциялық</td></tr></table>	Қоршаған орта сапасының нормативтері				норма лар қ гиги еңал ық	экологи ялы қ	әдіс тік шар уаш ылы қ	қыт ша					Дескриптор	✓ Таныстырылым барысында қоршаған орта сапасының нормативтеріне сәйкес функциялық	Оқушылар кестеде көрсеткен мәліметтерді негізге алып, таныстырылым жасайды	Әр таныстыр ылым 4 балл	Слайдар
Қоршаған орта сапасының нормативтері																		
норма лар қ гиги еңал ық	экологи ялы қ	әдіс тік шар уаш ылы қ	қыт ша															
Дескриптор																		
✓ Таныстырылым барысында қоршаған орта сапасының нормативтеріне сәйкес функциялық																		
				Ашық сұрап- жауаптар														

	көрсеткіштерін белгілейді ✓ Таныстырылым барысында қоршаған орта сапасының нормативтеріне сәйкес топтастыра, оның қолайлы жай күйіне заңды критерий бойынша анықтау жұмыстарын жүргізеді (жергілікті команентті қамту негізінде) 2. «Әлем елдер» аялдамасы Топтық жұмыс Постердегі кластер дамушы елдердегі экологиялық парадокс 1- топ Азияның дамушы елдері 2- топ Латын Америкасының дамушы елдері 3- топ Африканың дамушы елдері Дескриптор ✓ Постердегі кластерде дамушы елдердегі экологиялық парадоксты анықтайды ✓ Кластерге олардың шығу, пайда болу әрекеттерін түсіндіреді	Слайдта берілген тапсырманы орындайды, оқулық мәтінін қолданады	Әр топтағы оқушы үшін 2 балл Әр тапсырма үшін 3 балл	
--	---	---	--	--

	3. «Индекстер» аялдамасы ЖЖ Экологиялық тиімділігі жоғары, орташа, төмен елдерді кестеге толтыр <table><tr><td>Экологиялық тиімділік</td><td></td></tr><tr><td>Жоғары</td><td></td></tr><tr><td>Орташа</td><td></td></tr><tr><td>Төмен</td><td></td></tr></table> 3 А) Африка және Азия елдерінің көрсеткішіне баға бер, салыстыр 3 б) Қазақстан экологиялық тиімділіктің қай деңгейіне жатады. <table><tr><td>Дескриптор</td></tr><tr><td> ✓ Эко тиімділік кестесін толтырады ✓ Африка мен Азия елдерінің көрсеткіштеріне баға береді ✓ Қазақстанның эко тиімділіктің деңгейін анықтайды </td></tr></table> Сабақты қорытындылау «Сұрақтар» аялдамасы 1. Ресмиеті қорытынды орта салыстырғыш көрсеткіштің негізгі негізі? 2. Экологиялық деңгейі экологиялық деңгейі орташа деңгейіне айналады? 3. Экологиялық деңгейі азам, қала, өкілісі деп негіз түсініледі? 4. Қазақстандағы экологиялық деңгейінің деңгейі қандай? Экологиялық деңгейінің деңгейіне айналады?	Экологиялық тиімділік		Жоғары		Орташа		Төмен		Дескриптор	✓ Эко тиімділік кестесін толтырады ✓ Африка мен Азия елдерінің көрсеткіштеріне баға береді ✓ Қазақстанның эко тиімділіктің деңгейін анықтайды		Сұрақтар үшін 1балл	
Экологиялық тиімділік														
Жоғары														
Орташа														
Төмен														
Дескриптор														
✓ Эко тиімділік кестесін толтырады ✓ Африка мен Азия елдерінің көрсеткіштеріне баға береді ✓ Қазақстанның эко тиімділіктің деңгейін анықтайды														
Сабақтың соңы	Екі түрлі түсініктеме күнделігі. Оқушылардан дәптердің бетін (не таратылып берген парақты) ортасынан вертикаль сызықпен бөлу сұралады. Мәтінді оқу барысында олар: <table><tr><td>Бөліктің оң жағына</td><td>Сол жағына</td></tr></table>	Бөліктің оң жағына	Сол жағына	Бүгінгі сабақтан түйген ойлары мен тұжырымдарын а байланысты кері байланыс жасайды.	Рефлексия парағы									
Бөліктің оң жағына	Сол жағына													

	Мәтіндегі Сол әсер қатты әсереткен еткен үзінділер тұстарды, жайлы пікір үзінділерді жазады жазады. (нені еске түсіреді, себеп- салдары қандай, қандай сұрақ бар т.б.)			
--	---	--	--	--

«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Сарысу ауданы білім бөлімінің Байқадам Қашқынбаев атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Тарих пәні мұғалімі Сыздықова Гүлзипа Тұрғынбайқызының тәжірибесінен

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыруға бағытталған «Тәуелсіздік және отаншылдық» құндылықтарын 8 сынып оқушыларына арналған «XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының көрнекті өкілдері» тақырыбындағы қысқа мерзімді жоспар арқылы Қазақ зиялыларының ұлттық мүдделері, шығармашылық мұрасы мәдени арқылы білім алушыларға идеологиялық тәрбие беру үлгісі ретінде ұсынылады.

Сабақтың тақырыбы: «XX ғ. басындағы қазақ зиялыларының көрнекті өкілдері»

Бөлім:	8.1А XX ғасырдың басындағы Қазақстан
Педагогтің Т.А.Ә. (болған жағдайда)	Сыздықова Гүлзипа Тұрғынбайқызы
Күні:	15.10.2025 жыл
Сынып: 8	Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	XX ғ. басындағы қазақ зиялыларының көрнекті өкілдері. <u>Зерттеу сұрағы:</u> Қазақ интеллигенция өкілдері ұлттық мүдделерді қалайша қорғады?

Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаттары	8.1.2.1 – қазақ зиялыларының қоғамдағы рөлі мен қызметін зерттеу, талдау; 8.2.2.1 – қазақ зиялыларының шығармашылық мұрасын талдау және қоғамдық санаға тигізген әсеріне баға беру;
Сабақтың мақсаты	қазақ зиялыларының қоғамдағы рөлі мен қызметін талдау; XX ғ. басындағы қазақ интеллигенциясының қазақ қоғамы дамуына қосқан үлесін бағалау; Қазақ зиялы өкілдерінің ұлттық мүддеге көзқарасын бағалау; Құндылықтар: Тәуелсіздік және Отаншылдық. Азаматтық және ұлттық бірегейлікті білу және түсіну, Отанға адалдықтың маңызын бағалау, елінің тарихымен мәдениетін құрметтеу.

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Ұйымдас-тыру (3 мин) Өткен білімді еске түсіру 2 минут 2 минут	Оқушылармен амандасып, сыныпты түгендеу. «Жүрек жылуы» әдісі арқылы психологиялық жағымды ахуал орнату, сурет арқылы топқа бөлу, бағалу парақшаларын тарату. Үй тапсырмасын сұру, пысықтау, «ДОДЕКАЭДР» әдісі 1.«Алаш» партиясы қай жылы құрылды? (1917жылы шілде айында) 2.Партияның баспасөз органы болып қандай газет бекітілді? (Қазақ газеті) 3.»Алаш» партиясының бағдарламасы қанша тараудан тұрды? (он тарау) 4. «Алаш» партиясының негізін қалаған кім? (Ә.Бөкейханов) 5. «Алаш» партиясы қандай мақсатта құрылды? (Ұлттық автономия құру)	Оқушылар амандасып, бір-біріне жағымды психологиялық ахуал туғызады. Сурет арқылы топқа бөлінеді. Үй тапсырмасын қорытындылайды.	ҚБ «Мадақтау марапаттау. Дескрипторы : Алаш партиясының құрылған жылын, партияның бағдарламаларын, қандай мақсатта құрылғанын айтады,	Тақырыптық суреттер

	6. «Автономия дегеніміз не? (Бір мемлекет шеңберінде өзін-өзі басқаруға құқық берілген саяси ұлттық құрылым) 7. Жалпы қазақ съезі қай жылы, қай жерде болды? (1917 жылы Орынборда) 8. Жалпы қазақ съезінде қандай мәселелер қаралды? (жер мәселесі, халық ағарту ісі, сот ісі, дін мәселесі, әйелдер мәселесі Құрылтай жиналысында делегаттар сайлау, қазақ саяси партиясын құру туралы мәселелер) 9. Ұлттық демократиялық қозғалыстар қай жылдан басталды? (1905 жылдан басталды.) 10. Қазақ халқының ұлттық, либералды демократиялық партиясы қалай аталды? (Алаш партиясы) Бағалау критерийі: – қазақ зиялыларының қоғамдағы рөлі мен қызметін зерттейді; – қазақ зиялыларының шығармашылық мұрасын талдау және қоғамдық санаға тигізген әсеріне баға береді; «Тұлғаны таны» әдісі  Оқушылар назарына XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының суреттері ұсынылып келесі сұрақтар қойылады: 1. Бұл суретте қандай зиялылар	Оқушылар өз ойларын ортаға салады. Оқушылар жауаптары арқылы жаңа тақырыпқа көшу Оқушылар өз болжамдарын айтып, талқылау жүргізеді	Дескриптор: тұлғалық қасиетін сипаттайды. ҚБ/ ауызша марапаттау	https://youtu.be/2abDeGVipqg
--	---	---	--	--

	бейнеленген? 2. Бұл адамдарды не біріктіруі мүмкін; 3. Бұл тұлғалардың қазақ халқының тарихында алатын орны қандай деп ойлайсыз? Оқушыларды сабақтың тақырыбы және мақсатымен таныстыру.			
Жаңа білім 4 минут 10 минут	Бейнеролик көрсету «BILIM LEND», «Қазақ зиялыларының көрнекті қайраткерлері» . 1 тапсырма. Топтық жұмыс «ЖИ» әдісі Зерттеу мен талдау. «IDEA» әдісі бойынша Деректерге сүйене отырып қазақ зиялыларының қоғамдағы рөлі мен қызметін талдайды; • XX ғасырдың басында қазақ халқының мүддесін қорғаған тұлғаларды атаңыз; • XX ғасырдың басында қазақ халқы үшін қандай мәселелер өзекті болды? I топ- Ахмет Байтұрсынұлы II топ-Әлихан Бөкейхан III топ-Міржақып Дулатов	Оқушылар бейне ролик көру арқылы ақпараттық мәтінмен жұмыс жасайды «ЖИ» әдісінің берген тапсырмаларын орындайды. Оқушылар өз жұмыстарының қорытындыларын сынып алдында қорғайды.	дескрипторы: Қазақ халқының мүдделерін қорғаған тұлғаларды анықтайды; 2.Дәлелдерді сипаттайды; 3.Атқарған қызметтеріне сипаттама береді; 4.Жазған еңбектерінің маңыздылығын талдайды.	Ақпараттық мәтін Үлестірімелі қағаздар Суреттер Тірек-сызбалар Кесте Карта ҚБ парағы
5 минут	I-Identify) - мәселенің себептерін анықтау D (Describe) - сәйкесінше дәлелдерді сипаттау E (Explain) - осы себептердің мәселеге қалай ықпал еткенін түсіндіру A (Analyze) - осы себептердің маңыздылығына талдау жасау		Дескрипторы : 1.Зиялыларды атайды. 2.Ұлт	Суреттер

5 минут	2-тапсырма. «Ноудбук әдісі» Жұптық жұмыс 1 жұп Зиялылар деп кімдерді атаймыз 2 жұп. Зиялылар ұлттық мүддені қорғау үшін не істей алды? 3 жұп. Қазақ зиялыларының шығармашылық мұралары қоғамдық санаға қалай әсер етті? 4 жұп. XX ғасырдың алғашқы жартысында өмір сүрген ұлт зиялыларының алдына қойған басты мақсаты қандай? 5 жұп. Қазақ зиялы қауымының қалыптасуына Ә. Бөкейханның еңбегі қалай әсер етті? 6 жұп. А.Байтұрсынұлының ұлтымызға ұран болған бір сөзін ата? 7 жұп. Міржақып Дулатовтың «Әйел теңсіздігін қорғаған қандай романын ата? 8 жұп . «Қазақ газетінің шығу мақсаты неде? 3 тапсырма: « Жеке жұмыс» ЕНАРА» стратегиясы (5R) маңыздылық кестесі. «Қазақ интеллигенция өкілдері ұлттық мүдделерді қалайша қорғады?»	Оқушылар «Ноудбук» әдісі арқылы жұптасып, берілген сауалдарға жауап береді.	зиялыларын ың ұлттық мүддені қорғаудағы әрекетін атайды. 3. Қазақ зиялыларын ың шығармашылық мұраларын санаға әсер еткенін атайды. 5.Тұлғаның еңбегін бағалайды. 6. Ә.Бөкейханның еңбектерін анықтайды; 7.Қазақ зиялыларын ың жазған еңбегіне сипаттама береді; 8. Қазақ зиялыларын ың қызметіне сипаттама беред.	Карта ҚБ парағы A4 парағы Қазақстанның географиялық картасы
	Есте қалатын оқиға (кім үшін?)	«LEARNING APSS»	Дескрипторы :	
	Нәтижелі (қандай нәтижелерге әкелді?)	платформасы	Есте қалатын оқиғаны,	
	Айырықша мәнді (Сол тарихи кезеңде ол қандай көрініс тапты?)	арқылы картамен жұмыс жасайды.	нәтижесін, айрықша мәнді оқиғаны,маң	
	Ол маңызды немесе айрықша болып есептелді ме?		ызды	

3 минут	<table><tr><td>Резонансты (Оқиға/құбылыс қазіргі өмірге әсер етті ме? Қазіргі қоғам дамуына әсер етті ме? Адамдар одан сабақ алды ма?)</td></tr></table> II топ. Картамен жұмыс . «LEARNING APSS» Танымал тұлғалардың туған жерлерімен қызмет еткен өлкелерін картадан көрсетіңіз. 1. Ә.Бөкейханов –Семей облысы. 2. А.Байтұрсынұлы –Торғай облысы 3. М.Дулатов-Торғай облысы 4. Ахмет- (Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы уездерінде қызмет етті.) 5.1905 жылы Міржақып, Ахмет Байтұрсынұлымен бірге саяси бұқаралық жұмысты қай жерде атқарды? III топ «Жылдар сөйледі» әдісі«LEARNING APSS» 1. Әлихан Бөкейханның 18 томдық жинағы қай жылы шықты? (1903ж) 2. «Қазақ» газеті қай жылы жарық көрді (1913 жылы) 3. «Оян қазақ» жыр жинағы қай жылы жарыққа шықты? `1909`` 4. «Бақытсыз Жамал» романы қай жылы жарыққа шықты? (1910ж) 5.Ахмет Байтұрсынұлы қай жылы мұғалім мектебін бітірді? `1895 жылы Орынборда)	Резонансты (Оқиға/құбылыс қазіргі өмірге әсер етті ме? Қазіргі қоғам дамуына әсер етті ме? Адамдар одан сабақ алды ма?)	жылдарды оқиғалармен дәлелдеп айтады.	оқиганы, қазіргі өмірге әсерін айтады және бағалайды. ҚБ марапаттау Дескрипторы : Платформа арқылы картамаен жұмыс жайды. ҚБ «марапаттау» Дескриптор: Жылдарды оқиғалармен байланыстырып айтады.	кесте сызбалар			
Резонансты (Оқиға/құбылыс қазіргі өмірге әсер етті ме? Қазіргі қоғам дамуына әсер етті ме? Адамдар одан сабақ алды ма?)								
Сабақты бекіту 5 минут	<table><tr><td>«GREAT» әдісі арқылы сабақты бекіту</td></tr><tr><td>G (Groundbreaking) - елеу бетбұрысты</td></tr><tr><td>R (Remembered) - есте қаларлық</td></tr><tr><td>E (Events) - маңызды оқиға</td></tr></table>	«GREAT» әдісі арқылы сабақты бекіту	G (Groundbreaking) - елеу бетбұрысты	R (Remembered) - есте қаларлық	E (Events) - маңызды оқиға	оқушылар «GREAT» әдісі арқылы бүгінгі сабақты қорытындылайд	Оқушылар бағалау критерийлерім ен өз деңгейлерін бағалайды	А4, конспект
«GREAT» әдісі арқылы сабақты бекіту								
G (Groundbreaking) - елеу бетбұрысты								
R (Remembered) - есте қаларлық								
E (Events) - маңызды оқиға								

1 минут	A (Affected) - болашаққа әсері	Ы		
	T (Terrifying) кездескен қиындықтар			
	Кері байланыс: «ҚҰС» әдісі. Қ-құнды мәлімет Ұ-ұсыныс С-сұраныс Үй тапсырмасы: «Қазақ халқының көшбасшы зиялылары» тақырыбында эссе жазу. 255 сөз.			

Сынып сағаттарының әзірлемесі (Үлгі)

Тақырыбы	«Мәдени мұраны сақтау отбасынан басталады»
Сынып	8 сынып
Мақсаты	Білім алушыларға отбасы ұғымының мәнін, оның тәрбие мен тұлға қалыптастырудағы маңызын терең түсіндіру, отбасында бірлік, өзара сыйластық, ортақ жауапкершілік құндылықтарды бағалауға тәрбиелеу арқылы мәдени мұраны құрметтеуге жетелеу
Көрнекілігі	Жайлы атмосфера, орындықтар, ватман, түрлі-түсті маркерлер, стикерлер, қаламдар, қағаздар, дәптер.
Құндылық	Бірлік және ынтымақ
Апта дәйексөзі	Абай Құнанбайұлы: «Адамның адамшылығы – ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады
	Барысы

Сынып сағатының басы (5 мин)	1. Психологиялық ахуал қалыптастыру «Отбасы жылулығы» жаттығуы «Қазір өз отбасың туралы ойыңды, сезіміңді кішкентай сурет арқылы көрсетесің. Бұл – өнер сабағы емес, сенің ішкі жылулығыңды бейнелеу жұмысы» - деп түсіндіреді. 2-қадам. «Отбасының жылуын бейнеле» тапсырмасы Білім алушылар параққа: өз отбасын, олардың бір-біріне деген мейірімін, жылулыққа толы сәттерін, бірге өткізетін ерекше уақыттарын сурет арқылы бейнелейді. Қалағанша символдар, жүрек, күн, жылу, құшақтасқан адамдар т.б. салуға болады. 3-қадам. «Жылулық шеңбері» бөлісу Әр білім алушы өз суретін көрсетіп (қаласа), келесі 2 сұраққа қысқаша жауап береді: «Суретімдегі отбасы жылулығы неде көрініс тапқан?» «Менің отбасым маған қандай қолдау береді?» жылы лебіздер айтылып, позитивті атмосфераны сақталады. 4-қадам. Қорытынды рефлексия Жаттығуды аяқтау үшін топпен бірге келесі сөйлемді аяқтайды: «Мен бүгін отбасым туралы... сезіндім/ойладым...» «Отбасы –бұл...» Нәтижесінде білім алушылардың отбасына деген сүйіспеншілік, құрмет сезімі артады; Жағымды эмоциялар, бірлік пен жылулық атмосферасы қалыптасады; Өз жақындарына деген жауапкершілік пен алғыс сезімі күшейеді.
Сынып сағатының ортасы	«Екі орындық» Мақсаты: – мәдени мұраға қатысты жеке көзқарас пен қоғам/отбасы көзқарасын салыстыру; – ұлттық мәдениетті сақтау, құрметтеу туралы ойландыру; – жеке мүдде мен ұлттық құндылық арасындағы таңдауды ой елегінен өткізу. Өткізілу барысы: Екі орындық қойылады: 1. Менің көзқарасым 2. Мәдени мұра/Отбасының көзқарасы Мұғалім жағдайларды оқиды. Білім алушы өз таңдауы бойынша

	орындыққа отырады. Жағдаяттар (Мәдени мұра тақырыбына бейімделген): 1. «Достарың жаңа фильмге шақырады. Ал сенің отбасың бүгін ұлттық тағам дайындау дәстүрін бірге үйретпек» 2. – Менің көзқарасым: «Достармен барғым келеді» – Мәдени мұра көзқарасы: «Отбасылық дәстүрді сақтау – бағалы» 3. «Әжең саған домбырада бір күй үйреткісі келеді, ал сен интернетте ойнағың келіп тұр» – Менің көзқарасым: «Қазір уақытым жоқ» – Мәдени мұра көзқарасы: «Өнер – ұрпақтан-ұрпаққа жететін мұра» 4. «Сыныпта ұлттық киім күні өтеді. Сен заманауи стильде киінгің келеді» – Менің көзқарасым: «Ұлттық киім кию ыңғайсыз» – Мәдени мұра көзқарасы: «Ұлттық мұра – өз мәдениетінді таныту» 5. «Әкең сенімен бірге тарихи орынға баруды ұсынады. Бірақ сен үйде қалғың келеді.» – Менің көзқарасым: «Демалғаным жақсы» – Мәдени мұра көзқарасы: «Тарихи орын – өткенді тану жолы» 6. «Отбасында үлкендердің әңгімесін тыңдау дәстүрі бар. Сен телефон қарап отырсың.» – Менің көзқарасым: «Уақытымды телефоннан өткізгім келеді» – Мәдени мұра көзқарасы: «Шежіре мен әңгіме – рухани сабақ» 7. «Ұлттық би үйірмесіне шақырды, бірақ сен спортқа барғың келеді» – Менің көзқарасым: «Өз қызығушылығымды таңдағым келеді.» – Мәдени мұра көзқарасы: «Мәдени өнерді сақтауға үлес қосу» 8. «Туған күніңе бренд сыйлық пен домбыра ұсынылады» – Менің көзқарасым: «Брендті қалаймын» – Мәдени мұра көзқарасы: «Домбыра – рухани құндылық» 9. «Әжең ою-өрнек тігуді үйретіп отыр. Сен оған мән бермей отырсың» – Менің көзқарасым: «Бұл маған қызық емес» – Мәдени мұра көзқарасы: «Қолөнер – ұлттың айнасы» 10. «Туысың қазақ ертегілерін оқуды ұсынады, ал сен шетелдік мультфильм көргің келеді» – Менің көзқарасым: «Мультфильм қызығырақ» – Мәдени мұра көзқарасы: «Ертегі – тәлім-тәрбие көзі» 11. «Мектеп мұражайына экскурсия бар. Сенің барғың келмейді» – Менің көзқарасым: «Қызық емес» – Мәдени мұра көзқарасы: «Мұражай – тарихпен байланыс» Талдау сұрақтары: – Мәдени мұраны неге сақтау маңызды? – Жеке қалауың мәдени мұрамен қай жерде үйлеседі? 2. «Үнсіз сұхбат»
--	---

Мақсаты: мәдени мұраға байланысты эмоцияны сөзсіз жеткізу, ұлттық құндылықтарға ішкі қатынасын түсіну.

Өткізілуі:
Жұптар бір-біріне қарап отырады. Мұғалім жағдаятты оқиды – білім алушылар тек ишарамен, көзқараспен, эмоциямен жауап береді.

Жағдайлар (жұптарға бөлінген):

1-топ:
Өжең сенің шапан киіп тұрғаныңа сүйсінген кездегі сәт.
Домбыра тартуды үйренгенде қиналған сәт.
Ұлттық тағамды алғаш рет өзің жасағандағы қуаныш.

2-топ:
Ұлттық би үйрену барысында ұялған кез.
Мұражайда таңғалған көрініс.
Ұлттық ойын (арқан тартыс, асық) жеңген сәт.

3-топ:
Тарихи фильм көріп толқып кеткен сәт.
Ою-өрнек мәнін түсінбей тұрған көрініс.
Қолөнерші атаның еңбегіне таңдану.

4-топ:
Тіл туралы үлкендердің айтқан ақылын тыңдау кезі.
Туысың қазақша сөйлегенде мақтаныш сезімі.
Қазақ музыкасын тыңдаған кездегі эмоция.

5-топ:
Жеті ата туралы естігендегі таңданыс.
Ұлттық салт (шашу, тұсаукесер) кезіндегі қуаныш.
Дала табиғатын көргендегі әсер.

Талдау:
– Мәдени мұра сезім арқылы беріле ме?
– Қай жағдай ерекше әсер етті?

«Мәдени мұра кодексі» – топтық интеллект-карта

Мақсаты: ұлттық мәдениет пен мұраны сақтайтын ережелерді түсіну, «Менің мәдени мұраға қосқан үлесім» идеясына бағыттау.

Жүру барысы:
Ватман ортасына:
«**МӘДЕНИ МҰРА КОДЕКСІ**» деп жазылады.
Топтар өз кодексін құрастырады.

Ережелерге мысалдар:
– «Ұлттық өнерді құрметтеймін»
– «Ұлттық тағамды әзірлеу дәстүрін үйренемін»
– «Тарихи орындарды зерттеймін»
– «Ұлттық киімді қадірлеймін»
– «Қазақтың салт-дәстүрін білгім келеді»
– «Жеті ата заңын құрметтеймін»
– «Қазақ тілінде сөйлеуге тырысамын»
– «Әжемнің/атамның әңгімесін тыңдаймын»

Креатив шарттары:

	Суреттер, таңбалар, этно-оюлар, символдар қолдануға болады. Таныстыру: – Қай ереже неге маңызды? – Бұл ереже мәдени мұраны сақтауға қалай көмектеседі? Қорытынды идея: «Мәдени мұра – әр адамның қолындағы жауапкершілік. Әр отбасында сақталған құндылық – ұлттың байлығы»
Қауіпсіздік сабағы	Тақырыбы: «Өзіңіз туралы жеке ақпаратты таратудың қауіпі» Мақсаты: Оқушыларға интернеттегі жеке ақпараттың құндылығын түсіндіру. Жеке мәліметті жариялаудың тәуекелдерін білу. Қауіпсіз онлайн мінез-құлық қалыптастыру. 1. Кіріспе Мұғалім сөзі: «Балалар, отбасы — сіздің ең сенімді ортаңыз болса, интернет — ең белгісіз, кейде қауіп төндіретін орта. Мұнда өзіңізді қорғау — тек сіздің міндетіңіз. Бүгін біз жеке ақпаратты дұрыс сақтауды және интернеттегі қауіптерді қалай азайтуға болатынын үйренеміз.» 2. Мини-дәріс Балалар, жеке ақпаратқа не жатады? 1) Толық аты-жөніңіз 2) Мекен-жай 3) Телефон нөмірі 4) Мектеп, сынып 5) Фотосуреттер 6) Құпиясөз 7) Отбасы мүшелері туралы мәлімет Неліктен оны жариялауға болмайды? 1) Бөтен адам сізді бақылауы мүмкін 2) Аккаунт бұзылуы мүмкін 3) Алаяқтық жасалуы мүмкін 4) Буллинг немесе қысымғ ажал ашылады «Кейде достармен бөліскен мәлімет те қауіп төндіруі мүмкін. Сондықтан жеке ақпаратты тек сенетін адамдармен ғана бөлісіңіз.» Топтық тапсырма: «Қауіпсіз немесе қауіпті жол» Мақсаты: Жеке ақпаратты жариялаудың тәуекелдерін нақтылап, интернет қауіпсіздігін түсіндіру. Оқушыларға дұрыс шешім қабылдауды үйрету. Қауіп-қатерлерді анықтау мен алдыналу дағдыларын дамыту. Жүргізу тәртібі: 1. Оқушылар 3–4 адамнан топқа бөлінеді. 2. Мұғалім тақтада немесе қағазда жол сызады, әр тоқтау — бір интернеттік жағдай. 3. Топтар әр тоқтауда қауіпсіз (жасыл жол) немесе қауіпті (қызыл жол) деп белгілейді, қысқаша түсіндіреді.

	Мысал жағдайлар: 1) Сенің мекенжайыңды бөтен адам сұрайды → қызыл (қауіпті) 2) Досың туған күніңді сұрап отыр → жасыл (сенімді) 3) Профилінде барлық фотосурет ашық тұр → қызыл 4) Парольді ересекке ғана көрсету → жасыл Қорытынды тапсырма — «Жеке қауіпсіздік ережем» Өр оқушы қағазға немесе дәптерге бір сөйлеммен жеке интернет қағидасын жазады. Мысалдар: «Мен білмейтін адамға жеке ақпарат бермеймін.» «Әлеуметтік желіде өз мекен жайымды жарияламаймын.» «Парольдерімді ешкіммен бөліспеймін.»
Сынып сағатының соңы	Балалар, бүгінгі сынып сағатында біз үш маңызды дүниені қатар қарастырдық: отбасының жылулығы, интернеттегі қауіпсіздік, және мәдени мұраны сақтау. Отбасы – тәрбиенің алтын бесігі. Осы бесікте бізге бірлік, сыйластық, тіл табысу, жауапкершілік сияқты құндылықтар беріледі. Ал бұл құндылықтар – жай ғана мінез емес, ұлттық мәдени мұраның бір бөлігі. Қазақ халқы ежелден: – үлкенге құрмет – кішіге ізет – сөзге тоқтау – аманатқа адалдық – отбасылық ынтымақ деген құндылықтарды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отырған рухани мұраның жалғасы Интернет кеңістігінде де осы құндылықтарды ұмытпау керек: өзінді қорғау, ақылмен әрекет ету, жалған ақпарат таратпау – бұл да заманауи мәдениеттің жаңа ережелері. Бұлар да жеке мәдени мұраға айналады. Өмірде жылулық, мәдениет және қауіпсіздік қатар жүрсе ғана, сіз кемел тұлға болып өсесіз. Отбасыдағы береке – сіздің ішкі тірегіңіз. Мәдени мұра – рухани бағдаршыңыз. Ал интернеттегі сақтық – сыртқы қорғанысыңыз. Рефлексия сұрақтары: 1. Бүгінгі сабақтан қандай ой алдың? 2. Отбасында қандай ұлттық немесе рухани құндылықты енді ерекше бағалайсың? 3. Өзінді қорғаудың ең маңызды ережесі қандай деп ойлайсың? 4. Бүгін өзіңнің мәдени мұраға қосатын үлесің туралы қандай ой туды? Есінде болсын: Отбасы – мәдениетті үйрететін орта. Мәдени мұра – рухани байытатын қазына. Қай жерде жүрсеңіз де, мәдени мұраны сақтап, өзіңізді

	қорғап, өз құндылығыңызды көтеріп жүріңіз. Бірлік пен ынтымақ – үйде де, мектепте де серігің болсын!
--	---

Тақырыбы	«Мәдени мұра – рухани байлығым»
----------	---------------------------------

Сынып	5 сынып
Форматы	«Балалар кітапханасы» жобасы аясындағы әдеби кеш
Мақсаты	Білім алушылардың ұлттық мәдени мұраға деген қызығушылығын арттыру
Міндеттері	1. Қазақ әдебиетіндегі мәдени мұраға қатысты шығармаларды таныту; 2. Кітап оқу мәдениетін дамыту, кітапханаға тарту; 3. Ұлттық құндылықтар арқылы оқушылардың тұлғалық дамуын қолдау.
Көрнекілігі	«Балалар кітапханасы» бұрышы (кітаптар көрмесі) Домбыра / қазақ музыкасы, ұлттық оюлар, карточкалар, мультимедиа (бейне/слайд)
Құндылық	Тәуелсіздік және Отаншылдық
Апта дәйексөзі	«Мәдени мұраны сақтау – өткенді құрметтеу ғана емес, болашақты қалыптастыру»
Қауіпсіздік сабағы	Қауіпсіздік мәдениеті: өз өміріңді қорғауды үйрену
Мақсаты	Қауіпсіздік мәдениеті туралы түсінік беру. Интернетте, көшеде, мектепте, үйде өз қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолдарын үйрету
Күтілетін нәтиже	– Қазақ әдебиетіндегі мәдени мұра көріністерін таниды; – Ұлттық дәстүр, өнер, тарих туралы түсінігін кеңейтеді; – Кітап оқуға қызығушылығы артады; – Мәдени мұраға құрметпен қарауды үйренеді.
Барысы	
Сынып сағатының басы	Кіріспе. «Балалар кітапханасы» жобасы аясында әдеби кеш өткіземіз. Кештің тынысы – мәдени мұрамыз. Мәдени мұра дегеніміз – ата-бабамыздан қалған сөз өнері, салт-дәстүр, тарих, домбыра, аңыз, ертегі, шежіре. Ал сол мұраны сақтау – әрқайсымыздың міндетіміз.
<i>5 мин</i>	
<i>1 мин</i>	Визуалды мотивация (бейне/слайд): «Қазақ мәдени мұрасы» атты 1 минуттық видеоролик (эмоционалды көңіл-күйге ену үшін)
Сынып сағатының	1. «Мәдени мұра әдебиетте»

ортасы 10 минут	Оқушылар шағын топтарда қазақ әдебиетінен үзінді орындайды: 1-топ – Абай Абайдың қара сөздерінен үзінді «Толық адам» концепциясы 2-топ – Ыбырай Алтынсарин «Бай баласы мен жарлы баласы» (еңбек – мұра) 3-топ – Мағжан Жұмабаев «Мен жастарға сенемін» (ұлттық рух) 4-топ – Мұқағали Мақатаев «Рухани нәр – кітапта» өлеңі
2 минут	Әр топ тақырыпты мәдени мұрамен қалай байланыстыратынын түсіндіреді.
10 минут	2. «Мәдени мұра станциялары» интерактиві Білім алушылар 3 станциядан өтеді. Станция 1 – «Ұлттық мұра» Тапсырма: Білім алушыларға дәстүрлер жазылған карточкалар беріледі. Мысалы: — тұсаукесер — бесікке салу — шашу — бата — құда түсу — жеті қазына
2 минуттан	Әр білім алушы карточкадағы дәстүрді 30 секундта түсіндіреді Станция 2 – «Әдеби мұра» Тапсырма: Автор – шығарма – мазмұн сәйкестендіру ойыны. Мысалы: — Абай – «Жаз» — Мағжан – «Батыр Баян» — Әуезов – «Абай жолы» — Ыбырай – «Қыс» әңгімесі
5 минут	Станция 3 – «Музыкалық мұра» Тапсырма: Күй тыңдау → атауын табу (Адай, Балбырауын, Көңіл ашар).

10 минут	Домбыраны ұстау, фотоға түсу, шағын демо жасауға мүмкіндік. 3. «Балалар кітапханасы – менің рухани ортам» Мұғалім арнайы әзірленген кітап көрмесін таныстырады. Кітап бұрышындағы кітаптар біздің мәдени мұрамыздың тірі куәгерлері. Білім алушыларға осы көрмедегі кітаптардан өзіне жақын бір шығарманы таңдауды ұсынылады Білім алушылар бір-біріне: «Мен мына кітапты неге таңдадым?» деген шағын шағын секундтық пікір айтады. Қорытынды: «Күй күмбірі» білім алушылармен күй орындалады Білім алушылардың өлең оқуы
Қауіпсіздік сабағы 10 минут	Қауіпсіздік дегенді қалай түсінесің? Қандай жағдайда қауіп туады? Интернет қауіпсіздігі Көшедегі қауіпсіздік «Өз қауіпсіздігің – өз қолыңда. Қауіпсіздік – мәдениеттің ең жоғары деңгейі»
Сынып сағатының соңы	Рефлексия: «Мәдени мұра – менің жүрегімде» Білім алушылар келесі сұрақтарға жауап береді: Бүгінгі әдеби кештен қандай әсер алдың? Мәдени мұра туралы қандай жаңа ақпарат білдің? Қандай дәстүр немесе шығарма сені ерекше қызықтырды? Отбасында ата-анаңа қандай мәдени мұра туралы айтқың келеді? Әр оқылған кітап, әр тыңдалған күй, әр білген дәстүр – баланың жүрегіне салынған мәдени қазына.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақстанның қазіргі білім беру жүйесі белсенді жаңару процесінде тұр, бұл оқытуға инновациялық тәсілдерді ғана емес, сонымен қатар тәрбие міндеттерін қайта қарауды талап етеді. Жаһандану, цифрландыру және мәдени ашықтық жағдайында қазақ халқының мәдени мұрасын құрметтеуге негізделген идеологиялық тәрбие ерекше маңызға ие. Бұл өскелең ұрпақтың дүниетанымын, азаматтық ұстанымын және ұлттық сана-сезімін қалыптастыратын рухани іргетас ретінде әрекет ететін мәдениет.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, мәдениет – бұл мерекелер мен дәстүрлердің жиынтығы ғана емес, жаһандық ауқымда ұлттық сананы нығайтатын берік тұғыр. Бұл тұрғыда мәдени мұраға жүгіну өткенге оралу емес, рухани құндылықтар сабақтастығын және қоғамның идеологиялық бірлігін дамытуды қамтамасыз ете отырып, тарих пен қазіргі заманды байланыстыратын мағыналарды іздеу болып табылады.

Зерттеулер мәдени мұраны идеологиялық және азаматтық-патриоттық тәрбие құралы ретінде пайдалану білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысының тиімді бағыты болып табылатынын көрсетті. Ол білім алушылардың бойында тұрақты моральдық бағдарларды қалыптастыруға, халықтың тарихына, дәстүрлері мен жетістіктеріне құрметпен қарауға ықпал етеді, Отан үшін мақтаныш сезімін дамытады, ұлттық бірегейлікті нығайтады және мәдениетаралық қатынастарды үйлестіруге ықпал етеді.

Халықаралық тәжірибеде мәдени мұра отаншылдықты, әлеуметтік жауапкершілікті тәрбиелеу құралы ретінде пайдаланылатын мәдени және азаматтық тәрбиені интеграциялау үрдісі де байқалады. Отандық және шетелдік тәжірибені салыстырмалы талдау білім беру бағдарламаларының сәттілігі көбінесе жүйелілікке, пәнаралық интеграцияға және студенттердің жобалау және зерттеу қызметіне белсенді қатысуына байланысты екенін көрсетті.

Осы ұсынылған әдістемелік ұсынымдама «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының міндеттерін іске асыруға және мәдени мұра арқылы идеологиялық тәрбиені іс жүзінде қамтамасыз етуге бағытталған. Ұсынылған жұмыс нысандары мен әдістері – тақырыптық жобалар, мәдени-білім беру акциялары, этнографиялық зерттеулер, мектеп фестивальдері және отбасылық бастамалар – мұғалімдерге білім алушыларды мәдени құндылықтарды түсіну және сақтау процесіне тиімді тартуға мүмкіндік береді.

Мәдени мұра арқылы идеологиялық тәрбие ұлттық білім беру саясатының маңызды құрамдас бөлігіне айналады. Ол өз халқының дәстүрлерін адамзаттың әмбебап мәдени кодының бөлігі ретінде қабылдауға қабілетті рухани жетілген, адал, жауапты тұлғаның қалыптасуын қамтамасыз етеді.

Алдағы кезеңде білім беру ұйымдарының алдында мәдени мұраға негізделген тәрбие моделін жүйелі түрде іске асыру міндеті тұр. Бұл үшін педагогтерге арналған әдістемелік ұсынымдарды жетілдіру, мектептердің тәрбие кеңістігін мәдени-ағартушылық мазмұнмен байыту, сондай-ақ оқушылардың шығармашылық және зерттеу қызметін дамыту маңызды.

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының табысты іске асуы ең алдымен педагогтердің кәсіби және рухани дайындығына байланысты. Педагог тек білім беруші ғана емес, мәдениет пен руханияттың тасымалдаушысы, ұлттық құндылықтарды білім алушылардың жүрегіне жеткізетін тұлға болуы қажет. Сондықтан педагогтердің идеологиялық және мәдени құзыреттілігін арттыру жүйелі түрде жүзеге асырылуы тиіс.

Мәдени мұра арқылы тәрбиелеу тек мектептің шеңберінде шектелмеуі керек. Бұл – отбасы, қоғам, мәдениет ұйымдары мен бұқаралық ақпарат құралдарының ортақ міндеті. Тәрбиелік ықпалдастық жүйесін дамыту жас ұрпақтың бойында мәдени-рухани иммунитет қалыптастырады және ұлттық бірегейлікті нығайтады.

Қазіргі жас ұрпақ – елдің болашағы мен рухани қауіпсіздігінің кепілі. Сондықтан мәдени мұраға сүйенген идеологиялық тәрбие – Қазақстанның ұзақ мерзімді дамуының стратегиялық бағыты. Ол қоғамның рухани тұтастығын қамтамасыз етіп, мәдениетті, білімді, елжанды азаматты қалыптастыруға бағытталады.

Мәдени мұраға негізделген идеологиялық тәрбие — ұлттық бірегейлікті сақтаудың және рухани қауіпсіздікті қамтамасыз етудің маңызды тетігі. Алдағы кезеңде білім беру ұйымдарының алдында мәдени мұра арқылы тәрбиелеудің мазмұны мен формаларын жүйелеу, педагогтердің рухани-мәдени құзыреттілігін арттыру, мектеп пен қоғамның өзара ықпалдастығын күшейту міндеті тұр.

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру аясында мәдени құндылықтарға негізделген іс-шаралар кешенін жүйелі түрде енгізу, білім алушылардың шығармашылық және зерттеу белсенділігін арттыру қажет.

Мәдени мұра арқылы тәрбиелеу – тек білім беру жүйесінің емес, бүкіл қоғамның ортақ ісі. Бұл бағыттағы табысты жұмыс жас ұрпақтың рухани жетілуіне, ұлттық мақтаныш сезімін қалыптастыруға және мәдени дәстүрлер сабақтастығын сақтауға ықпал етеді.

Болашақтың адал азаматы ол – өз халқының мәдени тамырын терең түсінетін, адамзаттық құндылықтарды құрметтейтін, елінің дамуына үлес қосуға дайын тұлға.

Демек, мектептегі тәрбие процесінде мәдени мұраға жүгіну идеологиялық тәрбиенің стратегиялық бағыты болып табылады. Бұл жеке тұлғаның рухани негіздерін нығайтуға, жастардың ұлттық мақтанышын, адамгершілік жетілуін және жасампаздыққа деген ұмтылысын қалыптастыруға ықпал етеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев -Ұлттық құрылтайдың IV отырысы 2025 жылғы 14 наурыз. <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaev-ulttyk-kuryltaydyn-iv-otyrysy> (Қаралым 10.10.2025)
2. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы.
3. Тәрбие мінез құлық айнасы, монография, 2025
4. Bamkin, S. (2018). Reforms to strengthen Moral Education in Japan: A preliminary analysis of implementation in schools. – Contemporary Japan, Vol. 30, № 1, pp. 78–96.
5. Bamkin, S. (2019). Moral Education in Japan: The Disjoint Between Research on Policy and Research on Practice. – Social Science Japan Journal, Vol. 22, № 2, pp. 247–260.
6. Okamura, K. (2014). Japan: Cultural Heritage Management Education. In: Claire Smith (Ed.), Cultural Resource Management: A Global Perspective. – Springer, pp. 99–110.
7. Okada, M. & Gomes, A. (2022). Conceptualizing Heritage Education from Past to Present in Japan. – Heritage Education Network.
8. Shi, L., Chen, L., & Gong, R. (2023). Civic-Moral Education Research in China (1992–2022): A Scoping Review. Behavioural Sciences, 13(10), Article 819.
9. Tang, H., & Wang, Y. (2021). Moral Education Curriculum Reform for China's Elementary and Middle Schools in the Twenty-First Century: Past Progress and Future Prospects. (Журнал / SAGE) SAGE Journals
10. Anderson, T. & Kohler, H. P.(2013). Education Fever and the East Asian Fertility Puzzle: A Case Study of Low Fertility in South Korea, Asian Popular Study. 9 (2), 196-215.
11. Cawley, K. N.(2023). Christian Pyrexia and Education Fever: Female Empowerment in the Late Choson Dynasty, History of Education, 52 (4), pp. 553-570.
12. Dittrich, K. & Neuhaus, D-A.(2023). Korea's 'Education Fever' from the Late Nineteenth to the Early Twenty-first Century, History of Education, 52 (4), 539-552. <https://www.tandfonline.com/doi/full/10.1080/0046760X.2022.2098391> (Қаралым 10.10.2025)
13. Kim, J. et al.(2005). Understanding of Education Fever in Korea, KEDI Journal of Educational Policy, 2(1), 7-15.
14. Salmenkivi, E., Kasa, T., Putkonen, N., & Kallioniemi, A. (2022).

Human rights and children's rights in worldview education in Finland. Human Rights Education Review, Vol. 5, № 1, pp. 47-69.

15. Aldo Gennai. (2018). Patrimoine littéraire et formation éthique dans les textes officiels pour l'école élémentaire (cycle 3) en France. Repères, № 58, pp. 63-79.

16. Angela Barthes, Serge Da Silva, Pierre Champollion. (2021). Quelle intégration du patrimoine local dans l'éducation en France? Université d'Aix-Marseille / Université Lyon 2. DOI: 10.21494/ISTE.OP.2021.0659.

17. "Finland: A Structure of Trust" — Mäkiharju, Alex & Smeds-Nylund, Ann-Sofie. (2023).

18. World Heritage in Finland. Finnish Heritage Agency, 2016, 149 pp. (National Board of Antiquities Publication). ISBN 978-951-616-273-0.

19. Kulttuuriperintökasvatus (Strategy 2022). The Association of Cultural Heritage Education, Finland. 2022.

20. Angela Barthes & Sylviane Blanc-Maximin (2017). Quelles évolutions de l'école française face à l'éducation au patrimoine? — Revue des sciences de l'éducation, Vol. 43, № 1, pp. 85-102.

21. Blanc-Maximin, S. (2016). L'éducation au patrimoine à l'école primaire: une éducation citoyenne ? — Recherches en éducation, № 25, pp. 45-62.

22. Gérard Pithon (2017). Quelle éducation morale et civique à l'école ? Pourquoi et comment la mettre en œuvre ? — Éducation et socialisation, № 46, mis en ligne décembre 2017.

23. Anne-Claire Husser (2017). L'enseignement moral et civique dans les établissements scolaires français : une transversalité consistante ? — Éthique en éducation et formation. Les Dossiers du GREE, № 4, automne 2017, pp. 115-136.

24. Angela Barthes, Serge Da Silva & Pierre Champollion (2021). Quelle intégration du patrimoine local dans l'éducation en France ? — publié le 10 mai 2021; DOI : 10.21494/ISTE.OP.2021.0659.

25. <https://e-history.kz/kz/history-of-kazakhstan/show>

26. Қазақстан Республикасының Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы 2019 жылғы 26 желтоқсандағы № 288 Заң

27. «Білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 30 шілдедегі № 194 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы жылғы 26 мамырдағы № 123 бұйрығы

28. <https://www.akorda.kz/kz/kazakhstan-respublikasy-ishki-sayasatynyn-negizgi-kagidattaryn-kundylyktary-men-bagyttaryn-bekitu-turaly-5101452>

29. <https://elib.bsu.by/bitstream/123456789/332562/1/439-445.pdf>

30. https://youthworker.by/images/normativnie%20dokumenti/Osobennosti_ideologicheskogo_vospitaniya_uchashchihsya_v_UO.pdf

31. Альжанова Г.Б., Нямцу С.И. Влияние западной культуры на

казахстанское общество. Молодой ученый. – 2016; № 9: 1224 – 1226. Available at: <https://moluch.ru/archive>

32. Алиев, М. Н. Значение физической культуры и спорта в патриотическом воспитании учащейся молодежи / М. Н. Алиев, Д. З. Джандаров // Вестник ЯГУ. – 2009. – Т. 6, № 3. – С. 52–57.

33.https://youthworker.by/images/normativnie%20dokumenti/Osobennosti_ideologicheskogo_vospitaniya_uchashchihsya_v_UO.pdf

34.<https://skkol.by/%D0%B8%D0%B4%D0%B5%D0%BE%D0%BB%D0%BE%D0%B3%D0%B8%D1%8F-%D0%B8>

ҚОСЫМША

«БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ» Халықаралық қоғамдық қоры, тәрбие бөлімінің бас маманы Елубаева Алтынкуль Алтынбаевнаның тәжірибесінен

«Білім-Инновация» мектептерінде Қазақ халқының мәдени мұрасы арқылы білім алушыларға идеологиялық тәрбие беруді қамтамасыз ету

Қазақ халқының мәдени мұрасын негізге ала отырып, білім алушыларға идеологиялық тәрбие беру «Білім-инновация» лицейлерінде жоспарлы және жүйелі түрде іске асырылып келеді. Бұл бағыт тек тәрбие сағаттарымен шектелмей, пәндік сабақтардан бастап мектепішілік жоспар, жобалық жұмыстар және отбасылық тәрбиелік ортаға дейін кешенді түрде қамтылған. Негізгі мақсаты – ұлттық болмысты қадірлейтін, ата-баба мұрасының мәнін түсінетін, азаматтық ұстанымы берік, және ел алдындағы жауапкершілігін сезінетін тұлға тәрбиелеу.

Пән мазмұнындағы тәрбиелік тәжірибелер

Лицейлерде 7–11-сыныптардың оқу бағдарламасында ұлттық құндылықтарға тікелей қатысты тақырыптар қамтылған. Мұғалімдер жаңартылған бағдарламаға сүйене отырып, әр пән арқылы ұлттық сана мен рухани мұраның маңызын түсіндіреді. Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында аңыздар мен ертегілер, көркем шығармалар талданып, олардың тәрбиелік мазмұны ашылады. Оқушылар кейіпкерлердің өмірлік ұстанымдарын талдап, өз ойларын білдіреді. Абайдың өсиеттері, Ыбырайдың өнегесі, алаш қайраткерлерінің еңбегі мен шығармашылығы арқылы ұлттық дүниетаным мен мәдени мұра терең түсіндіріледі.

7–11-сыныптарда ұлттық мәдениетке қатысты тақырыптар арнайы талданып, мәтін мазмұны арқылы патриоттық сезім мен ұлттық сана қалыптастыруға бағытталған жұмыстар жүргізіледі. Мысалы, әдеби шығармаларды, аңыздар мен ертегілерді сахналау, көркем шығармадағы кейіпкерлердің ұстанымдарын талқылау оқушының ойлау қабілетін дамытып қана қоймай, ұлттық мәдениетті терең сезінуге ықпал етеді. Сондай-ақ жыл сайын әр айда бір көркем әдеби шығарманы оқу ұсынылады, ал оқылған кітаптар сынып ішінде және мектепішілік шараларда, сондай-ақ, кітап сөрелерінде насихатталады.

Тарих пәндерінде де 7–11-сыныптардың оқу бағдарламасында ұлттық құндылықтармен байланысты тақырыптар қамтылған. Әр мұғалім жаңартылған оқу бағдарламасына сүйене отырып, өз пәні аясында құндылықтық

бағыттағы білім мен тәрбие беру жұмысын жүргізуде. Тарих пәнінде 7–8-сыныптардан бастап Concept Based Learning және IB бағдарламасы элементтерін қолдану басталды. Бұл тәсіл оқушылардың тарихи оқиғаларды терең түсінуіне, оларды ұлттық мәдениет пен қазіргі заманмен байланыстыра талдауына мүмкіндік береді. Сабақ барысында фольклорлық және тарихи материалдарды талдау, сахналау, драмалық көріністер көрсету, пікірталас ұйымдастыру сияқты әдістер кеңінен қолданылады.

Сонымен қатар, «Мұрагер» бағдарламасы бойынша музыка сабақтарында домбыра үйрету дәстүрі жалғасып келеді. Бұл бағдарлама ұлттық музыкалық мұраны сақтауға және оқушылардың мәдени танымын тереңдетуге ықпал етеді.

Сабақтан тыс іс-шаралар

Сабақтан тыс уақытта ұлттық мәдени мұраға негізделген тәрбие жұмысы ерекше қарқынмен жүргізіледі. Лицейлерде тарихи музей, ұлттық мұражайларға, ескерткіштерге, «Анаға тағзым» орталығы секілді тарихи орындарға саяхаттар тұрақты түрде ұйымдастырылады. Бұл шаралар оқушылардың тарихи жадын жандандырып, ұлт тарихына деген құрметін арттырады.

Оқушылар театр қойылымдары мен кинофильмдерге барып, кейін мазмұнын талқылайды. Сонымен қатар, сынып деңгейлеріне қарай тарихи немесе көркем әдебиет кітаптар таңдалып, мазмұны талданып отырады. Кейбір мектептер әсіресе бастауыш сыныптарында белгіленген кітапты ата-анасымен бірге оқуды ұйымдастырады. Аяқталған мерзімде кітаптан алған білімін талдау, өз ойын жазу, пікір алмасу немесе тест тапсыру секілді шаралар ұйымдастырылып, нәтижесінде марапаттау жұмыстары жүргізіледі. Мұндай ұйымдастырулар «Білім-инновация» лицейлерінде жүйелі тәжірибеге айналған. Мысалы, «Жау жүрек мың бала» фильмін көруден кейін елдік идея мен батырлық ұғымдары бойынша сынып сағаттары өткізілді. Мұндай тәжірибелер оқушы санасында ұлттық құндылықтарды тереңірек ұғынуға ықпал етеді.

Үйірмелер мен жобалық жұмыстар

«Білім-инновация» лицейлеріндегі домбыра, би және сахна өнері, қолөнер секілді үйірмелердің жұмысы мәдени мұраны тірі тәжірибеге айналдыратын маңызды орта. Домбыра тарту, халық биін үйрену, театрландырылған көріністер қою арқылы оқушылар ұлттық өнерді сезініп, мәдени кодты тәжірибе арқылы меңгереді.

Оқушылардың қызығушылығын арттыру мақсатында «Құндылыққа құмарлық» сияқты ойын форматындағы жобалар өткізіліп, мәдени мұра кеңінен насихатталады. Сонымен қатар «Көрісу» (Амал), Наурыз мейрамы сияқты ұлттық мерекелер ерекше ұйымдастырылып, халықтық салт-дәстүр сахнаға шығарылып, мектеп өмірінің ажырамас бөлігіне айналған. Ұлттық киім кию күні мектептерде жыл сайын дәстүрге айналып келеді. Үзілістерде немесе апталықтарда асық ату, бес тас, тоғызқұмалақ, орамал тастау секілді тағы басқа

ұлттық ойындарды ойнату оқушыларға ұлттық мұраны насихаттаудың бір көрінісі болып есептеледі. «Білім-Инновация» лицейлері идеологиялық тәрбиені тек дәстүрлі іс-шаралармен шектемей, заманауи тәсілдермен де дамытып отыр. Мысалы, «Менің өлкем», «Ұлттың ұлы тұлғалары», «Қазақтың киелі жерлері» атты зерттеу жобалары арқылы оқушылар өз аймағындағы тарихи ескерткіштер мен тұлғалар жайлы ізденіс жұмыстарын жүргізеді. Нәтижесінде олар мәдени мұраны тек оқып қана қоймай, оны зерттеп, насихаттаушыға айналады. Кей лицейлерде оқушылардың бастамасымен ұлттық құндылықтарды дәріптейтін подкасттар, бейнероликтер мен әлеуметтік жоба форматтары пайда болды. Бұл – заманауи технология мен дәстүрді үйлестіріп, идеологиялық тәрбиеге жаңа серпін беретін тәсіл.

Кітапхана қызметі арқылы идеологиялық тәрбие

Кітапхана – мектептегі ұлттық мәдениетті насихаттайтын маңызды орталықтың бірі. Кітапханашылардың үйлестіруімен әдеби апталықтар мен айлықтар тұрақты түрде өткізіледі. Жүйелі жоспарға сәйкес оқушылар қазақ әдебиетінің көрнекті туындыларын оқып, талқылау, пікір алмасу, дебат және шығармашылық жұмыстарға қатысады.

Мысалы, Сайын Мұратбектің «Жусан иісі» шығармасын оқыған соң бастауыш сынып оқушылары шығарма мазмұны бойынша тест тапсырса, жоғары сынып оқушылары арасында шығарманың басты кейіпкері мен басынан өткен оқиғалары аясында дебаттық қозғалыстар өткізді. Сондай-ақ, Қалихан Ысқақтың «Қоңыр күз еді» шығармасы талданды. Абайдың «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» өлеңін мектеп ұжымы түгел жаттап, талқылап, челлендж форматында насихаттады. Қадыр Мырза Әли мен Жұбан Молдағалиев шығармашылығы да жүйелі түрде насихатталып келеді.

Осыған ұқсас үрдістер «БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ» қорына қарасты барлық білім беру мекемелерінде жүйелі түрде жүргізіледі.

Пәндік апталықтар және мектепішілік жоспар

Пәндік апталықтар мен мектепішілік жоспарларда тәрбиелік және өнегелік мақсаттар нақты белгіленген. Ұлттық мәдениетке арналған тақырыптар әр апталықтың мазмұнына кіріктіріліп, оқушыға ұлттық болмыс пен құндылықтарды терең түсінуге жол ашады. «Білім-Инновация» лицейлерінде жыл сайын «Ұлттық құндылықтар апталығы», «Ата салтың – асыл қазынаң» фестивалі секілді жобалық апталықтар ұйымдастырылады. Бұл іс-шараларда оқушылар халық әндерін орындайды, салт-дәстүрлерді сахналайды, ұлттық ойындарға қатысады. Мұндай тәжірибе олардың ұлттық болмысқа деген құрметін арттырып, ұлттың рухани бірлігін сезінуге мүмкіндік береді.

5 қыркүйек – Қазақстан халқының тілдері күні мерекесіне орай «Білім-Инновация» лицейлерінде дәстүрлі түрде «Тіл – достықтың алтын көпірі» фестивалі ауқымды түрде өтеді. Фестивальде әр сынып оқушылары ата-

аналарымен бірге Қазақстанда өмір сүретін этностардың мәдениетін таныстырып, ұлттық өнерін көрсетеді. Фестиваль барысында әртүрлі ұлттың ерекшелігін таныстырғанмен, дайындық барысында оқушы мен ата-ана арасында тығыз байланыс орнап, өзара сенім, келісім, сыйластық, жауапкершілік қасиеттері шыңдалады. Бұл қазақ қоғамында ең сыйлы ұғым отбасы құндылығын дәріптейді.

1 қазан – Қарттар күніне орай оқушылар өз ата-әжелерін лицей қабырғасына шақырып, көңілдерін аулап, мерекелік концерт қояды. Өз қолдарымен сыйлық жасап, қарттарға құрмет көрсетеді. Жыл сайын аталып өтетін бұл шара балаларды еңбекке баулып, үлкенге құрмет құндылығын дәріптейді.

22 наурыз – Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесіне орай лицей ауласында ұлан асыр той болады. Оқушылар мен ата-аналар, ұстаздар мен тұлғалар бас қосады. Шаңырақ көтеріп, 10 бірдей қазақтың киіз үйі тігіледі. Әр сынып қазақтың мерейтойы атап өтілетін тұлғаларын таныстырып, ұмыт болып жатқан салт-дәстүрден сыр шертіп, қайта жаңғыртады. Аналар ұршық иіріп, кесте тігіп, құрақ құрайды. Әкелер садақ атып, арқан тартып, қол күрестіріп, гир көтереді. Балалар асық ойнап, ләңгі теуіп, ұлттық ойындарға қатысады. Бұл іс-шаралар отбасылық институтты насихаттап, ұрпақтар сабақтастығын бекітеді.

Отбасы құндылығын дәріптейтін тағы бір дәстүрлі іс-шара «Өнерлі отбасы» сайысы. Сайыста оқушы жанұясымен бірге сахна төріне шығып, өнер көрсетеді. Ән айтып, би билеп, ұлттық аспапта ойнайды. Бұл сайыс оқушының тек өнерін ашып қоймай, отбасы бірлігін, ондағы жылулық пен отбасылық құндылықты шыңдайды.

Табиғат аясында ұстаздар оқушылары және ата-аналарымен бірлесе демалыстар ұйымдастырып тұрады. Береке, бірлік құндылығын дәріптейтін бұл шарада балалар атқа мініп, садақ атады. Табиғатпен байланысқа түседі.

Әке көрген оқ жонар дегендей «Жігіт сұлтаны» сайысында оқушылар жігіттік өнерін ортаға паш етіп, мықтылығын дәлелдейді. Отбасында әкесінен алған тәлім-тәрбие, кең жүрек осы сайыста көрініс табады. Әке мен бала арасындағы махаббат пен байланыстың маңызы беки түседі. Бұл шара ұлттық ер азаматтық қасиеттерді дәріптейтін шаралар қатарына жатады.

Мектептегі ата-аналар қауымдастығының рөлі

Ата-аналар мен отбасының тәрбиелік процеске қатысуы лицей тәжірибесінің маңызды бөлшегі. «Білім-Инновация» лицейлерінде «Аналар академиясы» мен «Әкелер кеңесі» атты ата-аналар қауымдастығы жұмыс істейді. Бұл қауымдастық тәрбиелік жұмысқа белсенді қатысып, оқушылардың ұлттық мұраны қабылдауына ықпал етеді. Түрлі кәсіби салалардағы ата-аналар тәрбиелік сағаттарға шақырылып, өз тәжірибесі мен өмірлік ұстанымдарын

бөліседі. Бұл оқушыларға ұлттық құндылықтардың тек теориялық ұғым емес, өмірлік бағдар екенін сезінуге көмектеседі.

Сонымен қатар, мектеп басшылығымен кеңесе отырып, қыз балалар мен ер балаларға арналған шеберлік сабақтары ұйымдастырылады. Мысалы, кей мектептерде әкелер кеңесі балаларға садақ ату мен ұлттық ойын түрлерін үйретеді. Аналар академиясы ұлттық тағамдардың тарихи мәнін түсіндіре отырып, қамыр илеу, бауырсақ пісіру, құрт пен жент жасау секілді тағамдар әзірлеуді қыз балалармен бірге жүзеге асырады.

Наурыз мерекесі қарсаңында ата-аналар қазан-ошақта ас пісіріп, самаурынға шай қайнатып, киіз үйге дастархан жаяды. Бұл күні мектеп ұжымы, оқушылар мен ата-аналар ұлттық киім киеді. Олар киіз үйге келген қонақтарды қарсы алып, айтыс айтып, күй шертіп, ән шырқайды, үлкендердің батасын алады. Ер азаматтар атқа мініп, күресіп, арқан тартып, асық атып, ұлттық сайыстарға қатысады. Бүркіт пен тазы сияқты ұлттық мұра элементтерін таныстырып, мал шаруашылығының дәстүрлі қырларын көрсетеді. Мұндай көріністерді көзбен көріп өскен оқушылар ұлттық мұраның құндылығын терең түсініп, кең пейілді қазақ халқының бай мәдениетіне құрметпен қарайды.

«Жарқын болашақ» республикалық қазақ тілі олимпиадасы

«БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ» Халықаралық қоғамдық қорының ұйымдастыруымен өтетін «Жарқын болашақ» республикалық қазақ тілі олимпиадасы – ұлттық мәдени мұра мен мемлекеттік тілді дәріптеудің маңызды тетіктерінің бірі. Бұл шығармашылық байқау 11 жылдан бері үздіксіз өткізіліп келеді. «Жарқын болашақ» олимпиадасының негізгі мақсаты – мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту, қазақ халқының мәдени, әдеби және рухани қазыналарын кеңінен насихаттау, оқушылардың шығармашылық, ізденушілік қабілеттерін және мәдени дүниетанымын дамыту. Олимпиаданың негізгі міндеттері оқушылардың қазақ халқының тіліне, әдебиетіне, салт-дәстүрлеріне, мәдениетіне деген қызығушылығын арттыру, қазақ халқының тарихын үйреніп, білуге ынталандыру, тұлғаның өз-өзін дамытуына, өзіндік және шығармашылық қабілеттерін жетілдіруіне жағдай жасау.

«Жарқын болашақ» олимпиадасына қазақ және орыс тілдерінде оқытатын жалпы білім беретін мектептердің 7-11 сынып оқушылары қатысады (13-18 жас аралығы).

«Жарқын болашақ» олимпиадасы 5 бағыт бойынша өткізіледі:

- 1.«Бейнелеушілер» (қазақ әдебиетіндегі шығармаларды комикс жанрында салу);
- 2.«Білгірлер бәйгесі» (мақал-мәтел, жұмбақ, ертегілер бойынша сайыс);
- 3.«Жас қаламгер» (жазбаша шығармашылық жұмыс);
- 4.«Сөз шеберлері» (Көпшілік алдында белгілі бір тақырыпта сөз сөйлеу);
- 5.«Әнші-бүлбүлдар» (ән айту).

Олимпиаданың облыстық кезеңіне қатысып, 1-дәрежелі дипломмен марапатталған оқушылар республикалық кезеңге жолдама алады. Олимпиаданың республикалық кезеңіне жыл сайын шамамен 1 000 мектеп пен 5 000-ға жуық оқушы қатысады. Жеңімпаздарға еліміздің жоғары оқу орындары тарапынан оқу гранттары мен арнайы марапаттар тағайындалады.

Бұл олимпиада оқушылардың мемлекеттік тілге деген құрметін арттырып қана қоймай, олардың ұлттық рухты бойына сіңірген, шығармашыл тұлға болып қалыптасуына ықпал етеді.

Қорыта келе, қазақ халқының мәдени мұрасы арқылы идеологиялық тәрбие беру «Білім-Инновация» лицейлерінде сабақ мазмұны, мәдени іс-шаралар, кітапхана қызметі және ата-аналар қауымдастығының белсенді қатысуы арқылы жүзеге асып отыр. Бұл бағыттағы іс-шаралар оқушылардың ұлттық болмысқа құрметін, елге деген сүйіспеншілігін және азаматтық жауапкершілігін қалыптастыруға нақты әсер етіп отыр. Ұлттық мәдениетті заманауи білім беру жүйесіне тиімді кіріктіру арқылы идеологиялық тәрбие өміршең әрі мағыналы сипатқа ие болып келеді. Ұлттық құндылықтарды отбасымен, мектеппен және қоғаммен байланыстыра отырып жеткізу – жас ұрпақтың рухани тұғырын нығайтудың ең берік жолы.

Мазмұны

	Кіріспе.....	3
1	Мәдени мұра арқылы білім алушылардың идеологиялық тәрбиесін зерттеу бойынша халықаралық және отандық тәжірибе	5
2	Қазақ халқының мәдени мұрасы арқылы идеологиялық тәрбие беру әдістемесі	30
3	«Адал Азамат» бағдарламасы шеңберінде қазақ халқының мәдени мұрасы арқылы білім алушыларға идеологиялық тәрбие беруді қамтамасыз ету бойынша әдістемелік ұсынымдар	59
	Қорытынды.....	193
	Пайдаланған әдебиеттер тізімі.....	195
	Қосымша.....	198

Қазақ халқының мәдени мұрасы арқылы білім алушыларға идеологиялық тәрбие беруді қамтамасыз ету бойынша әдістемелік ұсынымдар

Басуға 06. 11.2025. ж. қол қойылды. Пішімі 60×84 1/16.

Қағазы офсеттік. Офсеттік басылым.

Қаріп түрі «Times New Roman». Шартты баспа табағы 12,5.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі

«БІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы»

010000, Астана қ., Мәңгілік ел даңғылы, 8, «Алтын Орда»

БО, 16-қабат